Профессиональная подготовка учителя музыки сталкивается с рядом субъективных факторов. Наиболее существенным являются: уровень контингента студентов, которые не имеют начального музыкального образования, на мой взгляд, недостаточный срок обучения отведенный в подготовке специалистов широкого музыкального профиля. Не могу не отметить и характер профессии, как одну из причин, обуславливающую индивидуально-личностной методике преподавания.

В условиях современного Казахстана учителей музыки для школ выпускают музыкально-педагогические факультеты педагогических вузов. Практика показывает, что многие студенты музыкальных факультетов испытывают трудности в процессе обучения, и эти трудности отличаются от трудностей, которые испытывают студенты других факультетов. Это, в первую очередь, связано с большой эмоциональной нагрузкой и отдачей.

Структура построения учебного процесса на музыкально-педагогическом факультете сложна еще и тем, что на факультет такого профиля поступают выпускники различных учебно-образовательных, музыкальных школ, колледжей и т. д.

Подобная ситуация определяет не только различный уровень умений, навыков и знаний, но и различную мотивацию к образованию, а так же и профессиональную направленность. Все перечисленное определяет специфику модели музыкально-педагогического факультета, которыми обладает педагог и музыкант.

Творческое моделирование уроков музыки, возможность корректировать содержание учебной программы с учетом особенностей процесса обучения будущих музыкантов — все это является неотъемлемой частью междисциплинарной подготовки будущих учителей музыки. Так же хотелось бы отметить, что информационные средства оптимально используются в педагогической практике. Обмен научно-педагогической информацией и активное внедрение

аудиовизуальной техники и интернета являются неотъемлемыми компонентами современной системы образования.

В заключении хотелось бы отметить педагогические условия, способствующие оптимальной подготовке учителей музыки и музыкальных руководителей к их профессиональной подготовленности в условиях современности:

— модернизация образования с учетом и ориентировкой на широкий спектр деятельности будущих учителей музыки и музыкальных руководителей в системе профессионального образования

— комплексный подход к обучению, базированный на междисциплинном подходе к учебной программе

— тесная связь между учебной и внеучебной деятельностью, как важнейший фактор самореализации как студентов, так и преподавателей

— обмен педагогической практикой

Анализируя специальную научно-методическую литературу, занимаясь каждодневной практикой в подготовке студентов-музыкантов позволяют нам установить, что профессиональная подготовка музыкальных руководителей находится, хоть и на удовлетворительном уровне, но в постоянном поиске оригинальных научно-методических решений, новых эффективных методов, форм и средств. Сегодня, как никогда, проблема совершенствования профессиональной подготовки учителя музыки и музыкальных руководителей является актуальной в процессе преобразования и модернизации казахстанского образования.

#### **Литература:**

1. Государственная программа «Культурное наследие». — Астана, 2006–2011 гг.
2. *Апраксина О. А.* Методика музыкального воспитания в школе. — Москва: Просвещение, 1983.
3. *Бабушкин Г. Д.* Психологические основы формирования профессионального интереса к педагогической деятельности. — Омск, 1991.

## К. КҮМІСБЕКОВТИҢ «БИШІ ҚАЙЫҢ» КҮЙІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ

**Шегебаева Назым Тұрсынбековна**

магистрант

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы қаласы

E-mail: [nazik\\_art@mail.ru](mailto:nazik_art@mail.ru)

**Бердібай Айжан Рахманқұлқызы**

философия докторы (PhD), доцент

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы қаласы

E-mail: [a.berdibay@mail.ru](mailto:a.berdibay@mail.ru)

**Түйіндеме.** Ұсынылып отырған баяндамада белгілі композитор, Қазақстанның халық артисі, мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор К. Күмісбековтің «Биші қайың» күйінің музыкалық-стильдік ерекшеліктері қарастырылған. Талдау барысында халық аспаптар оркестріне арналған күйде еуропалық үшбөлімді форма мен батысқазақстандық төкпе стиліндегі күйлердің буындық құрылымының сабақтастығы орын алғаны анықталды. Еуропалық дәстүрге тән музыкалық материалдың даму принциптері — фактураның өзгеруі, әуенде хроматикалық қадамдардың пайдаланылауы, т. б., әсіресе күйдің екінші бөлімінің соңына таман көрсетілген. Дәстүрлі күйге тән ырғақтық формулалардың біркелкі метрикаға бағындырылуы күйдің би өнеріне ыңғайланып жазылғанын байқатады.

**Тірек сөздер:** халық аспаптар оркестріне арналған күйлер, үшбөлімді құрылым, бас буын, варианттылық, секвенциялар, фактура.

**Аннотация.** В докладе рассматриваются музыкально-стилевые особенности кюя «Биши кайын» («Танцующие березы») видного отечественного композитора, Народного артиста РК, Лауреата государственной премии, профессора К. Кумисбекова. Анализ кюя для оркестра народных инструментов показал, что в композиции произведения взаимодействуют принципы европейской трехчастной структуры и буынной формы западноказахстанских кюев-токпе. Принципы развития музыкального материала европейской формы, проявляющиеся в изменении фактуры, использовании хроматических шагов в мелодии и др., особенно ярко показаны в конце второй части произведения. Ритмические формулы, характерные для традиционного кюя, воплощенные в периодичности метрики придают произведению танцевальный характер.

**Ключевые слова:** кюй для оркестра народных инструментов, трехчастная структура, бас буын, вариантность, секвенции, фактура.

**Abstract.** The report examines the musical and stylistic peculiarities of the kyu “Bishi kayin” (“Dancing birches”), a prominent patriotic composer, People’s Artist of the Republic of Kazakhstan, laureate of the State Prize, Professor K. Kumisbekov. The analysis of the kyu for the orchestra of folk instruments showed that the principles of the European three-part structure and the old form of the West Kazakhstan kyuevtokpe interact in the composition of the piece. The principles of the development of musical material of the European form, manifested in the change of texture, chromatic steps in the melody, are especially clearly manifested at the end of the second part of the work. Rhythmic formulas typical for traditional kyu embodied in the periodicity of metrics, give the piece a danceable character.

**Keywords:** kyu for orchestra of folk instruments, three-part structure, bass buyn, variance, sequences, texture.

Ұсынылып отырған баяндама тақырыбының өзектілігі композитор К.Күмісбековтің бұл шығармасының зерттеушілер тарапынан бұрын арнайы зерттеу пәні ретінде алып қарастырылмағанымен түсіндіріледі. Баяндаманың мақсаты – К.Күмісбековтің халық аспаптар оркестріне арналған «Биші қайың» күйінің музыкалық-стильдік ерекшеліктерін қарастыру барысында ұлттық және еуропалық принциптердің сабақтасуын көрсету болып табылады. Бұл мақсатқа жету жолында:

1. XX ғасырда күйдің ұлттық би өнерінде пайдаланылуы туралы деректерге қысқаша шолу жасау;

2. К. Күмісбековтің «Биші қайың» күйін шығаруының алғышарттары және шығарманың образды мазмұнын көрсету;

3. Халық аспаптар оркестріне арналған күйдің музыкалық ерекшеліктерін талдау болып табылады. Баяндамада отандық күйтануда және теориялық музыкатануда қолданылып келе жатқан талдау әдістері және салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылған.

XX ғасырдағы ұлттық музыка мәдениетінде күй жанрының дамуы әртүрлі бағыттарда жүзеге асқаны белгілі. Би өнеріне байланысты күй, бір жағынан, көптеген сахналық жанрлардың ішіндегі драматургия желісінде түрлі қызмет атқаратын хореографиялық номердің музыкалық бейнесі болып пайдаланылса, шығармалардың екінші тобында «Би» болып белгіленіп, түрлі аспаптарға, оркестрлер мен ансамбльдерге лайықталып өңделді немесе төлтума туынды болып жазылғаны белгілі. Бірінші бағыттағы би өнеріне ыңғайланып, оркестрге өңделген күйлерге музыкатанушы Г. Котлова Е. Брусилковскийдің «Қыз Жібек» операсындағы «Шашу» (М. Бөкейханов жеткізуіндегі) «Кенес күй», «Садақ бии» (халық күйі «Мерген»), сондай-ақ, операның басы мен соңындағы «Былқылдақ», «Айжан қыз» және «Тепеңкөк» пен «Бес төре»; «Жалбыр операсында» — «Шора», «Жошы хан маршы», «Кенжебай», Құрманғазының «Балбырауыны», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Дәулеткерейдің «Қос алқасы» және халық күйі «Мерген», М.Төлебаевтің «Біржан-Сара» операсында Соқыр Есжанның күйі, Ғ. Жұбанованың «Аққанат» балетінде Дина Нұрпейісованың «Әсем қоңыры», т. б. жатқызса, екінші топқа халық аспаптар оркестрі орындайтын композиторлардың өз жанынан шыққан күйлері кіреді (А. Жұбановтың «Би күйі», Х. Тастановтың «Биі» және т. б.) (Котлова, 2004: 77–86 б.).

Композитор К. Күмісбеков «Биші қайың» күйін өзі қатты қадірлеген Ахмет Қуанұлы Жұбановтың бастап көрсетіп кеткен үлгісі бойынша жазылған шығарма деп санауға болады. Академиктің 80 жылдығына арналған мерейтойына байланысты радио-сұқбатында композитор: «Бұл кісі менің бірінші мұғалімім, мені бірінші оқуға түсірген адам, мені қандай музыкалық қабілетке жетсем де, музыкалық шыңына жетіп, жақсы шығармалар жазсам да, осының ең алды дәнекері, үйірімнің бастамасын бастауға көмегін тигізген бірде бір адам осы кісі болатын», — деп айтқан (2). Халық аспаптар оркестріне арналған «Биші қайың» күйінің дүниеге келуіне не себеп болғанын композитор М. Маңғытаев «Күнде естейтін бір есім» мақаласынан білуге болады (Маңғытаев, 2002). Автор К. Күмісбековпен бірге 1970-жылдардың басында Өзбекстан қазақ өнерінің онкүндігіне арнайы делегацияның құрамында болғанын есіне түсіріп, сол кезде гастрольде К. Күмісбеков: «Өзбек билерінің деңгейі қазақ билерінен жоғары тұр. Шіркін-ай, өзіміздің би өнерін көтеруге аз да болса септігін тигізетін би музыкасын жазсам деген ойым бар», — дегенін жазған. Автор әрі қарай: «өмірден алған әсерлерінің жемісі ретінде оның “Биші қайыңының” дүниеге келгені де содан болар деймін», — деп ойын аяқтап, онда «әріптесінің отандық би жанры музыкасы дамуының кенжелеп қалғанына алаңдаушылығын және бұл оқиғаның оның кейін кең тараған шығармасының туылуына әсерін көрсеткен» (Кисярова, 2020: 263 б.).

Күйдің образды мазмұны туралы композитордың артында қалған ізбасар шәкірті, «Биші қайың» күйі және автордың соңғы шығармалары жарияланған «Аманат» жинағын құрастырушы Қ. Төленов: « Бұл шығармада автор адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігі, басқаша айтқанда, адам – табиғат деген музыкалық желі тартылған. Дәл осындай лейтмотив арқылы табиғат пен адамның өзара байланысын драмалық сипатта суреттейді. Табиғат сұлуы — ақ қайыңның ғажайып көрінісі, қаз-қатар тізіле орналасуы, әлбетте, адамның көңіл-күйіне

әсер етсе, композитор осы сәтті халық әндерін пайдалана отырып, нәзік иіріммен суреттеп шыққан. Құлаққа жағымды, жүрекке жылы. Бұл шығарма Н. Тлендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық оркестрдің орындауында берілді», — деп жазған (Күмісбеков, 2006: 4 б.).

Би өнеріне жақындық «Биші қайыңның» метрикалық өлшемінің негізінен 2/4 болып, құрылымындағы тараулар мен тараушалардың көбінесе 4 тактілік (квадратты) болуынан байқалады. Композитордың ойлау жүйесіндегі құрылым анықтығына бейімділігі бұл шығармасында айрықша айшықты болып көрінеді. Күйдің негізінен фригийлік және эолийлік дыбыс қатарларына сүйенуі оны осындай «минорлы бағыттағы» нұсқалары көп Батыс Қазақстан күйлерімен жақындастырады.

«Биші қайың» күйін орындауда ұлт аспаптар оркестрінің құрамындағы үрлемелі (ысқырық, саз сырнай, 1, 2, 3 сырнайлар); шертпелі шекті (прима-секунда, шертер, 1, 2 домбыралар, бас шертер, бас домбыра, контрабас домбыра, жетіген, шаң қобыз); ұрмалы — сілкімелі (дауылпаз, асатаяқ-қобдиша, кіші барабан, үшбұрыш); шекті-ысқышты (1, 2 қобыздар, қыл қобыз, нар қобыз, контрабас қобыз) қолданылған. Домбырашылар тобы оркестрлік күйде жетекші роль атқарады.

Ұлттық және еуропалық дәстүрлердің өзара ықпалдастығы «Биші қайың» күйінің құрылымынан анық байқалады. Мұнда күй, бір жағынан, үш бөлімді репризалы құрылымда жазылғанын көруге болады. Бұл тұста автор шығармашылығын зерттеген маман Н. Кетегенованың: «Композитор шығармаларының бөлімдері көлемі бойынша бір-біріне сәйкес және мақсаты терең ойдан шығады. Көркемдік идеялары көбінесе үшбөлімді құрылымда... жүзеге асады» деген ойын еске алған абзал (Кетегенова, 2005: 37 б.). Зерттеуші бұл тұжырымын «Шалқыма», «Қорқыт туралы аңыз», «Фараби сазы», т. б. шығармаларының негізінде жасаған. Сондай-ақ, үшбөлімділік К.Күмісбековтің қобызға арналған «Көктем лебі» және «Концерттік пьесасында» да пайдаланылған (Шегебаева, 2020). Бұл ретте композицияның үшбөлімділікке жақындаған Қазақстан композиторлары симфониялық поэмаларында 1950-ші жылдардан бері көрсете бастағанын еске айта кеткен жөн.

«Биші қайыңда» еуропалық үшбөлімділік ұлттық төкпе стиліндегі буындық құрылымның негізінде жүзеге асады, алайда регистрлік аймақтар дәстүрлі ладтық тіректерге сүйенгенімен, музыкалық материалда монодиялық жүйе толық көрсетілмей, бір күйдің ішінде автор лириканың әрқырлы бейнелерін бір-бірінен ерекшеленетін музыкалық тақырыптармен (негізгі ырғақтық интонациялық иірімдермен — НЫИК) көрсеткен. «Биші қайың» күйінің құрылымын төмендегідей сызба арқылы көрсетуге болады:

1 бөлім					2 бөлім							3 бөлім (реприза)				
Кіріс пе - Бас буын	<b>1</b> <b>НЫ</b> <b>ИК</b>	Бас буын	<b>2</b> <b>НЫ</b> <b>ИК</b>	Бас буын	Орта буын	Бас буын	1 саға	<b>1НЫ</b> <b>ИК</b>	4 бі	Бас буын	Д а	1 саға	Бас буын	1 Н	2 Н	Қорытынды
Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	Ладтық тірегі $g^1 - d^2$	Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	Ладтық тірегі $a^1 - d^2$	Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	буын	Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	Ладтық тірегі $e^2 - a^2$	Ладтық тірегі $a^1 - d^2$	рдауысты ән	Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	толық ар	Ладтық тірегі $e^2 - a^2$	Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	Ладық	Ладық	
	және оның қайталануы.				3 (НБ) ИК	(және оның дамуы)			кырып	Әуеннің өзгеріп дамуы			Ладтық тірегі $d^1 - a^1$	Ладық тірегі $a^1 - d^2$	Ладық тірегі $a^1 - d^2$	

«Биші қайың»  $d^1 - a^1$  ладтық тірегіндегі бас буынмен (кіріспемен) басталады. Төкпе стилінде күйді бастап, бірнеше рет қайталанып, жетекші қызмет атқаратын «бас буын» терминін ұлттық этномызыкатануға ғалым Б. Аманов енгізгені белгілі (Аманов. 2002). Ал зерттеуші Б. Байқадамова домбыра төкпе стиліндегі күйлердегі тараудың қайталануын «оның жаңа тараудың басы емес, бұрынғы тараудың соңы», — деп анықтаған (Байқадамова, 1984: 66.). Бір ширектік – екі оналтылық — бөлшектеу ырғақтық формуласы келесі тактіде екі ширектік – бір төрттік формуласына өтеді. Бұл формулаларды қайталау арқылы композитор би күйінің екіүлестілікте жүретінін анық білдіреді.

1 сурет  
1–4 т.т.

**Allegro moderato**

Күйдің алғашқы негізгі ырғақтық интонациялық кешені (НЫИК)  $a^1 - d^2$  ладтық тірегіне сүйеніп, әуен төмен қарай құлдилаытын секвенциялық жолмен дамытын әуеннен басталып, бас буыннан кейін өрнектеліп қайталанады.

2 сурет  
5–8 т.т.

Бас буынның төрттактілік қайталауынан кейін көрсетілетін «Биші қайыңның» екінші НЫИК-і (17–25 т.т.) даму бағыты байынша,  $a^1 - d^2$  ладтық тірегін әуендік өрнектеу арқылы орнықтырып, қайталанғанында, алғашқы НЫИК секілді, варианты түрде жүреді. Бұл тарау



орта буынға өтуінің алдында күйдің метрикалық өлшемі аз уақытқа (25т.)  $\frac{3}{4}$  өлшеміне ауысып, одан кейін жалғасқан бас буынды айшықты етіп көрсетеді. Күй дамуының күшейе бастағанын бас буында 1, 2 домбыралар партиясына прима-домбыралардың қосылып, дыбыстың қоюлана түсуі білдіреді.

Күйдің екінші бөлімі бірнеше тараудан құралған. Мұнда күйдің дамуының алғашқы кезеңі орта буыннан басталады. Төкпе стиліндегі күйлерде әуеннің даму кезеңіндегі тараулары (орта буын және саға) көбінесе негізгі ырғақтық-интонациялық кешенінің жаңа биіктікте және кеңістікте өрбуімен көрсетілсе, К.Күмісбековтің аталған күйінде  $b^1-f^2$  ладтық тірегімен белгіленген орта буынында бастапқы негізгі ырғақтық-интонациялық кешендер емес, музыкалық тақырыптың жаңа түрі пайдаланылған (30–39 б.б.):

3 сурет  
30–39 т.т.



Бұл кешеннің жаңа материалға негізделгені әуен желісінің  $\frac{3}{4}$  өлшемінде басталып, кейін  $\frac{2}{4}$ -ке ауысуынан да білінеді. Композитор бұл тарауды дамытуда әуенді унисонды фактурада жүргізіп, әртүрлі иірімдерде секвенциялық әдісті қолданған. Бас буын және өтпелі эпизодтан кейінгі кіші саға бөлімі күйдің бірінші НЫИК-нің дамытылған және бастапқы түріне негізделіп жазылған. Батысқазақстандық күйдің кіші сағасында регистрлік кеңістік ұлғайып, ладтық тірек бір жарым октавалық  $d^1-a^2$  диапазонын қамтып, әуен сол кезде үстіңгі ішекке ауысып көрсетілсе, «Биші қайында» әуен екінші октаваға қарай көтеріліп,  $e^2-a^2$  ладтық тірегін көрсеткенде, бұл үзіндінің сағаға байланысын төменгі ішектегі дыбыс көрсетеді.

4 сурет  
48–55 т.т.



Айта кетерлік нәрсе, кіші саға оркестрлік күйдің реприза бөлімінің алдында тағы да бір мәрте көрсетілгенде, онда  $e^2$ - $a^2$  ладтық тірегінде екінші НЫИК қолданылады. Сағаның екі көрсетілімінде де дыбыс қатары фригийлік ладтан эолийлік ладқа ауысады. Күй дамуының шарықтау шегіне сәйкес келетін бұл тарауларда оркестр топтарының түгелге жуығы қолданылады. Яғни, кульминациялық сәттер күй әуенінің жоғары регистрлік аймаққа көтерілуімен, басындағы метрикалық өлшемнің ауысуымен, оркестрлік топтардың бәрі жұмылып, бар мүмкіншілігін көрсетіп, дыбыстың қатты естілуімен сипатталады.

Күйдің ортаңғы бөлімінің келесі тарауы ән әуеніне негізделген. Алдында ол оркестрлік күйдің шертпелі шекті аспаптар тобының партияларында жүргізілсе, кейін қобыз партияларында қайталады.

5 сурет  
74–85 .т.



Ән иірімдерінде композитордың өзі туылған Арқа дәстүріндегі С. Сейфуллиннің «Тау ішінде», сондай-ақ, автордың өзінің «Қарқаралы» ән интонацияларымен жақындық байқалады.

6 сурет  
К. Күмісбеков «Қарқаралы» (Әбуғазы, 2009: 295 б.)



Күйдің осыдан кейінгі өрбүі еуропалық академиялық дәстүріндегі музыкалық материалды фактуралық, гармониялық, динамикалық дамытудың заңдылықтарына бағындырылады. Композитор бұл тарауда әуенді шекті шертпелі аспаптарының унисонды бір- және екідыбысты үндестіктегі фактурасында онақтылық өлшемдегі дыбыстармен бергенде, әуен қозғалысы жиілеп (94–101 т.т.), қайталанған иірімдердің төмен бағытталған секвенциялар (102–106 т.т.) және регистрлік контраст арқылы бедерленіп, жоғары бағыттағы хроматикалық қадамдарға сүйенген әуендік фразалар пайдаланған (107–111 т.т.). Осылай өрбіген күйдегі әуен қозғалысы саға тарауына әкеледі.

Екінші НЫИК варианты және бастапқы түрде өтетін кіші сағадан әуен желісі бас буынға түскеннен кейін күйдің соңғы бөлімі басталады. Басқа бірқатар аспаптық шығармаларындай, К. Күмісбеков «Биші қайында» реприза бөлімінің қысқартылған түрін көрсеткен. Композитор мұнда күйдің алғашқы бөлімде көрсетілген бас буындарын толық көлемде кіргізбей, екінші НЫИК-нің соңын қорытынды тарауға ұластырып жазған.

Көптеген басқа шығармаларындағыдай, К. Күмісбеков «Биші қайын» күйінде ұлттық және еуропалық ойлау жүйесінің ықпалдастығы көрсетілген. Ұлттық ерекшеліктерге: домбыра тобының оркестрде жетекші роль атқаруы, күй құрылымында батысқазақстандық

төкпе стиліндегі буындық күйлердің ладтық-аймақтық тараулары, фригийлік және ионийлік ладтар, дәстүрлі ырғақтық формулалар, варианттылық, қосдауысты кварта-квинталық фактура жатса, еуропалық музыкалық ойлау жүйесіне жақындық оркестрлік күйдің үшбөлімді құрылымынан, метрикасының бірыңғайланып, биге бейімделуінен, даму бөліміндегі фактураның унисонды болып өзгеруінен, ырғақ формулаларының біртекті өлшемдерге ауысып, әуен қозғалысының жиіленуінен, әуенде хроматикалық қадамдардың айшықты көрсетілуінен, шарықтау шегінде оркестр бояуларының бәрін қолдануынан анық байқалады. «Биші қайың» күйінің отандық оркестрлер репертуарында тұрақты орын алып келуіне композитордың бір-бірінен ерекшеленетін екі музыкалық мәдениет ерекшеліктерін өзара шебер үйлестіріп, шығармада ұлттық стильді айшықты етіп көрсетуі әсер еткен.

### Әдебиет:

1. *Котлова Г.* Кюй в системе жанров композиторского творчества Казахстана. — Алматы: Альянс-2, 2004. — 244 с.
2. Қазақ совет музыка мәдениетінің көрнекті қайраткері, академик Ахмет Қуанұлы Жубановтың 80 жасқа толуына арналған радиохабар. — Алматы, 1986, Мемлекеттік мұрағат қоры.
3. *Маңғытаев М.* Күнде естейтін бір есім // Қазақ әдебиеті №9 (2743) 1 наурыз, жұма, 2002 жыл.
4. *Кисярова А.* Композитор М.Маңғытаевтың публицистикалық және музыкалық сын еңбектеріндегі ұлттық музыкалық мәдениет мәселелері // Кәсіби музыкалық білім: тарихы, теориясы мен практикасы. Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абайдың рухани мұрасы және қазіргі заманғы өнертанудың өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы / Ред. В. Е.Недлина, т.б. — Алматы: Құрманғазы атындағы ҚҰК, 2020. — 260–266 б.
5. *Күмісбеков К.* Аманат. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 190 б.
6. *Кетегенова Н.* По зову таланта (композитор Кенжебек Кумысбеков) // Родному вузу – наш талант (выпускники -композиторы): Сборник статей посвящается 60-летию КНК им. Курмангазы. — Алматы, 2005. — С. 6–41.
7. *Шегебаева Н.* К.Күмісбековтің қобыз прима мен фортепианоға арналған шығармаларының музыкалық-стильдік ерекшеліктері // Жас ғалымдар пікірі: өнертанудың өзекті мәселелері. Республикалық магистрлік оқулар материалдары Ред. Ғ. З. Бегембетова, т. б. — Алматы: Құрманғазы атындағы ҚҰК, 2020. — 45–54 б.
8. *Аманов Б.* О композиционной терминологии домбровых кюев // Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — С. 229–235.
9. *Байкадамова Б.* Функциональные основы темообразования в казахской домбровой музыке. На примере кюев Курмангазы. Автореф.дисс...канд.искусствоведения. — Ташкент, 1984.
10. Сарыарқа әндері антологиясы / Әбуғазы М. — Алматы, 2009. — 332 б.

## КЕҢЕС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Көпбаева Гүлім Көпбайқызы**

өнертану магистрі

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қаласы

E-mail: [guka\\_1712@mail.ru](mailto:guka_1712@mail.ru)

**Түйіндеме.** Кино тарихы — кино өнерінің қалай туып, қалай қалыптасқанын және оның зерттелу жолын көрсетіп, оның даму барысы мен тенденциясын, перспективасын жүйелі түрде жылнамалық-шежірелік уақытына сай тіркеп, оның тарихын қалыптастыратын кинотану ғылымының үлкен бір саласы. Қазақ киносының тарихы небәрі ғасырға жуық тарихы бар сала. Автор зерттеу мақаласында Кеңес кезеңіндегі қазақ кино өнері тарихының зерттелу барысы және қазақ киносы туралы жазылған ғылыми еңбектер туралы кеңінен талдау жасайды.

**Тірек сөздер:** кино, кинотанушы, драматург, рецензия, фильмография.

**Аннотация.** История кино — это большая область киноведческой науки, которая показывает, как зародилось, формировалось киноискусство и как оно изучалось, последовательно фиксируя ход и тенденции его развития, перспективы в соответствии с летописно-генеалогическим временем, формируя его историю. История казахского кино насчитывает почти столетие. В исследовательской статье автор подробно анализирует ход изучения истории казахского киноискусства советского периода и научные труды о казахском кино.

**Ключевые слова:** кино, киновед, драматург, рецензия, фильмография.

**Abstract.** The history of cinema is a large area of film science that shows how cinema was born and formed and how it was studied, consistently recording the course and trends of its development, prospects in accordance with the chronicle and genealogical time, forming its history. The history of Kazakh cinema dates back almost a century. In the research article, the author analyzes in detail the course of studying the history of Kazakh cinema of the Soviet period and scientific works on Kazakh cinema.

**Keywords:** cinema, film critic, playwright, reviewer, filmography.

Қазақ киносының тарихын ғылыми тұрғыдан нақты қашан қалыптасты дейтін болсақ, әрине, кеңестік коммунистік-социалистік үкімет билік еткен дәуірден басталады. Яғни, қазақ киносының тарихы кеңестік билік үстемдік еткен уақытта қалыптасты. Сол кездері бұғанасы бекіп, қанаты қатаймаған кинотану ғылымының тарихын жіті бақылап, басты назарға алып отырған алғашқы кинотарихшылар кәсіби кинотанушы мамандар болмаса да, қазақ кинотану ғылымының тарихы дегенде, алдымен ойымызға Қ. Сиранов пен К. Смайылов оралады. Тарихи деректер тұрғысынан алып қарағанда, қазақ кино тарихының бастауында осы екі адамның тұрғаны ақиқат. Қазақ киносының тарихына қатысты алғашқы ғылыми еңбектер мен монографиялар да осы екі адамның қаламынан туған.

Қазақ киносының тарихшысы, драматург, өнертану ғылымдарының кандидаты Қ. С. Сиранов ғылыми зерттеу еңбектерін жазбастан бұрын, алғаш рет 1958 жылы «Казакское киноискусство» (Сиранов, 1958) деген атаумен қазақ жеріне келген өнердің «жаңа» түрі — кино өнері жайлы кішігірім ақпараттық-анықтамалық брошюра жазғанын тарих беттерінен білеміз. Мұнда қазақ киносына толыққанды ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдаулар жүргізілмесе де, оқырман сол кездері жарық көрген қазақ кино туындылары, авторлары мен шығармашылық құрамы жайлы қысқаша ақпарат алуларына мүмкіндік туындаған.

Ал, алғашқы тырнақалды ғылыми еңбегі 1966 жылы «Киноискусство Советского Казахстана» (Сиранов, 1966) деген атаумен жарық көрді. Аталмыш кітап автордың Кеңес

кезеңіндегі қазақ кино өнерінің қалыптасу тарихы мен ұлттық киноның келелі мәселелерін сөз қылған тұңғыш ғылыми еңбегі. Өнертану ғылымдарының кандидаты Қ. С. Сирановтың бұл жұмысы жас қазақ кино өнерінің қалыптасу барысы мен даму жолдарын, алуан түрлі тақырыбы мен жанларын, сәтті қадамдары, сондай-ақ, қалт кеткен тұстары мен өзекті мәселелерін сөз еткен құнды еңбек. Ғылыми еңбекте Қ. Сиранов «Қазақфильм» студиясы түсірген кино туындылардың ішіндегі тақырыбы мен мақсаты жағынан маңызды, идеясы мен мазмұны жағынан талдауға сұранып тұрған фильмдерге сараптама жасай отырып, маман көзқарасымен қорытынды жасаған. Жалпы, кітап — кино өнеріне деген қызығушылығы бар киносүйер қауым мен киногерлерге арналған. «Кеңес кезеңінде республикалық басылым беттерінде қазақ киносына байланысты кәсіби түрде жазылған сараптамалық мақалалар жарық көріп отырды. Бұл республикалық кинематографистердің жұмыстарының ілгерілеуіне біршама ықпалын бергені анық. Алайда, мұндай мақалалар реті қазақ киносының қалыптасуы мен даму жолдарын толығынан ашып, көрсете алды деп айта алмаймыз» (Сиранов, 1966: 7 б.) дейді бір сөзінде автор. Бұл пікірдің жаны бар екені анық. Себебі, белгілі бір фильмге ғана жасалған сараптамалар арқылы қазақ киносының толықтай даму үрдісін көрсете алмаспыз хақ. Ол кездері газет-журнал беттеріне жарияланған рецензиялардың басым көпшілігі фильмнің мазмұнын айтумен шектеліп, ақпарат берумен тоқталғаны бүгінде көбімізге белгілі. Сол себепті де, қазақ кино өнері кәсіби маманның толыққанды талдауы мен жан-жақты сараптамасын қажетсінді. Бұл тұрғыдан келгенде, Қ. И. Сирановтың жазған талдау жұмыстары өз құндылығын еш жоғалтпады. Автордың тілімен айтсақ: «Ұлттық киноның теориялық және шығармашылыққа байланысты келелі мәселелерін талдау барысында, біз, кино өнерін зерттеумен айналысып жүрген кинотанушылар, ең алдымен тарихтың қайдан, қашан, қалай бастау алғанынан толық хабардар болуымыз шарт. Сонда ғана қазақ киносына байланысты толыққанды теориялық бағыттағы ғылыми зерттеулер дүниеге келеді» (Сиранов, 1955: 14 б.).

Қ. И. Сирановтың аталмыш еңбегі «Истоки», «Рождение и возмужание», «События и фильмы», «В различных жанрах», «Главное направление», «Итоги и надежды» атты алты бөлімнен құралған. Бірінші бөлімінде автор қазақ жеріндегі киноның алғашқы көрсетілімдері, бастапқы қадамдары, Қазақстан тақырыбына байланысты түсірілген фильмдер мен республикалық киногерлердің қазақ киносының туу әрі қалыптасу барысындағы елеулі еңбектері мен атқарған жұмыстары жайында сөз өрбітсе, екінші бөлімінде өзінің даму қарқынын үдейте түскен қазақ кино өнерінің қалыптасу жолдары мен негізі қаланған киностудияның алғашқы жұмыстарына кеңінен тоқталып, талдау жасаған. Бұл бөлімнің маңыздылығы — соғыс кезінде эвакуацияланып қазақ жеріне уақытша жер аударған «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудияларының шығармашылық, техникалық құрамының қазақ кино өнерінің дамуына қосқан орасан пайдасы мен үлесі, таптырмас тәжірибесі, үлкен мектеп болғаны турасында кеңінен зерттеледі. Кинотарихшы Қ. Сирановтың бұл бөлімде тарихи сәттерді нақты дәлел-дәйектермен келтіре отырып, кеңес кезеңіндегі қазақ киносының даму барысына, жаңа есімдердің жарық көруіне ықпал еткен туындыларға жасаған сараптамалық мақалалары — бүгінде қазақ кино тарихының қалыптасуы жолындағы таптырмас мағлұматтар ретін құрайды. Сонымен қатар, автор бұл еңбегінде ұлттық киноның бастау қайнарында тұрған режиссер Ш. Айманов, М. Бегалин, С. Қожықов сынды жандардың еңбектеріне ерекше тоқталып, шығармашылық портреттік зерттеулерін жазған. Ал, үшінші бөлімінде автор қатпарлы тарихи жолдардан өткен ұлттық киноның қалыптасуы жолында, жандануы барысында дүниеге келген, бүгінгі таңда классикалық кино туындыларға айналған біршама фильмдердің түсірілу, жарық көру жолындағы тарихи фактілерін тізе отырып, маман көзқарасымен толыққанды талдаулар жасаған. Сәтті шыққан әр фильмнің қоғамда қаншалықты маңызға ие екенін, көтеріп отырған тақырыбы мен идеясының орынды, техникалық тұстарының даму барысының ілгерілегеніне ерекше қуаныш білдіре отырып, мақтанышпен жазған. Зерттеу жұмысының төртінші бөлімі тікелей қазақ киносындағы биографиялық фильмдерге арналған. Нақтырақ айтсақ, «Жамбыл» (1952, реж. Е. Дзиган), «Абай әндері» (1945, реж. Е. Арон, Г. Рошаль),

«Оның уақыты келеді» (1957, реж. М. Бегалин) кинотуындыларына сараптамалық-сыни көзқарасын білдірген. Автор Қ. Сиранов қазақ экранындағы «комедия» жанрында түсірілген фильмдерді де қаперінен қалт жібермеген. Қаламының ұшынан бұл тақырыпқа да байланысты зерттеу мақалалары туған. Зерттеу еңбегінің бесінші бөлімі ұлттық кино өнерінің дамуы мен қалыптасуы жолындағы дәстүр мен жаңашылдықтың экран төрінде алатын маңыздылығын көрсетуге арналса, соңғы бөлімі сол жылдардағы өзіндік дара жолын, қайталанбас тарихын қалыптастырып үлгерген қазақ кино өнерінің түйінін түйіп, болашақтағы жоспарын, үміті мен арманын анықтайды. Өз тарапынан баға бере отырып, нақты қадамдардың қалтарыстарын айшықтайды. 1928–1965 жылдар аралығындағы қазақ көркемсуретті киносының фильмографиялық көрсеткішін жасап, Қазақстан кинематографиясындағы белді өкілдерінің тізімін жасап шыққан. Қ.Сирановтың ауыз толтырып айтарлық бұл еңбегі — қазақ киносының тарих беттеріндегі өз құндылығын жоғалтпайтын маңызды монографиялық еңбек екені анық. Сонымен, автор еңбегін саралай келе, қазақ кино өнерінің тарихын, даму барысы мен қалыптасу жолдарын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастырады:

I кезең: 1928–1937 жылдар аралығын қамтиды. Бұл жылдары Қазақстан өзінің жеке киноөнімдерін әлі жарыққа шығармаса да, қазақ жері, Қазақстан тақырыбындағы алғашқы көркемсуретті фильмдер («Көтеріліс», «Түрксіб», «Дала әндері», «Жұт», «Қаратау құпиясы», «Жау сүрлеуі») мен хроникалды-деректі очерктер жарық көре бастады. Бұл тың жаңалық республикамызға үлкен серпіліс әкеліп, Қазақстандағы кино өнерінің даму барысына зор ықпалын тигізді. Бұл кезең қазақ киносының іргетасының қалануы деп қабылдауымыз шарт.

II кезең: 1938–1945 жылдар аралығын қамтыған бұл кезеңде Қазақстанда кино өндірісінің техникалық негізі қаланып, жаңадан шығармашылық бірлескен ұжымдар пайда болып, алғашқы кинотуындылар («Амангелді», «Райхан», «Абай әндері») өз жемісін бере бастады. Бұл жылдары қазақ кино өнерінің қарқынды дамуына орыс киногерлерінің шығармашылық, техникалық жағынан қолдау көрсетіп, ықпал жасағандарын атап өткеніміз жөн. Бұл кезеңді қазақ кинематографиясының шығармашылық тұрғыдан ұйымдастырылып, бір демде қалыптасуына бет бұрған шағы деуге болады.

III кезең: 1946–1952 жылдар аралығын қамтиды. Бұл уақытта республиканың кино өнері тоқырау кезеңіне ұшырап, жеті жылдың ішінде тек екі көркемсуретті фильм («Алтын мүйіз», «Жамбыл») ғана жарық көрді. Өкінішке орай, аталмыш туындылар жоғары кезеңде көрсетілген фильмдерден идеясы мен көркемдік шешімі жағынан әлсіздеу болды.

Қазақ кино өнерінің дами бастаған, яғни IV кезеңін құрайтын уақыт 1953 жылдан бастау алды. Бұл жылы «Махаббат туралы аңыз» фильмі жарық көріп, келесі жылында бірден екі туынды («Дала қызы», «Девушка и джигит») экранға жол тартты. Дегенмен, қазақ кино өнері КПСС-нің XX съездінен кейін өзінің қарқынды даму жолына көшті.

Қазақ кино өнерінің тарихын зерттеу жолында, белгілі арнаға түсіру барысында толассыз еңбек еткен Қ.С. Сиранов республикалық басылым беттерінде, отырыс жиындарда үздіксіз қазақ кино өнері турасында сөз қозғап, қалам тартып жүрді. Жоғарыда аталған еңбектен кейін Қ. С. Сиранов өзінің сараптамалық мақалаларының топтасын жинақтаған, келелі ойларын бір арнаға біріктірген «Кино туралы әңгіме» (Сиранов, 1973) монографиясы мен және араға он жыл салып, «Кино. Жылдар. Ойлар» (Сиранов, 1983) атты очеркін жарыққа шығарған.

Кеңес кезеңінде жарық көрген «Кино туралы әңгіме» монографиясына: «Ғажаптың тууы», «Ілгерілеу әрекеті», «Октябрь шапағаты», «Жемісті кезең», «Дыбысты кино», «Игі нәтижелер», «Кино – техника өнеркәсіп», «Құрама түсіріс тетіктері», «Киностудия — фильм түсіру фабрикасы», «Әр салалы, алуан жанрлы», «Қазіргі заман және кино» тақырыбындағы мақалалар реті біріктірілген. Әр түрлі тақырыпта жазылған мақалалар Қ. Сирановтың кино өнеріне деген талғампаздығы мен тамсанысы, қызығушылығы мен қажеттілігінен туындаған салыстырмалы-сараптамалық жазбалар деп түсінгеніміз абзал. Оқырманға кино өнерінің қатпарлары мен қалтарыстарын түсінікті әрі қарабайыр тілмен жеткізген автордың бұл

монографиясы бүгінде қазақ киносының тарихына байланысты жазылған бағалы еңбектердің қатарына жататыны сөзсіз.

1983 жылы жарық көрген кезекті «Кино. Жылдар. Ойлар» атты мақалалар жинағы үш бөлімнен құралған. «Проблемалар, ойлар, ұсыныстар» атауымен берілген бірінші бөлімінде: «Өркендеу жолында», «Ұлттық кино өнерінің тууы», «Жазушы және кино», «Әлі де шешімін таппаған тақырып», «Өмір және кино», «Көрермен талғамын сөз етсек», «Документті фильмдер жайында», «Өмір және экран», «Қазақ киносының интернационалдық сипаты», «Бәрі де сценарийден басталады», «Жауапкершілік жүктеп, жанашыр болайық», «Қазақ телефильмдері жөнінде бірер сөз», «Сценарий – фильм негізі», «Жол басында» атты зерттеу мақалалары топтастырылып, кино өнерінің дамуы жолында әдебиеттің алар орнына баса назар аударып, киноның негізі — драматургияда екенін және оған ұлттық жазушылардың үздіксіз ат салысқанында ғана ұлттық киноның қарыштап дамитынын айтады.

Екінші бөлім «Қазақ киносының тарихы» атаумен жарияланған. Мұнда: «Астаналықтар таразысы алдында», «Қазақ киносының қамқорлары», «Октябрь және кино», «Көсем нұсқауы бойынша», «Революция перзенті», «Қиындықта қанаты қатайғандар», «Жанрдың қалыптасуы», «Кітаптан фильмге», «Комедия жанрын өгейсітпейік», «Өмір шежіресі», «Экранда – “Қыз Жібек”», «Өз көзімен өмірдің», «Қаһарлы күндер бейнесі», «Тағы бір сәтті туынды», «Жұлдызынды сақтай біл», «Үнемі ізденіс үстінде», «Мол мұра, асыл қазына», «Қазақ киносының ардагері», «Сан қырлы дарын» сынды мақалаларды топтастырып, қазақ киносының тарихын жазудағы еңбегін тоқтатпай, әр түрлі тақырыпқа кеңінен бара отырып, қазақ кино өнерінің дамуы жолында қызмет жасап жүрген арда азаматтардың қажырлы еңбектерін елеп, артына мол мұра, асыл қазына қалдыра білген шығармашылық иелерінің күш-қайратын, жігер-мұратын еселеуден әсте кем қалған еместігін тағы бір мәрте оқырман қауымға аңғартады.

«Гуманизм мен достық лебі» атты еңбектің үшінші тарауы: «Игі мұраттар жолында», «Буржуазиялық дүние және кино», «Экран және идеологиялық күрес», «Азғын өмір, арзан өнер», «Біздің ауыл адамдары» атты мақалаларын жинастырып, арнайы бағытқа түсірген. Яғни, көтеріп отырған өзекті мәселесі — өнердің құнын түсірмей, өз деңгейінде сақтап қалуға тырысып бағу. Тырысып қана қоймай, толассыз еңбекті қажетсінетінін тағы бір мәрте айшықтау. Өйткені, киноның әр мемлекет арасындағы басты идеологиялық қару екенін мүлтіксіз түсінген.

Өнертану кандидаты, қазақ киносы тарихының негізін қалаушылардың бірі Қ. С. Сирановтың бұл еңбектері — жеке-жеке зерттеуді қажетсінетін дүние. Зерттеліп отырған диссертациялық жұмыстың ауқымына сыймайтын болғандықтан, осы мағлұматтармен шектелуімізге тура келеді. Қ. Сиранов — бүгінде қарқынды дамып, ғасырға аяқ басып қалған қазақ киносының, кеңес кезеңіндегі қазақ кино өнерінің тарих беттерінен сыр шертетін құнды мәліметтер мен өлшеусіз мағлұматтарды қағаз бетіне қалдырған алғашқы кино тарихшысы екені даусыз.

Өнертану кандидаты, журналист, публицист К. С. Смайыловтың өнер зерттеушісі ретінде ұлт руханиятының, мәдени мұраның дамуына қосқан үлесі орасан. Ол — қазақ кино өнерінің тарихын зерттеу ісіне белсене араласқан қоғам және мемлекет қайраткері. Өнер зерттеушісінің 1981 жылы жарық көрген «Фильм осылай туады» кітабы — қазақ кино өнерінің тарихын баяндайтын шежірелік-жылнамалық еңбек іспеттес. Кітап сонысымен құнды, бағалы. Очерктік, портреттік бағытта жазылған бұл еңбек турасында автор: «Бүкіл қазақ кино өнерінің тарихи жолын шолып шығуды, я болмаса оның бағыт-бағдарларын, проблемаларын айтуды міндет еткен жоқпыз. Ол — күрделі ғылыми сын еңбегінің жүгі. Сондықтан кино өнерін сүйетін, соны жақынырақ, тереңірек білгісі келетін жұртшылыққа кинематограф практикасынан алынған кейбір мағлұмат-деректер берумен ғана шектеледі», — деген екен. Сөздің шыны керек, автор өзі атап көрсеткендей, бұл кітап — ғылыми зерттеу немесе сыни талдау еңбегі емес, очерктік мақалалар жинағы.



Өнер зерттеушісі әуелде журналист, публицист болып қалыптасқандықтан, очерк жанры оның табиғатына жақын жанрдың бірі. Әрі оң жамбасына келетін, қаламы әбден төселіп, машықтанып алған жанры. Арада қаншама жылдар өтсе де, К. С. Смайыловтың бұл еңбегі өнертанушы, кинотанушы мамандардың қолынан еш уақытта түскен кітап емес. Керісінше, қалың сұранысқа ие кітап. Себебі, Қ. Сиранов, К. Смайылов сынды алыптар қазақ кино өнерінің тарихын хатқа түсіріп, оның зерттелуіне, ғылыми айналымға түсуіне жол ашқан жандар.

Өнер зерттеушісінің «Қыз Жібек» қалай туған?», «Экранда – Әуезов туындылары», «“Қан мен тер” – экранда», «Транссібір экспересі» туралы...», «Октябрь» фильмі», «Көл жағасы» осылай басталды», «Арпалыс – артымызда Москва», «Ер басына күн туса», «Чапаев» осылай туған», «Шоқ пен Шер» – кинопоэма, «“Нан дәмі” – тың туралы», «Қазақ фильмдері шетелде», «Он үш осылай туған», «Кейде фильм осылай туады...», «Балтық депутаты» секілді очерктік, портреттік стильдегі мақалаларының мәні зор, өміршең. Әлі күнге дейін өзінің маңыздылығын жоймаған. Бүгінгі кез келген өнертанушы-ғалым осы кітапқа енген очерктерді пайдаланып, өзінің жұмысына арқау етпей қоймасы анық. Өйткені, К. С. Смайыловтың бұл еңбегі — қазақ кино өнерінің тарихын дәріптейтін әліппесі сынды.

Өнертану кандидаты К. С. Смайыловтың «Фильм осылай туады» (Смайылов, 1981) атты кітабы — қазақ кино өнерінің тарихын баян қылатын алғашқы санаулы еңбектердің бірегейі. Автор алғашқы қазақ киносының түсірілуінен бастап оның жүріп-өткен жолы, даму барысы, тенденциясы хақында ойланып, толғанып ой топшылайды. Мысалы, қазақтың классик жазушылары М. Әуезов пен Ә. Нұрпейісов еңбектерінің кинотуындыға айналуын — қазақ әдебиеті мен киносының биік белеске көтерілгені деп үлкен баға берген. Бұл баға — нағыз әділ баға болатұғын. Егер, К. Смайылов қазақ киносының зерттелуіне, оның әрбір өткен жолының бағыт-бағдарын саралап, талдап отырар публицист болмаса, бүгінгі күнге өткен күндердегі қазақ киносының шежіресін қалыптастырар мақалалар мен дерек-дәйектер болмас еді.

Кино ғылымының жаңа биіктерге бет алуын кино өнері жайлы ойлар қозғаған Қ. С. Сиранов, К. С. Смайылов, Р. Г. Оспанова, Р. С. Абдуллахатова, сондай-ақ, Қ. И. Әлімбаева, К. Б. Айнағұлова, Б. Р. Нөгербек, Г. О. Әбікеева сынды арнайы мамандардың келуі қазақ кино ғылымындағы біршама зерттеу жұмыстарының тууына себеп болды. Бойларына жиған-терген білімдерін ортаға салып, ендігі тұста қазақ киносын жан-жақты талқылап, әр маман әр қырынан аша бастады. Кино ғылымын жанрға бөліп жіктеген ғалымдар кино өнерінің өшпес тарихын жазып шықты. Олардың кино саласында көтерген ғылыми еңбектерінде кинотану ғылымының сипаты арта түскен болатын. Кино өнері жақсылыққа бет бұрып, мамандар да ұлттық кино өнері туралы батыл ойлар айтуға көшті. Мерзімді басылым беттерінде, ғылыми конференцияларда қазақ кинематографиясына байланысты жазылған мақалалардың жиі жарық көруі, біреудің біреуге жолдаған ашық хаттары орын ала бастады. Бұл жылдары бірсыпыра жақсы шығармалар жарияланып, кино өнерінің теориялық білім жүйесінің жоғары болғандығы, күрделі теориялық мәселелерге бара алатындығын байқатты. Бұл ұлттық кинотанушылық пікірлердің құлшынысы қалыптасу кезеңіне қадам басқанын, сапа жағынан да, сан жағынан да көріне бастаған қазақ киносының теориялық мәселелерінің ғылыми деңгейге көтерілуі еді. Олай дейтініміз, кино өнері мен оның рухани атмосферасына қатысты әңгіме өрбігенде, кинематографистер тарапынан арнайы бас қосулар, кездесулер жиі ұйымдастырылып отырды. Мұндай жайттар кино өміріндегі еңбектерге талдау жасап, сыни пікірлердің ашық айтылуына жол ашты. Қазақ кәсіби кинотанушы, киносыншы, кинотарихшы мамандары өз еңбектерінің жемісін бере бастады.

Бір топ болып енген бұл толқын қазақ кино сынын қалыптастыру барысында біршама өзгерістер енгізе отырып, қазақ киносының тарихын жасап шықты. Бұл еңбектер басқа елдердің кино өнерімен салыстырғанда ағалық жасайтындай деңгейге жетті.

1980 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жобасы негізінде «Очерки истории казахского кино» (6) атты ұжымдық еңбек жарық көрді.



Жинақтың жазылуына Қ. С. Сиранов, К. С. Смайылов, Р. Г. Оспанова, Р. С. Абдулахатова, Б. Р. Нөгербек, Қ. И. Әлімбаева, К. Б. Айнағұлова сынды кинотанушы мамандар жұмылдырылған.

Аталмыш ұжымдық еңбекке очерктік және ғылыми мақалалар енгендіктен, әрбір мақаланың көтерер жүгі ауыр, зілі басым. «Начало большого пути», «В семье единой» (Қ. С. Сиранов), «На экране народный герой», «На новом этапе» (Р. С. Абдулахатова), «Герои фильмов о целине» (Қ. Әлімбаева) сынды зерттеу мақалалары жинақталған. Сондай-ақ, аталмыш еңбекте кинотану саласында өзіндік ерекше ізденіс зерттеу жұмыстарын жазған ғалымдардың бірі, кинотанушы, кинотарихшысы — Р. О. Оспанованың «Казахское киноискусство 60-х годов (на материале художественных фильмов)» мақаласы да кірген. Онда автор қазақ киносының алтын ғасырында ұлттық киноның туын жоғары көтерген ұлттық режиссураның негізін қалаған Ш. Айманов, М. Бегалин, С. Қожықовтың шығармашылықтарына кеңінен тоқталып, эпостық шығармалардың экрандалуының маңызы жайында сөз қылған. Сонымен қатар, «Становление казахской кинодраматургии» (К. С. Смайылов), «Документальное киноискусство 60–70-х годов» (К. Айнағұлова), «Рисованные и кукольные фильмы» (Б. Р. Нөгербек) секілді мақалалардың көтерген мәселесі, қамтыған салалары әрқилы. Бұл еңбек — қазақ кино өнері тарихы мен жанрлық сипатына байлам жасаған ұжымдық жинақтың бірі.

Елімізде ең алғашқы болып экрандық өнердің жаңа түрі — қазақ анимациясын зерттеуге бет бұрып, қалам тартқан тұңғыш кинотанушы, кинозерттеушісі Б. Р. Нөгербек болды. Осы жылдар аралығында кинотанушы маман көптеген мультфильмдерге редактор болып, бүгінде анимация төңірегінде 30-дан астам мақалалар мен ғылыми жұмыстар жазған. Б. Нөгербектің 1984 жылы жарық көрген «Ертегілерге жан біткенде: Қазақстанның мультипликациялық киносы» («Когда оживают сказки: Мультипликационное кино Казахстана») (Нөгербек, 1984) атты монографиясы СССР Кинематографистер ұйымының сыйлығын жеңіп алған. Ендігі сөздің арнасын осы еңбек жайында өрбітсек.

«Ертегілерге жан біткенде» монографиясын жазу барысында автор алдына мынадай талаптар қойып, зерттеулер жүргізген:

1. Кинематография кеңістігінде пайда болған мультфильм өнерінің шығу тарихы, даму үдерістері мен алар орны;
2. Алғашқы аниматорлар мен анимациялық жұмыстар қатары;
3. Анимация жанрын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасау;

4. Тұңғыш қазақ анимациясының пайда болу тұсынан бастап, алғашқы жұмыстарға талдау жасау, жікке бөліп қарастыру;

5. Ұлттық мультипликацияның жандануы, басты ерекшелігі.

Зерттеуші қазіргі заманғы анимациялық өнердің түп тамырын қуыршақ, көлеңкелі немесе индонезиялық «ваянгбебер», я болмаса, орыс елінің «раек» сынды панорамалық театрынан бастау алып, эпикалық һәм ертегілік жанрға ұласатын халық фольклорында жатыр деп түсінеді. Осыған орай ғылыми тұрғыда Грузия, Украина, Армения, Прибалтика, Әзірбайжан, совет одағы мультипликаторларының еңбектері, соның ішінде Р. Мэнвелл, В. Гусев, Н. Венжер, Мак-Ларен, Л. Май, Ю. Норштейн, Ф. Хитрук, Р. Мунитч, С. Гинзбург т. б. ғалымдардың анимация жөніндегі жазған еңбектерін зерттей отырып, олардың шығармашылық көзқарасымен автор өзіндік пікір қалыптастырып, қазақ мультипликациясының тарихын түп-тамырынан бастап зерттеп шықты.

Кинотанушы Б. Р. Нөгербектің сөзімен айтқанда: «Анимациялық өнердің өміршеңдігін растайтын бір айғақ, бүгіндері анимация көркемсуретті кинематографияның поэтикасын шұғыл игере бастаған, егер де мультэпизодтар, суреттер, мультсызбалар, жеке кадрлер бұрындары көркемсуретті фильмдерге көркемдік экспрессия есебінде қолданылса, бүгіндері кері процесс аңғарылуда. Анимация өзінің көркемдік тәсілдеріне таза кинематографиялық амалдарды қолданып келеді: камерамен жақындау, алыстау, кадр ішіндегі монтаж, ракурсты өзгерту, айналмалы панорама, қол камерасына ұқсатылған

түсірілімдер» (Нөгербек, 1984: 156 б.). Міне, бұл кәсіби маманның кино өнерінің әр саласы соның ішінде көркемсуретті яки деректі фильмдерге кинематографиялық тұрғыда ұқсастығы немесе айырмашылығы жөнінде туындаған пікірі. Ұлттық өнердің бұл түрін зерттеп, зерделеу барысында автор біріншіден, қазақ мультфильмінің тууы, екіншіден, қазақ мульттобының ұйымдастырушылық өндірістік ерекшеліктері, үшіншіден, Ә. Хайдаров және оның мультфильмдеріне жекеше тоқтау жасау, төртіншіден, алғашқы қуыршақ мультфильмдері, бесіншіден, экспериментальды мультфильмдер, алтыншыдан, анимация және фольклордың байланыстарын қарастырған. 1960 жылдың ортасына таман Қазақстанда анимацияның тууына барынша жағдай жасалды. Себебі, республиканың көркем және деректі кинематографы бүкіл жанрларды қамтыған, ал кеңестік ұлттық кинематографтың толыққанды көрінуі үшін анимациялық кино жетіспеді. Қазақ анимациясының ерекшелігі сол, өзінің алғашқы қадамдарын анимацияның күрделі жанры — кәсіби мамандардың, суретші-аниматорлардың көптеп болуын талап ететін, графикалық мультфильмнен бастаған. Бұған дәлел Ә. Хайдаровтың алғашқы графикалық мультфильмдері «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» (1967), «Ақсақ құлан» (1968), «Қожанасыр – құрылысшы» (1970), «Қырық өтірік» (1978), т. б. сондай-ақ, алғашқы қуыршақ мультфильмдер, Э. Бисейітов пен Ғ. Қыстауовтың «Аю мен қоян» (1969), Ғ. Қыстауовтың «Кәусәр бұлақ» (1970), «Үш тілек», «Бала мен жын» (1974), «Жынның ғарыштағы бастан кешкендері», «Бөктерде», «Қадырдың бақыты» (1977) экспериментальды мультфильмдер В. Чугуновтың «Өзгерту» (1969), «Кәрі еркеннің тыртықтары» (1970), «Көк планета», Ж. Дәненов пен Ғ. Қыстауовтың «Айдаһар аралы», Т. Мұқанованың «Торко Чачак» және Б. Омаров фильмдері «Үш шебер» (1981), «Портрет» пен «Жас жұбайлар» атты екі новелладан тұратын «Көген» (1974), «Көртышқан мен қоян» (1978), «Қаңбақ шал» 1979, Е. Әбдрахмановтың «Бозторғай», т. б. мультфильмдеріне Б. Рамазанұлы сыншының көзқарасымен режиссерлік концепцияға, әдеби түпнұсқасы мен фильм арасындағы айырмашылық пен ұқсастықтарға, мульттоптың жұмысына, композиторлық шешімге кеңінен талдау жасап, қазақ анимациясының дамуы жолындағы жаңалықтары мен жеткен жетістіктерін ашып айтты.

Кинематограф пен анимация арасындағы ерекшеліктерді мынадай параметрлерге бөледі:

- Көркем-сурет нысанасы және материал;
- Түсіру тәсілдері;
- Уақыт пен кеңістікті кестелеу тәсілі;
- Шындықты көрсетудің негізгі тәсілі шарттылық шеңбері.

Зерттеуші Б.Р. Нөгербек әр мультфильмге жекеше талдау жасау барысында оқырман назарына ең бастысы халық ертегісі немесе белгілі сценарий мен сызба, қуыршақ фильмдерінің құрылымы бірдей еместігін, яғни, бірінші жағдайда біз сөз құдіретіне тап болсақ, екінші жағдайда бейнелеу өнеріне тап болатынымызды ашық айтады. Барлық жұмыстарын жекеше талдау, зерттеліп отырған жұмыс көлеміне сай келмейтіндіктен бірнеше мысалдар келтірдік. Мәселен, ұлттық алғашқы мультфильмдер «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Қожанасыр құрылысшы» өзінің жанры мен түсіру техникасы жағынан әр алуан. «Қарлығаш» — дәстүрлі ертегі, «Ақсақ құлан» — эпикалық аңыз, «Қожанасыр» — фәлсәфалық әпсәнә, ал, «Қырық өтірік» — алғаш рет комбинациялық түсіру тәсілін қолданған дейді. Бұл тұста Б. Р. Нөгербектің әр талдауға кеңінен һәм жұмыстың техникалық тұсынан бастап, содан кейін ғана толықтай сценаристің, режиссердің, композитордың, суретшінің жұмыстарына бағытын бұрады. Әлбетте, түсірілген жұмыс қандай аудиторияға арналған, бала психологиясына қаншалықты әсер ететіндігін де өз ой елегінен өткізіп барып қана саралайды. Кинотанушы әр еңбектің астарынан ұлттық болмысты, ұлттық құндылықты, ұлтқа тән ерекшеліктерді, ұлтқа тән салт-сананы, ұлтқа тән дәстүрді, ұлттық колоритті іздейді. Сондықтан да, әл талдауында міндетті түрде халықтық колөнерге, ұлттық өрнек нақыштарына, кадр композициясындағы көңіл күйге, түске, музыкалық гармонияға, ұлттық аспаптарға көп көңіл аударады.

Фольклорист ғалым В. Е. Гусев: «Генетикалық тұрғыдан алғанда әдебиет қана емес, өнердің өзге түрлері де фольклордан бастау алады. Демек, фольклор «түптамыр» немесе түрлі өнердің бастау көзі» (Нөгербек, 1984: 88 б.) дейді. Кинотанушы Б. Р. Нөгербектің де тағы бір ерекше қыры — ұлттық фольклордың ұлттық кинематографияға тигізген әсері, екеуара байланысына көңіл бөлуі. Бұл тақырыпты қазақ киносымен тығыз байланыста ұстап, тіпті анимациялық фильмдерден де қарастырды. Республикалық суретші аниматорлардың фольклорға көңіл аударуы, белгілі дәрежеде олардың өз сара жолын іздеу талпыныстарын білдірсе керек. Халық даналығының, әзілі мен лирикасының асыл қазынасы саналатын ертегілер мен аңыздардың ішінен суретшілер үндес тақырыптар мен қызықты сюжеттерді «тауып» қана қоймай, ғайып болған гармония мен шығармашылық шабытқа бөленіп, қазіргі көркемдік идеялардың бастауынан құнартады. Дені халық ертегілері мен аңыздарының экрандық нұсқасынан тұратын қазақтың сызба және қуыршақ шығармаларының көркемдік, жанрлық және тақырыптық бірлігі, оның драматургиялық негізі — фольклорлық материалында, ұлттық фольклор поэтикасында жатыр. Жеңіл фабула, түсінікті, қарапайым оқиға, кейіпкер әлемінің түсін түстеу — оны Жамандық пен Жақсылыққа бөлу, табиғат ана мен адам баласының мейірбандық қайнарының салтанат құруы – фольклордың эстетикалық қағидалары. Мұндай маңызды тармақты да зерттеуші нысанасынан тыс қалдырмады. Ұлттық фольклор көріністерін Ә. Хайдаровтың кез келген туындысынан кездестіруге болатынын әр кез баса айтады. Өнер жолындағы алғашқы тыңғылықты еңбектері, қазақ киносын танып, зерттеу жолындағы талпыныстары, кинематография әлемінің қыр-сырына тереңірек үңілуіне ықпал еткен «Ертегілерге жан біткенде: Қазақстанның мультипликациялық киносы» еңбегінің жарық көруі барысында Б. Нөгербек кәсібилігі жоғары, тұрақты сыншылық көзқарасын қалыптастыра білген өнертану ғылымдарының кандидаты атанған. Шынымен де, бүгінде қазақ кинематографиясында ұлттық анимация жөнінде жазылған жалғыз кітаптың авторы — Б. Р. Нөгербек. Көп қалам тартылып, зерделене бермейтін тақырыпқа жүрексіңбей барып, бастаған істі аяғына дейін жеткізген оның бұл ісі біріншіден қуантса, екінші жақтан ізін басып, қолға алмай келе жатқан жас мамандардың ісі көңілге кірбің ұялатады. Анимация төңірегінде зерттелген жұмыстардың белең алғаны рас, алайда әлі де толықтай монография болып жарық көрмеді.

1990 жылы өнертану ғылымының кандидаты Б. Құндақбаевтың жауапты редакторлығымен К. Б. Айнағұлова, Қ. И. Әлімбаева сынды өнертанушылардың «Тенденции развития киноискусства Казахстана» (Айнағұлова, Әлімбаева, 1990) атты зерттеу еңбектері жарық көрді. Бұл ғылыми басылым — қазақ кино өнерінің тарихына арналған еңбек. Зерттеу кино өнерінің тарихына арналғандықтан, еңбекте қазақтың алғашқы кәсіби режиссерлерінің бірегейі — Ш. Аймановтың шығармашылығы және қазақ кино өнерінің дамуы, 1970–1980 жылдардағы қазақтың көркем кинематографиясы, қазақтың көркем киносындағы қаһарман мәселесі, деректі киноның даму тенденциясы сияқты мәселелер сөз болған.

Тарихи зерттеу еңбегінің бірінші тарауына талдау жасаған өнертанушы К. Б. Айнағұлова қазақ кино өнерінің негізін қалаушылардың бірегейі, СССР Халық артисі Ш. Аймановтың кино өнеріндегі оның шығармашылық жолы қалай басталғанынан бастап, оның осы саланың кәсіби биігіне жеткеніне дейінгі аралықтағы барлық шығармашылық жолын өмір жолымен байланыстырып тарихи тұрғыда баяндаған. К. Б. Айнағұлованың орынды көтерген мәселесінің бірі — қазақ мәдениетінде театр мен кино өнерінің қосарланып дамуы. Ш. Аймановтың шығармашылық жолының басталуы — қазақтың кәсіби драмалық театрының құрылуымен тұспа-тұс келген. Автор 1930 жылдың ІІ жартысынан бастап қазақ елінде кино өнерінің алғашқы түсірілімдері өткенін баяндай келе, Ш. Аймановтың алғаш рет кинолентадан қалай көрінгені жайында ойын сабақтай түседі. Ш. Аймановтың есімі «Райхан» (1940), «Ақ раушан» (1942), «Абай әндері» (1945) сияқты қазақтың алғашқы кинотуындыларымен тығыз байланысты. Себебі, осы уақытта осы аталмыш кинотуындыларды түсіру қолға алынған кезде, түсірілімге қазақ драма театрының актерлары жұмылдырылған болатын. Ал, Ш. Айманов қазақ драма театрында жүзге жуық түрлі

рөлдерді сомдаған қазақтың театр және кино артисі. Бірінші тарауда Ш. Аймановтың тек артистік қыры ғана емес, оның режиссерлік қыры да жан-жақты ашылған.

Екінші тарауда 1970–1980 жылдар аралығындағы қазақтың көркем кинематографиясы сөз болған. Өнертанушы Қ. И. Әлімбаева екінші тарауда қазақтың қалыптасқан кино өнерінің дамуы мен тенденциясын Одақтас республикалардың кинотуындыларымен салыстырып қарастырған. Еңбектің жаңалығы — қазақ кино өнерінің туындыларын СССР-ға қарасты мемлекеттермен салыстырып, қарастыруы. Өнертанушы «авторлық түйін», «авторлық ремарк» сияқты теориялық ұғымдардың мағынасын ашу үшін кино туындыларды мысалға келтірген. Бұнысы, әрине, дұрыс. Бұл еңбек — кино өнерінің тарихына арналғандықтан, «кинотанушы» мамандығы бойынша білім алатын әрбір талапкер режиссер мен кинодраматург арасындағы «авторлық» негізгі талаптарды ескеріп, кино туындының жоғары деңгейде қалай түсірілетінінен хабардар болады.

Үшінші тарауда көркем кинодағы бас қаһарман (кейіпкер) мәселесі сөз болған. «Замандас-кейіпкеріміз экранда» деп аталатын бөлімшеде өнертанушы Қ. И. Әлімбаева «актер — қаһарман тағдырын шынайы көрсетуші» дейді. Бұл бөлімшеде мысалға келтірілген кино туындылар, актерлар мен режиссерлер одақтас республикалар шеңберінде қаралған. Өнертанушы Қ. И. Әлімбаеваның келесі көтерген мәселесі – «тарихи тұлғаның экранда сомдалуы». Өнертанушы: «Тарих – халық – кино үшеуі бөлінбес біртұтастық» дейді. Тарихтың кинотуындыға айналуы — кез келген ұлттың тарихы үшін үлкен жетістік. Осындай біртұтастық қазақ кино өнеріне де айтарлықтай жаңалық әкелген. Мысалы, «Амангелді», «Қан мен тер», «Ботагөз» және А. Құнанбайұлы, Ш. Уәлиханов, Ж. Жабаев, Ә. Молдағұлова мен М. Мәметова сияқты тарихи тұлғаларға арнап түсірілген кинотуындылар – қазақ тарихының киноэкранға жол тартуының бастауы болып саналады. Автор тарихи тұлғалардың өмір жолының кинокартинаға қалай арқау болғаны жайында жақсы баяндаған.

Төртінші тарауда өнертанушы К. Б. Айнағұлова деректі кинолардың даму тенденциясын сөз еткен. Қазақстанда алғаш рет түсірілген деректі фильмдерге, киноқондырғылар мен «Востоккино» тресінің құрылуы жайында айта келіп, деректі фильмдердің ерекшелігіне кеңінен тоқталған. Ғылыми-танымдық, көркем-әдеби бағытта түсірілген әрбір деректі фильмдерге, олардың режиссерлеріне шолу жасаған.

Аталмыш еңбек — КСРО заманындағы Қазақстан Республикасының кино өндірісі туралы баяндалған тарихи еңбек қана. Әлі де болса студент, талапкерлердің кәдесіне жарайтын оқу құралы.

Тоқсаныншы жылдардың тұсында қатар кино өнеріне кинотанушы Г. О. Әбікееваның келуі де үлкен құбылыстардың бірі болды. Кинотанушының кино саласындағы алғашқы ауқымды ғылыми еңбегі «Қазіргі заманғы кино үдерісіндегі Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің өзара әрекеттесуі» атты кандидаттық зерттеу жұмысы болды. Бұл зерттеуде автор батыс пен шығыстың мәдени байланыстарына бойлап, әлемдік беделі жоғары Б. Бертолуччи, З. Фабри, М. Антониони, сонымен қатар А. Тарковский, А. Курасава, Н. Осима секілді режиссерлермен бірге қазақтың «жаңа толқын» режиссерлерінің еңбектерін салыстыра отырып, ғылыми маңызы зерттеулер жасады. Сыншының келесі қадамдары Қазақстан мен Орта Азия кино өнерінің дамуына байланысты жазылған «Орталық Азия киносы. 1990–2001», «Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии и как этот процесс отражается в кинематографе» (9) атты өнімді еңбектер жасаумен жалғасты. Г.О. Әбікееваның шығармашылық жолына байыппен көз жүгіртсек, оның кино өнерінің барлық саласында елеулі туындылар жасағанының куәсі боламыз.

#### Әдебиет:

1. *Сиранов К.* Казахское киноискусство — Алма-Ата: Казахское гос. изд-во, 1958.
2. *Сиранов К.* Киноискусство Советского Казахстана. — Алма-Ата: «Казахстан», 1966.
3. *Сиранов К.* Кино туралы әңгіме. — Алматы: «Жазушы», 1973.

4. *Сиранов К.* Кино Жылдар Ойлар. — Алматы: «Өнер», 1983.
5. *Смайылов К.* Фильм осылай туады. — Алматы: «Өнер», 1981.
6. Очерки истории казахского кино. — Алма-Ата: «Наука», 1980.
7. *Ногербек Б.* Когда оживают сказки: Мультипликационное кино Казахстана. — Алма-Ата: «Өнер», 1984.
8. *Айнагулова К., Алимбаева К.* Тенденции развития киноискусство Казахстана. — Алма-Ата: «Ғылым», 1990.
9. *Абикеева. Г.* Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. — Алматы: «ЦЦАК», 2006.

## ЖАСТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАРЫ

**Сабдалиева Роза Болысовна**

*Мәдениет саласының үздігі, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*  
*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы*  
E-mail: [sabdaliyeva1975@gmail.com](mailto:sabdaliyeva1975@gmail.com)

**Аманкулова Лайла Абдраймовна**

*Білім беру саласының үздігі, гуманитарлық ғылым магистрі, аға оқытушы*  
*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы*  
E-mail: [amankulova.layla74@gmail.com](mailto:amankulova.layla74@gmail.com)

**Түйіндеме.** Қазақ этномәдениетінде әр әлеуметтік топтың қоғамдағы рөлі арнайы қарастырылған. Жастар қарым қатынасын қалыптастыру мен дамыту қандайда дәстүрлі мәдени әрекеттері арқылы атқарылады. Халықтың рухани байлығы — ұлттық мәдениетті қалпына келтіру, оны тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматтарының игілігіне асыру, адам өміріндегі мәдениеттің маңызын көтеріп, соған сәйкес қоғам мәдениетінің өркендеуіне жағдай жасап, өркениеттілікке кірігу процесінде әрбір тұлғаның жалпы адамзаттық-мәдени құндылықтарды меңгеруіне жол ашу.

**Тірек сөздер:** мәдениет, салт-дәстүр, ойын-сауық, қарым-қатынас, қарым-қатынас мәдениеті.

**Аннотация.** В казахской этнокультуре специально предусмотрена роль каждой социальной группы в обществе. Формирование и развитие отношений среди молодежи осуществляется посредством традиционной культурной деятельности. Духовное богатство народа — это восстановление национальной культуры, ее реализация на благо граждан независимой Республики Казахстан, повышение значения культуры в жизни человека, создание условий для развития культуры общества, приобщение к общечеловеческо-культурным ценностям каждого человека в процессе интеграции в цивилизацию.

**Ключевые слова:** культура, традиции, обычай, представления, взаимосвязь, культурная взаимосвязь.

**Abstract.** Kazakh ethnoculture specifically provides for the role of each social group in society. The formation and development of youth relations is carried out through traditional cultural activities. The spiritual wealth of the people is the restoration of national culture, its implementation for the benefit of the citizens of the independent Republic of Kazakhstan, increasing the importance of culture in human life, creating conditions for the development of the culture of society, familiarizing each person with universal cultural values in the process of integration into civilization.

**Keywords:** culture, traditions, customs, representations, interrelation, relationship, cultural bonds.

Өз егемендігіміз өзімізге тиіп, іргелі ел, тәуелсіз меслекетке айналған кезде қазақ халқы мәдениетінің шынайы рухани қазыналарын ашып көрсетуге негіз қаланды. Білім, ғылым, мәдениет саласындағы «ақтаңдақтарды» бетін ашып, көне мәдениетімізге тереңірек үңілу, өткен уақыттың рухани мұрасын саралау, талдау, оны бүгінгі ұрпақты рухани жемісіне, қажеттілігіне айналдыру мәселесі — қазіргі уақыттың талабы.

Біздің халқымыз — әсемшіл халық, рухани мәдениет жасауды басты міндеттерінің бірі деп санайтын халық. Сол үшін жаңа өмірдің жаңа сипатын, сұлу сымбатын қоғамның моральдық қасиетін уағыздауымыз керек. Әлеуметтік шаруашылық тіршілігіне сай қазақ

руларының әр кезде өзіндік мәдениетіні болған. Қазақ сахарасында күй де, жыр да, ән де елімен етене болып кеткен (Әбенбаев, 2005).

Осы орайда Қазақстан қабылдаған «Білім туралы» заңның Білім жүйесі деп аталатын екінші бөлімінде Білім жүйесінің басты міндеттері: «Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау. Олар мемлекетік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін, Халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, Отан, отбасы алдындағы жеке бастың міндеттері мен құқықтарын терең сезінген. Қазақстанда тіршілік етуші халықтардың негізін қалаушы — «Қазақ халқы мен басқа халықтардың тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қадір тұтып, оны игеруге кепілді азамат болуы керек» дей келе, еліміздің бүгінгі таңдағы экономикалық және әлеуметтік дамуы жағдайында, ел өмірінде рухани байланыстың рөлі арта бастаған тұста, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын, оның ұлттық мәдениетін қалыптастырусыз елестету мүмкін емес. Біздің халық мәдениетінде жаңа құндылықтардың пайда болуы жастардың ұлттық дәстүрлерге қастерлі көзқарасын қалыптастыруды қажет етеді. Халық шығармашылығы өскелең ұрпақты рухани дамытудың, жастардың дүниетанымы мен көркем-эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың аса маңызды құралы болып табылады» (2).

«Қазақ халқының музыкалық қазынасы үшінші мыңжылдықтың алғашқы кезеңіне дейін өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, ұлы дала өркениетінің рухани эстетикалық талғамдарына сәйкес ұлттық менталитетіміздің сарқылмас бұлағына айналууда. Көне музыкалық-поэтикалық үлгілер — бабалардың ұмытылмас даналығы, ғасырлардың өшпес үні. Теңдесі жоқ рухани байлығымыз ауызекі түрде қалыптастырып, әр заманда сұрыпталып, тек өзіне тән сұлу да сүйкімді әуенімен, қайталанбас ұлттық ерекшеліктерімен, сан түрлі колорит- бояуларымен ХХІ ғасырда да өз жалғасын табуда», — делінген «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес құрастырылған (3).

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Халық педагогикасы дегенімі — ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні — еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухына тәрбие беру», — деген анықтама берілген (Қалиев, т. б., 1995).

Ал академик А. К. Конның басшылығымен 1983 жылы «Педагогика» баспасынан шыққан этикалық сөздікте «әдет-ғұрып дегеніміз белгілі бір қоғамда немесе коллективте белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түр. Ол әлеуметтік өмірдің әртүрлілігіне және күнделігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайда адамдардың біркелкі әрекет етуіне қалайды. Яғни бір қоғам ішіндегі адамдардың еңбек ету тәсілдері мен әдістерінің жалпыға ортақ болуын, олардың саяси-қоғамдық іс-әрекетінің және күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынасында немесе көзқарасында бірыңғайлық әрекеттің болуын талап етеді. Осының бәрі әдет-ғұрыптың, салттың жиынтық көрінісі болып табылады», — деп тұжырымдаса, қазақстандық зерттеушілер «дәстүр дегеніміз — әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп жетілген дәстүрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен құлқының ұрпақтан-ұрпаққа берілетін формада ауысып берілетін түрі», — деген анықтама берген.

Әр халықтың ұлттық мәдениеті ертеден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрпы, тұрмыстық салт-дәстүрлері негізінде жетілетіні белгілі. Олай болса, ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың дәстүрлі көркем мәдениетінің түрлерін жинақтап зерделеудің, оның тәлім-тәрбиелік мол тәжірибесі негізінде жастарды тәрбиелеудің қажеттілігі мол және жүзеге асыруда өзінің жемісін берері сөзсіз.

Халықтың көркем шығармашылығында және музыкалық мұраларында үлкен тарихи ақиқат шындық. Сондықтан да осы бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы өзіндік ерекшеліктерін білмей, бүгінгі ұлттың тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Бүгінгі білім жүйесіндегі өнердің басты мақсаты — ол адам баласының барлық іс-әрекетіндегі

сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті, мәдениетті тәрбиелеу, қалыптастыру болып табылады.

Мәдениет пен өнердің даму процесінің заңдылықтарын зерттеумен байланысты мәселелер кешенінде халықтың қоғамдық санасының көркем-бейнелі көрінісі ретінде халықтық-музыкалық шығармашылығын зерттеу айтарлықтай орын алады.

Жалпы болашақ тәрбие саласының мамандарда қарым-қатынас мәдениеттілікті қалыптастыру мәселесі, «қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және оны дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде айтылып жүргендей қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтау қажет екені байқалды. Философиялық ұғымда «мәдениет- сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы; оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі; жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі», - деп белгіленеді.

Мәдениет компоненті ретінде — білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты. Этикалық түсінікте мәдениет рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру деген мағынаны білдіреді.

Мәдениеттің қалыптасуына философ, ғылым зерттеушісі В. С. Библер ерекше мән береді. Оның пікірінше, мәдениет — адамдардың қарым-қатынасы мен бір кезеңдегі болмысы, санасының, ойлауының формасы, қайта жаратылу жолдары.

Мәдениет иесі деп танылатын тұлғаның өзегі оның руханилығы болып есептеледі. Рухани даму негізінде адамдарға қызмет ету, жақсылық жасау, өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру арқылы объектіден субъектіге айналуға деген қажеттілік жатыр. Сондықтан жоғары мәдениетті мұғалімнің ерекше сапасы-оның өзін-өзі дамыту қабілеттілігінде жатыр. Оған қол жеткізген педагог, өз студенттерінің шығармашылықпен өзін-өзі дамыту стратегиясын болжай, түзете алады.

«Мәдениетті адам» ұғымы педагогикалық тұрғыдан алғанда, адамдардың абыройын жоғары ұстау, өзін-өзі сыйлау, өз күшіне өзі сену, жалтақтамау, сондай-ақ басқалардың пікірін сыйлау секілді бір-бірімен байланысты қасиеттерді тәрбиелеу деп түсінуге болады.

Қоғамдық құбылыс ретінде мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалатын құндылық. Сол себепті мәдениетті игеру — өзара бағыттаушы үрдіс. Мәдениет дайын ақпаратты жай қабылдау барысында емес, тұлғамен қарым-қатынас орнату немесе сөйлеу барасында беріледі.

Мәдениет — қашанда ынтымақтастықтағы шығармашылық, мәдениетті жеткізу құралы, қайталанбас тұлға және тұлғалық қарым-қатынас субъектісі. Мәдениет және іс-әрекет тарихи қалыптасқан қатынас категориясы. Мәдениет «іс-әрекеттің әмбебап сипаттамасы», бағыттылықпен приоритетті түрлері айқындап, бейне тудыру мен тірегі, ал адам ондағы субъект. Ғалымдардың пікірінше мәдениет адамның өзгеруі мен шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуы (Е. М. Бабасов және т. б.).

Басқаша айтқанда мәдениет тұжырымдамасы көркемдеу эмоциялау тәсілдері мен жолдарын анықтап, саналы да бағытты әрекеттер заңдылықтарын айқындап, оқыту мен тәрбие беру үрдісін танытады да тұлғалық іс-әрекетті дамыта отырып, өнердегі шығармашылықтың бастамасы болмақ (Қарамолдаева, т. б., 2010).

Қазақ этномәдениетінде әр әлеуметтік топтың қоғамдағы рөлі арнайы қарастырылып, олардың өмірдегі өз орнын табуға, жеке тұлға болып қалыптасуға, әлеуметтанулық әрекеттерге дүниеге келген кезден бастап қайтыс болғанға дейін араластыру арқылы мән берген.

Қазақ ойын-сауықшыл халық. Ойын-сауық өмір сүру салтынан, өмір сүру үшін күресінен туындаған қажеттіліктің бірі. Ойын-сауық еңбектің мазмұны мен құралына орай түрленген, жетілген. Бүгінде 100-ден аса ойын түрлері белгілі болып отыр. Қазақ «баланы жастан» дегенде, ойын-сауық арқылы жасөспіріммен тәрбиелік жұмысты ертерек және жас



ерекшеліктеріне қарай жүргізуді пайымдайды. Ойынсыз ұрпақтың кім екенін бағалау екі талай. Ойын-сауық қазақтың әдет-ғұрпына үнемі және айқын ықпал еткен.

Ойындарда өмірдің еркіндігі, кедергісі мен мақсаты анықталады. Ойын-сауық — жеке адамның даму қажеттілігін арттырады, қарсыласпен татуласу немесе оны жеңу жолдарын іздестіреді. Шаруашылықтағы қимыл-әрекетті осы биік мақсатқа көтерді. Ойын — адам ойлану және дәне қабілетінің бәсекесі, қарсыласпен ашық жарыс. Оның мақсаты — жеңіске жету, ойындағы адамдығы қабілет күшінің үстемдігін көрсету, дәлелдеу.

Әлеуметтік қарым-қатынас үрдісінің бірі — жастарға деген қамқорлық. Оларға тек қоғамдық мінез-құлық нормаларын үйрету ғана емес, еңбекке баулу, тиянақты кәсіп игеру: атбелгілік, құсбегілік, мал бағу, қолөнер шеберлігі, ісмерлік, өнер, билік жасау, отбасының иесі болу т. б. өмірлік қажеттіліктерге бейімделіп, дағды қалыптастырған сонымен қатар аталған жағдайдан негізгілерінің бірі жастар әуелі өз ортасында, реті келгенде көрші ауыл мен бөтен адамдар арасында да тапқырлығын, ептілігін, күші мен қайратын, өнерлігін ойын-сауықтар мен жастар жиынында көрсете білу. Сол себептен, жастар қарым-қатынасын дамытудың үш кезеңі қалыптасса керек. Біріншіден, бойжеткен мен бозбалалық шақта жастар ойын-сауығының көрермені ретінде ой түйіп, ұтысты жолдарды жадында сақтап үйрену кезеңінен өтеді. Екіншіден, өз отбасындағы және ауыл аймақтағы қонақ күту, жастар ойын-сауықтарына араласу барысында бар мүмкіндіктерін сынап, тәжірибе жинақтау, бейім байқату сатысынан өтеді. Үшіншіден, өздігінен топ бастап, күш-қайратын түрлі сайыстарда, шешендігін айтыстар мен жастар жиынында, азаматтығын қатарластары арасындағы беделділігін танытады, қарым-қатынас мәдениеттілігін мойындата алады. Жастардың бос уақытта айналысатын мәдени әрекеттерінің көбі ойын-сауықтық формада болса, олардың ұйымдастырылу тәсілі жарыс-сайысқа негізделеді.

Мәдениеттану саласында ойын теориясын терең зерттеген Голланд мәдениеттанушысы Йохан Хейзинга. Оның ойын теориясы мәдениеттің ойындық бастауларының генезисі мен мәнін терең және толық талдауының арқасында қазіргі ғылымдағы назар аударарлық ойын теориясының негіздерінің бірі болып отыр. Й. Хейзинга ойынның мәдениет үшін маңыздылығын өзінше дәлелдеп қана қоймады, сонымен қатар мәдениеттің өзі ойынның бір түрі деп тұжырымдайды. «Мен үшін басты мәселе — мәдениеттің басқа да құбылыстарының ішінде ойынның алатын орнын анықтау емес, мәселе мәдениеттің ойындық сипатын анықтау еді. Мен үшін маңыздысы- мәдениет пен ойынның өзара байланысын, ойын-мәдениет-қайысының басымырақ екенін анықта», — деген ұстанымын белгілейді.

Ұлт ойындары әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып дамығанына, сан салалы мәдени қалыптасуына ықпал еткенін қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып көзіміз анық жетті. Олай дейтініміз — қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостарымен, лиро-эпостарының қай-қайысын алып қарасақта, олардың өз бойынан халықтың ұлттық ойындарының, сайыстардың, әдет-ғұрып салттарының алуан түрін кездестіреміз.

Қазақтың әрбір ойыны болса да айтыс, өлең жырмен өріліп, көрермендер мен тыңдаушыларға өнерлі өнеге беріп, қатты әсер етеді. Ойын — шешендік өнерді қалыптастырып, дамытатын құбылыс. Ұлт ойындары- тіл меңгерудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ойындарды өткізу үстінде қатысушылар тілдің ішкі иірімдерін, халықтың ойлау жүйелерін, сөз қолдану әдістерін, сөйлеу дәстүрлерін, тілдік психологиялық ерекшеліктерін жете түсініп, еркін білуге мүмкіншілік алады.

Ойын-сауықтың басты мақсаты — көппен араласу психологиясын қалыптастыруға негіз қалайтынын халқымыз жақсы түсінген. Ұлттық ойындарымыздың үш түріне тоқталып өтсек-сейілдік, өнерлік, еркіндік ойын-сауық түрлері.

Сейілдік дегеніміз — көш кезінде, Наурызда, жазғы мезгілде жастардың қырға шығып, бой жазып, сейілдеп жүргенде ойналатын ойындар. Мысалы, Ә. Диваев жазып қалдырған «қыз ойнақ», «жігіт қуу», «қыз қуу», т. б. ойындарды жатқызуға болады.

Ал өнерлік дегеніміз — өнер жарысын мақсат тұтатын ойын-сауық түрі. Мұның фольклорлық дәстүрі басым келеді. Фольклор араласып соның үлгісінде өтетін ойын-сауықтың бірі — айтыс осыған жатады. Олар орындалу ерекшеліктері, пішіні бойынша әдет-ғұрып, салтпен байланысты айтыстарға (бәдік, жар-жар, қайым айтыс) жақын. Дегенмен, айтыс ойындарының өзіндік белгілері де жоқ емес. Бұларда табан астында жанынан өден шығарып айту жоқтың қасы, негізінен мәтіні жаттамалы, тұрақты болып келеді. Сыртқы ұқсастығы болмаса айтыс ойындары суырып салмалы ақындық өнерден гөрі жаттап алған драмалық фольклорға қте жақын.

Нағыз өнерлік ойын-сауықтың келесі бір түрі — «алтыбақан». Мұны негізінен ән өнерінің жарысы деуге болатын ең бір асыл ойынның бірі. Алтыбақанға тербетіліп тұрып, ал көне кезде музыкалық аспапқа сүйеніп ән айту оңай емес. Ол шеберлікті талап ететін, биік өнер жарысы. Сонымен бірге алтыбақан басына тек белгілі таныстар ортасы ғана емес бейтаныс адамдар келіп, ән жарысқа қатынасып, алтыбақанға қатынасып, өнері арқылы бойжеткен көзіне түсуді мақсат еткен жігіттерде қатынаса алған. Ал олар өз ортасының өнерін тарту етіп әндерінің ұнағаны сол жерде қайталанып айтылу арқылы жатталып, тыңдаушылар арасына тараған. Сонымен «алтыбақан» ойыны өнер шыңдауынан өтуге ықпал ете алатын шығармашылық сахнасы, ән тарату мектебі, жастардың өнер арқылы табысып, рухани құндылығы арқылы сынға түсу және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын орта екен.

Ал үшінші түрі — шартты түрде еркіндік деп аталатын ойын-сауықтар. Бұл ел көзінен тасада бозбалалар мен бойжеткендердің еркін сырласуына, сезім күйлерін шертісуіне ыңғайды ойындар болып табылады. Бұларға «ақсүйек», «сиреккұлақ», «хан жақсыма?» т. б. ойын түрлері жатады.

Жоғарыда көрсетілгендей сейілдік, еркіндік, өнерлік ойындар үлгісі болса, келесі тоқталатынымыз бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кең орын алмаған түрі- әскери ойындар туралы болмақ. Ойындар қатарынан олардың даралану себебі — мазмұны мен құрылымына еркіндік пен өнерлік сипатын жинақтау. Қазақ әскери шеберлікті ойын деп айтқаны туралы көне жырлардан табамыз. «Ер Тарғында» ойын-соғыс ұрыс мағанасында айтылғанын:

«Толып жатқан қалмаққа,

Тарғын салды ойынды», — деген жолдардан табамыз.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көріп отырған әдебиеттен анықтағанымыз — қазақ батырлары өз жасақтарымен әскери шыңдау шараларын өткізгендегі туралы мәлімет табылды. А.Янушкевич еңбегінде келтірілген мәліметке қарасақ, ондай іс-шара үлкен жиындарда көрсетілген көрінеді. Толық қанды мәдени іс-шара ретінде оның ұйымдастырушылық жұмысы, өткізілу тәртібі, ресми бөлімі, арнайы рәсімдік амалдары, шарықтау шегі, қорытындылау сәті болған екен. Оның- мақсат саяси-әлеуметтік іс-шараға қазақ халқының тұрақты әскері болмасада ерлік пен ептілік, әскере айла білдіре алатын қауқары барын көрсету екені айқын.

Басқа ойындармен салыстырғанда араларында негізге ерекшелік-арнайы дайындықты қажет етпейтін, жалпы ережені білу негізінде еркіндік пен шеберлік байқата білу қабілеттілігіне сүйену. Бұдан шығатын қорытынды — қазақ ойыны таным мен талғамды, тапқырлық пен шеберлікті, жағдаятқа қарай тиімді әрекет жасай білетін шығармашылық қабілеттілікті қажеттілік екені белгілі болып отыр. Ойынды тамашалаушыда, қатынасушыда осы мәдени қажеттілікті игеруі арқылы тынығу әрекетін мәдени-рухани баю амалына айналдырып отырған. Оны игере алмау — қабілетсіздікті таныту, мәдени айналым ортасынан тыс қалу.

Қарыта келгенде, ойын-ұрпақтар өмірін үйлестірудің дәстүрлі ән-бимен өрнектелген сауық түрі. Оған қатынасушылар тамаша құратын орынды, уақытты, ортаны өз еріктерімен іріктейді, лны өткізудің рәсім салтын икемдейді. Осыдан орын мен ортаға әуесқойлық күшейейді. Ойыншылар тағдырластарымен, өзімен жақындастарымен кездесіп, өзара сырласуға және жарысуға мүмкіндік алады. Бұдан ашық мінездің, жарқын жүзділіктің лебі есіп, ән-күйдің тоғысы жаңарып жатады. Ойыншылар — көптің көңілін аулайтын өнерлілер,

өзінің мәртебесін көтермелейтін өнегелілер. Ойын үй мен даланың төрінде өтті, ойыншылар елдің көз алдында, көңілінен құрмет тапты.

Қазақтың ойын-сауығы достық пен қонақжайлылықтың белгісі және көптің басын біріктірудің кепілдігі, сүйкімді әнші мен әңгімешілерге мұқтаждықтың айғағы. Ойын-сауықта жалғыздық сезім, арам ниет адамды билей алмады, ойыншы үнемі ізденісте болады. Ондағы күдірет — өнерпаздық, өзара түсіністік және келісімге жол табу.

Ойын — қабілет қасиетін ширататын, шымырлататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Ойын-сауықта кісілік қасиет шыңдалады, адам қабілетінің құндылығы артады. Ұлттық ойын-сауықтар — ұрпақ пен елдіктің елшілігі, халықтың әдет-ғұрпының көрігі, әр перзенттің жүрегіндегі оттығы. Мұндай өтімді құндылықтар ойын-сауықтың ортақ сақтық қорын, жарқын дүниені демейтін әдеттің қайнар көзін құрайды. Ойын-сауық адамның талдау, таңдау қабілетін шыңдайды, ортамен тіл табысуға, қарым-қатынасты жетілдіруге, жұмысын мазмұнды етуге, жеңіске жетудің ең тиімді жолдарын қарастыруға, адамның бойындағы қасиетті әлеуметтік күшке және қозғалысқа айналдыруға итермелейді (Камалова, 2009).

Демек, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында тұрған басты мақсат-халықтың рухани байлығы ұлттық мәдениетті қалпына келтіру, оны тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматтарының игілігіне асыру, адам өміріндегі мәдениеттің маңызын көтеріп, соған сәйкес қоғам мәдениетінің өркенлеуіне жағдай жасап, өркениеттілікке кірігу процессінде әрбір тұлғаның жалпы адамзаттық — мәдени құндылықтарды меңгеруіне жол ашу.

#### Әдебиет:

1. *Әбенбаев С.* Эстетикалық мәдениет негіздері. — Алматы: Оқу құралы, 2005. — 250 б.
2. «Мәдени мұра». Қазақ өнерінің тарихи (Ежелгі дәуір, I т.). — Алматы: Өнер, 2007. — 199 б.
3. Қазақстан ұлттық инцеклопедиясы. 1–7 т. — Алматы, 2005. — 300 б.
4. *Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы: Рауан, 1995. — 170 б.
5. *Қарамолдаева Г. Ж., Белғозиева Ұ. Б.* Халық компазиторлары мұралары арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. — Алматы: Оқу құралы, 2010. — 25 б.
6. *Камалова Н. К.* Мәдени тынығу жұмысының ұлттық дәстүрлері. — Шымкент: Оқу құралы, 2009. — Б. 60–77.

## ТАҚЫРЫПТЫҚ КЕШТІ ӨТКІЗУДІҢ ӘДІСНАМАСЫ

**Бейсекенова Асем Едылқызы**

4-курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

E-mail: [beisekenovaasemb@gmail.com](mailto:beisekenovaasemb@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі:

**Аманкулова Лайла Абдраймовна**

Білім беру саласының үздігі, гуманитарлық ғылым магистрі, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

E-mail: [amankulova.layla74@gmail.com](mailto:amankulova.layla74@gmail.com)

**Түйіндеме.** Тақырыптық кеш — әдебиет бойынша сыныптан тыс жұмыстың тиімді түрлерінің бірі болып табылады. Көбінесе, тақырыптық кеш жазушының мерейтойымен, сондай-ақ мектеп оқушыларының оның шығармашылығына деген қызығушылығымен байланысты. Тақырыптық кеш — бұл мектеп, жоғары оқу қабырғасында ерекше көңіл-күй сыйлайтын, нағыз әдебиет әлемін таныстыратын, әдеби кейіпкерлерімен кездесуді қызықтыратын мерекелік кештің бір түрі болып табылады. Қазіргі авторлар шақырылатын кездесулерден айырмашылығы, тақырыптық кештер өткен әдебиетке арналады және көп дайындықты қажет етеді.

**Түйін сөздер:** тақырыптық кеш, мерейтой, жазушы, шығармашылық, әдебиет.

**Аннотация.** Тематический вечер — одна из самых эффективных форм внеклассной работы по литературе. Часто тематический вечер связан с юбилеем писателя, а также с интересом школьников к его творчеству. Тематический вечер - это своеобразный праздничный вечер, который придает особое настроение стенам школы, вуза, знакомит с реальным миром литературы, интересно знакомиться с литературными персонажами. В отличие от встреч, на которые приглашаются нынешние авторы, тематические вечера посвящены прошлой литературе и требуют большой подготовки.

**Ключевые слова:** тематический вечер, юбилей, писатель, творчество, литература.

**Abstract.** Thematic evening is one of the most effective forms of extracurricular work in literature. Often the thematic evening is associated with the anniversary of the writer, as well as with the interest of schoolchildren in his work. A thematic evening is a kind of festive evening that gives a special mood to the walls of a school, university, introduces the real world of literature, it is interesting to get acquainted with literary characters. Unlike the meetings to which current authors are invited, theme nights are about past literature and require a lot of preparation.

**Keywords:** theme evening, anniversary, writer, creativity, literature.

«Кеш» ұғымының өзі жағымды және қызықты уақыт өткізу фактісі болып табылады, көбіне кеш белгілі бір оқиғаға жиналған адамдардан құрылады. Біртіндеп «кеш» сөзі жанрлық коннотацияға ие болып, кештің басқа түрі сияқты әр түрлі жаппай, тақырыптық демалысты да дамытты. Кештердің түрлері мен жанрлық әртүрлілігіне қарамастан, олар ұйымдастыру және өткізу әдістері жағынан да бірнеше жалпы ерекшеліктерге ие. Егер біз кештерді олардың құрылымы тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда кешті құрудың ішкі логикасына байланысты ұйымдастырушы мұғалімдер кештерді келесі түрлерге бөледі:

- тақырыптық кештер;
- ақпараттық кештер;
- ойын-сауық кештері.

Кештің концерттерден, композициялардан және басқалардан ерекшелендіретін ерекше ерекшеліктерінің бірі — көрермендерді белсендіру үшін арнайы ойластырылған және

әрекет ету техникасы болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін кешті ұйымдастырушылар көрермендерді белсендірудің басқа да көптеген әдістерін жиі қолданады: әнді, биді, ойынды жаппай орындау, залда алдау кейіпкерін қосу, залда орнатылған микрофондарды пайдалану арқылы көңілді өткізу болып табылады.

Тақырыптық кеш — бұл белгілі бір мақсатқа арналған ауқымды шара және белгілі бір жоспар (сценарий) бойынша жасалынады. Тақырыптық кештер негізгі үш функцияға бөлінеді:

- Ақпараттық;
- Көркемдік;
- Массивті.

Тақырыптық кеш әдетте бір бағытта өтеді. Бұл кейбір адамдардың стилі немесе белгілі бір ақынның немесе әр түрлі ақындардың поэтикалық кеші болуы мүмкін. Музыкалық тақырыптағы кеш, сонымен қатар музыканың басқа спектрімен байланысты болуы мүмкін. Тақырыптық кештің тапсырмаларында әрқашан екі маңызды екі жол бар - ақпараттық-логикалық және эмоционалды-бейнелік. Алайда, міндетті түрде кез-келген кеште бұл екі жол органикалық түрде бір бүтінге біріктірілмеуі мүмкін, бірақ оның бөлек бөліктерінде қолданылуы мүмкін. Тақырыптық кештің ауқымы өте кең. Ол ақпараттық-логикалық және эмоционалды-бейнелік принциптердің қарапайым иллюстрациялық үйлесімін көрсете алады, театрлық бұқаралық қойылымға да айнала алады. Тақырыптық кешке қойылатын негізгі талаптар:

- Тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігі;
- Құжаттық сюжеттің болуы;
- Нағыз батырлар арқылы тақырыпты ашу болып саналады.

Тақырыптық кешті дайындау әдістемесі:

- Тақырып таңдау және идеяны анықтау
- Бастамалық топты ұйымдастыру:

Бұның өзі екі топқа бөлінеді ақпараттық және шығармашылық топ болып:

- Ақпараттық топ (хабарландыру, жарнама, плакат);
- Шығармашылық топ (режиссер, арт-директорлар, жарықтандыру, дыбыс инженерлері, костюмдер дизайнері және т. б.);

Тақырыпты кешті өткізудегі негізгі әдіснамалары:

- Кешке дайындық бойынша міндеттерді бөлу (іс-шараны дайындауға және қамтамасыз етуге бұйрық жазу);
- Деректі материалдарды жинау;
- Сценарий жоспарын құру;
- Сценарий құру;
- Дайындық кестесін жазу;
- Дайындық жүргізу;
- Жеңіл және музыкалық партитураларды жинақтау;
- Тақырыптық кеш өткізу;
- Өткізілген іс-шараны талдау болып табылады.

Тақырыптық кеш — бұл әрдайым сыртқы атрибуттармен ғана емес, сонымен қатар қонақтар мен кешке қатысушылардың эмоцияларымен толтырылған атмосфералық кеш болып табылады. Ғалым-әдіскерлер мен практиктер білім беру, тәрбиелік және эстетикалық міндеттерді жүзеге асыру барысында студенттің жеке басына әсер ету күші тұрғысынан ешқандай басқа сыныптан тыс жұмыстарды әдеби кешпен салыстыруға болмайды деп тұжырымдайды. Себебі, «әдебиет сабағында алған білімдерін тереңдету және тарату және дағдыларды бекіту, оқушылардың жалпы мәдени деңгейін көтеруге және олардың әдеби қабылдауын байытуға көмектеседі, мектеп оқушыларының ойлары мен сезімдеріне әсер етеді, өз мінез-құлқы туралы ойлауға, адамдарға және ойларға деген көзқарастарын дамытады, шығармашылықты дамытады балалардың қабілеттері мен олардың ұйымдастырушылық қабілеттері, өз ана тілін, және мүмкіндігінше басқа тілдерді меңгеруді

арттырады», — делінген (Wortman, 2002). Тақырып пен идея тақырыптық кештің идеялық-тақырыптық жоспарын құрайды. Бұл сценарийдің негізгі мағынасын бір бағытта берік ұстайтын, оның жанама тақырыптар мен мәселелерге еруіне жол бермейтін, керісінше, оларды біртұтас тұтастыққа біріктіретін, негізгі тақырып пен идеяны тереңдететін, қабылдаудағы әсерді күшейтетін өзек.

#### Әдебиет:

1. *Верниковский Э. В.* Режиссура клубных массовых представлений. — Ленинград, 1977.
2. *Марков О. И.* Сценарно-режиссёрские основы художественно-педагогической деятельности клубов. — Москва, 1988.
3. *Марков О. И.* Сценарно-режиссерские основы художественно-педагогической деятельности клуба: учебное пособие для студентов институтов культуры. — Москва: Просвещение, 1988.
4. *Уортман Р. С.* Қуат сценарийлері / R. S. Wortman. — Мәскеу: OGI, 2002.

## ХАЛЫҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ МҰРАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ НЕГІЗДЕРІ

**Белгозиева Ұлбосын Бекқұлқызы**

*музыкалық білім магистрі, аға оқытушы*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы*

*E-mail: [kulip.oyan@mail.ru](mailto:kulip.oyan@mail.ru)*

**Түйіндеме.** Мақала жастарға эстетикалық тәрбие беру маңыздылығы туралы. Ізденуші жеке тұлғаның рухани жан-жақты дамуының қайнар көзі білім мен ғылымды қоғам талабына сай дамыта отырып, жас ұрпақ бойында имандылық, адамгершілік қасиеттерді, көркемдікті, әсемдікті, эстетикалық талғампаздықты қалыптастыру басты міндет болып табылатындығына кеңінен тоқталады.

**Тірек сөздер:** эстетикалық тәрбие, өнер құралдары, ұлттық құнылық, рухани жаңғыру, адамгершілік.

**Аннотация.** В статье говорится о важности эстетического воспитания молодежи. Исследователь подчеркивает, для всестороннего духовного развития главная задача - формирование нравственности, нравственных качеств, искусства, красоты, эстетической элегантности у подрастающего поколения, развитие знаний и науки в соответствии с требованиями общества.

**Ключевые слова:** эстетическое воспитание, искусство, национальные ценности, духовное обновление, нравственность.

**Abstract.** The article talks about the importance of aesthetic education of young people. The researcher emphasizes that for a comprehensive spiritual development, the main task is the formation of morality, moral qualities, art, beauty, aesthetic elegance in the younger generation, the development of knowledge and science in accordance with the requirements of society.

**Keywords:** aesthetic education, art, national values, spiritual renewal, morality.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында «эстетикалық тәрбие рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім, тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынаста қалыптастыру» — деп атап көрсетеді (1).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани адамгершілігі, биік талғам мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады» — деп және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, жаңа жағдайларға сай қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және атап көрсетілген (1).

Сондықтан жеке тұлғаның рухани жан-жақты дамуының қайнар көзі білім мен ғылымды қоғам талабына сай дамыта отырып, жас ұрпақ бойында имандылық, адамгершілік қасиеттерді, көркемдікті, әсемдікті, эстетикалық талғампаздықты қалыптастыру басты міндет болып есептелінеді.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасы білім берудің мақсат-міндеттері мен мазмұны ізгіліктік, рухани-адамгершілік пен демократиялық идеяларға негізделген мемлекетіміздің білім беру саясатын айқындайтыны анық.

Мемлекетіміздің өзге де негізгі стратегиялық құжаттарында жастарға берілетін білім мен тәрбиенің маңыздылығы айқын көрсетілген (Назарбаев, 1997).

Қазақстан Республикасында бекітілген тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы (ҚР БЖҒМ, 2000ж, 7-ші шілде) осы заманғы тәрбиенің басым бағыттарын, атап айтқанда, Қазақстандық патриотизм мен азаматтық, зерде-таным мәдениеті, саяси-құқықтық мәдениет, рухани-адамгершілік мәдениет, салауатты өмір салты, экономикалық мәдениет және кәсіптік бағдар беру, экологиялық мәдениет, талғам мәдениеті, отбасылық өмір мәдениеті және гендер мәселесі нақты көрсетеді (3).

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тәлім-тәрбие беру туралы тұжырымдамасында оқушыларды ұлттық өнердің ішкі мазмұнымен, жетістіктерімен таныстыру, оқушылардың шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру мәселелері көзделген. Аталған идеяларды жүзеге асыру жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісіне жаңа талаптар қою, оған құрылымдық, мазмұндық тұрғыдан өзгерістер енгізу арқылы мүмкін болатыны белгілі.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ету негізінен, көркем өнер түрлері, яғни әдебиет, музыка, бейнелеу, еңбекке баулу, т.б. арқылы білім мен тәрбие беру жүйесінде жүзеге асырылады.

Әр халықтың ұлттық мәдениеті ертеден келе жатқан өзіне тән өнері, әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрлері негізінде жетілетіні белгілі. Олай болса, ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың дәстүрлі көркем мәдениетінің түрлерін жинақтап зерделеудің, оның тәлім-тәрбиелік мол тәжірибесі негізінде жастарды тәрбиелеудің қажеттілігі мол.

Осындай қажеттіліктің бірі — қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетінің тәрбиелік мүмкіндіктерін жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесінде еңбекке баулу сабақтарында тиімді пайдалана білу болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асырылуы болашақ бастауыш мұғалімдерінен қазақтың дәстүрлі көркем мәдениеті бойынша білім сапасын және оны оқушыларға эстетикалық тәрбие беру процесінде пайдалана білу іскерлігі мен дағдыларын талап етіледі.

Халықтың көркем шығармашылықта және қазақтардың эстетикалық құнды материалдарында үлкен тарихи шындық бар. Халықтың бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы ерекшеліктерін білмей, бүгінгі тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Бүгінгі білім жүйесіндегі өнердің басты мақсаты – ол адам баласының барлық іс-әрекетіндегі сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті, мәдениетке тәрбиелеу.

Бастауыш мектепте оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің педагогикалық негіздерін айқындау «эстетика», «эстетикалық сана», «эстетикалық сезім», «эстетикалық тәрбие», «эстетикалық мәдениет», «эстетикалық ләззат», «эстетикалық мұрат», «сұлулық», «әсемдік, әдемілік», «көркемдік», т. б. ұғымдарын қарастырумен тығыз байланысты. Бұл ұғымдардың мәні мен мазмұнын логикалық тұрғыдан талдау арқылы мәнін ашуда алдымен ғылыми әдебиеттерде, сөздіктерде берілген анықтамаларға назар аудардық.

Эстетикалық тәрбиенің негізін қалаған неміс ғалымы Г. В. Гегель «Эстетика» атты еңбегінде дарындылық пен эстетикалық мәдениет жайлы құнды пікірлер айтты. Шындық пен өнер, табиғат туралы теориялық ұғымдарды жинақтау мен қорытындылау, оның адам дамуына әсерін анықтау XVIII ғасырда эстетиканың жеке ғылым саласы ретінде бөлініп шығуына әкелді. Еуропадағы бұл өзгеріс өнердің табиғатын терең ашуға, адамның эстетикалық мәдениетінің ерекшеліктерін ашып көрсетуге ықпал етті.

Г. В. Гегельдің болмыс пен ойлаудың тепе-теңдігі жөніндегі негіздемесіне қарсы шыққан неміс философы Артур Шопенгауер адам екі сатыдан өтетіндігін дәлелдеген. Алғашқысы эстетикалық аңлау, соңғысы моральдық жолмен жетілу. Осы пікірдің біздің зерттеу жұмысымызға байланысты маңызы зор. Ғұламаның нақыл сөздері тәрбие үрдісінде баланы жақсылыққа баулу, әсемдік ұғымының пайдақорлықтан жат екендігін айқындай түседі. Ол өнерде ешқандай өзімшілдік сезім, пайдақорлық ойлар, мүдделер болмау керек,



оның негізгі мақсаты адамды өзімшілдіктен шығатын зардаптан құтқарып, тыныштыққа бөлеу екендігін тұжырымдаған.

Батыстың белгілі философы И. Кант «Прекрасное есть символ нравственного, бодрого и только принимая это во внимание, оно нравится» деген. Философ бұл жерде адамгершілік тәрбие адамның әсем, сұлу тыныс-тіршілігімен байланыстылығын айтады. Демек, этика мен эстетика бір-бірінен өзінсіз өмір сүре алмайтынын көрсетеді.

Тұңғыш рет «эстетика» ұғымын ғылыми термин ретінде неміс философы А. Баумгартен 1750 жылы осы аттас кітабында қолданған болатын. «Эстетика» гректің «эстетис» сөзінен алынған, ол «сезімдік, сезіммен қабылдайтын дарындылық» деген ұғымды білдіреді. Жалпы эстетика жайлы неміс, ағылшын, француз, орыс тілдерінде жазылған көптеген еңбектер бар.

Әсемдікті тану табиғатта, қоғамда адамның іс-әрекетінің қай түрінде болсын, оның қарым-қатынасында, әсіресе, өнерде заттардың және құбылыстардың даму заңдылықтары жөніндегі философиялық ғылым болып табылады.

Педагогикадан қазақша түсіндірме терминологиялық сөздікте «эстетика» (aisthetikos — сезгіштік, сезімдік) — өнердің және көркем шығарманың даму заңдарын, идеялық мазмұны мен көркемдік пішіндерін, әлеуметтік рөлін зерттейтін ілім; сондай-ақ өнерге көзқарас жүйесі; адам мен әлемнің арасындағы құндылық қарым-қатынастың ерекше көрінуі ретінде эстетикалық, салалық зерттейтін фәлсафалық ғылым және адамдардың көркем іс-әрекеті (4).

**Abstract.** «Organizing a concert» sounds like a common word, but for professionals in this field it is a difficult concept. Today, the young generation needs global aesthetics and beauty through the development of culture in accordance with evolution and innovation in the domestic and global arenas. Already, the success of any event depends on the quality of its preparation. This legitimacy primarily determines the organization of contemporary concert shows. The services in this sector are very complex. Therefore, the organizers are required: professionalism, responsibility, efficiency. Concert functions include: seating, decorations, lighting, sound, equipment, decorations and more.

**Keywords:** concert, trend, holiday, innovation, stage, creativity, genre, concept.

Концерттер біздің өмірімізде маңызды орын алады. Бұл біз үшін неге маңызды? Ең қызықты нәрселерді шоғырландыруға тырысады. Концерттер естілмейтін музыканы ойнатуға мүмкіндік береді. Концерттің арқасында әлеуметтік кеңістік пен уақыттың «таңбалануы» бөлінеді, және олар өздерінің «салмағын», белгілі мағынасын, семантикасын

алады. Концерттің бұл қасиеті қазіргі мәдениетте әлеуметтік кеңістіктің табиғи «маркерлерін» — төбелерді, ойпаттарды, жұмбақ үңгірлерді, өсімдіктердің ерекше құбылыстарын және т. б. Концерттер маңызды мәдени маркерлер қатарына жатады. Концерттің шоу-бағдарлама — эстетикалық тәрбие берудің ең кең тараған түрі. Әсіресе жас буын өкілдерінің талғамы заманауи элементтер мен өткен ғасырлардың эстетикалық бөліктерін біріктіретін шоуларға көп тоқтайды. Эстетика мен музыка тәрбиесінің ортақ мәселелері — көрермен талғамынан шығуы. Қазіргі уақытта елімізде түбегейлі саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құрулар ғана емес, сонымен қатар өнер, мәдениет және қоғамдық сана саласындағы күрделі өзгерістер болып жатыр. Дәл қазір музыкалық эстрада өнері заманауи мәдениетін ерекше маңызға ие. Телекоммуникациялық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуы эстрадаға, шоу бизнеске деген қызығушылықты арттырды. Қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларында қазіргі кезде оның әр алуан көріністеріндегі музыкасыз мүмкін емес деп айта аламыз, бұл нағыз музыкалық пандемия. Концерттердің әлеуметтік, әлеуметтік рөлі өлшеусіз өсті және өркениеттің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, күн сайын және одан сайын кеңейе түсуде. Шындығында, осы жылдардағы сапалық өзгерістер осы уақытқа дейін болмаған әлеуметтік-мәдени формацияның — дыбыстық, «музыкалық» қоғамның қалыптасуына алып келді. Концерттік қызмет — бұл өмірдегі маңызды жұмыстардың бірі шығармашылық топ және шығармашылық үшін өте маңызды команданың және оның мүшелерінің өсуі. Концерт — нәтиже мен мағынасы ұжымның қызметі, оны тану. Концерт — бұл ең танымал және жалпыға қол жетімді форма үлкен сипатталатын мәдени-ағартушылық жұмыс білім беру әлеуеті. Концерттің негізгі функцияларының бірі қарастырылады таныстыру, эстетикалық талғам мен эстетикалық сезімді қалыптастыру сұлулық әлемі. Табысты концерт — бұл жағымды эмоциялар да, ақы төлеу де энергия, және сезімдеріңізді білдіру немесе оларды жеткізу қабілеті. Іс жүзінде концерт ұйымдастырушылары онымен айналысуы керек көптеген міндеттерді шешу:

- орындалатын репертуардың жоғары идеологиясын қадағалау;
- концерттің көркемдік құндылығын білдіру;
- концерттік нөмірлердің әртүрлілігін ұсыну;
- сандар мен эпизодтардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету және т. б.

Қазіргі әлемде концерттік бағдарламалар біздің өміріміздің ажырамас бөлігі, Бүгін танымал, беделді орындаушының концертіне бару сәнді болып саналады. Концерт — бұл шығармашылық топтың қарапайым формасы, бірақ сонымен бірге бұл ең қиын, өйткені оң жауап алу үшін көп күш пен ресурстарды қажет етеді. Концерт — демонстрацияны қамтитын қойылым, көрермендер үшін орындайтын көркем нөмірлер (ән, би, театр миниатюрасы және т. б.). Осылайша, концерт өнерді көпшілік алдында сөйлеу форматында бейнелеу құралы ретінде әрекет етеді. Концертті арнайы ұйымдастырушылық және көркемдік талдау нысаны ретінде, бұл «өнер құбылысының» өзіндік жолы бар екенін атап өтуге болады, тарихи қалыптасуы, оның дамуы мен қалыптасуы болып табылады. Ағынмен уақыт, концерт өзгертілді және өзгерді. Бүгін бұл көрініс белсенділік дамудың жана раундын алады, ол үнемі қоғам өміріндегі өзгерістер арқылы анықталады.

Заманауи концерттік шоу бағдарламалардың бірнеше түрі бар:

Мақсаты бойынша:

- ағымдағы;
- есеп беру;
- қарау;
- мерекелік;
- мерейтой.

Өткізетін орны бойынша:

- стационарлық;
- сайттан тыс;
- гастрольді;



Бағдарламаларды құру жолымен:

— дивертисциялар;

— филармония;

— театрландырылған.

Орындалу түрі бойынша:

— халық музыкасының концерттері;

— академиялық музыкалық топтардың концерттері (концерт опера музыкасы, симфониялық, камералық музыка, концерт хор музыкасы және т. б.);

— джаз және эстрада музыкасы;

— рок-концерттер және т. б.

Үш негізгі элементтің үйлесуі бағдарламаны құруға негіз болады: әртүрлілік және цирк нөмірлері, екі-үш еселенген ойын-сауық, хореографиялық композициялар. Жақсы жабдықталған концерттік қойылымдары «бейне реттілікке» айналады, ол тыңдаушыларға суперкуатты қондырғылардың арқасында және одан сайын жетілдірілген музыкалық аспаптардың, барған сайын жетілдірілген және жетілдірілген техниканың арқасында түсетін дыбыс ағынымен жүреді. Тұтынушылық музыка саласында (және музыкалық өнердің едәуір бөлігінде) технологияның кеңеюі одан әрі өрбіді: қазір тіпті дыбыстық жазудың өзі жаңа туындыларды жасаудың бір түріне айналды. Шоу үшін көбінесе әдейі ұйымдастырылған кездейсоқтық пен немқұрайлылықпен ерекшеленетін мұқият ойластырылған және экстраваганттық сахна дизайны, бұрын мұқият маскалау және жасыру әдетке айналған (бұл техника, біз ойлағандай, авангардтық өнердің арсеналдарынан алынған — сәулет, кескіндемелік, театрлық, мысалы, 1960–1970 жж. қатыгездік), концерттік бағдарламаның жанры, сыртқы келбеті туралы бірнеше сөз айту керек. Барлық жарық, түс, шу, «атмосфералық» және басқа эффекттер естен тандыруға, басуға, саңырау етуге арналған, бір сөзбен айтқанда, тыңдаушыларды «ерсі», «жоғары» сезінуге мәжбүр етеді. «Сананы бұлыңғырлаудың әсері жеңіл музыкамен қабылданады және әлеуметтенеді. Бұл шоудың нәзік әсері, ол арқылы әдет қалыптасады, өрескел тітіркендіргіштерге ең таңқаларлық қайшылықта болады. Сахнадағы субъекттердің, бишілердің және тіпті ансамбльдің барлық музыканттарының қимылдары мен қимылдары, киімнің және жартылай жалаңаш денелердің жыпылықтауы, музыкамен де, хит мәтіндерімен де қисынды және эмоционалды түрде дәлелденбейді, сонымен қатар «жоғары» күйдің пайда болуына ықпал етуге бағытталған. Қазіргі заманғы музыкалық шоу — бұл музыканың өзіне, вокалына және кәсіби қойылымға аз көңіл бөлініп, орын аз болатын саңырау және таңқаларлық театрландырылған қойылым; бұл жарнама алдында болатын, сүйемелдейтін және шабыттандыратын шоу.

Бүгінгі күні Қазақстанда ведомстволық бағыныстылығы, ұйымдастырушылық формалары, жанрлары, стильдері, мазмұны мен танымалдығы жағынан әр түрлі шығармашылық топтардың саны өте көп. Айырмашылықтар олардың кәсіби орындау және авторлық деңгейіне, мәтіндер мен музыканың көркемдік құндылығына, коммерциялық, шығармашылық және мансаптық мақсаттарына да қатысты. Қазіргі уақытта концерттік бизнес, мәдениеттің басқа салаларына қарағанда, «элитаның» жоғары орындаушылық деңгейі мен «қатардағы адамдардың» төменгі деңгейін бөліп тұрған «орасан зор қашықтықпен» сипатталады. Шынайы өнер құндылықтарына халықтың қол жетімділігі шектеулі, ал сапасыз өнімдер, керісінше, кең таралған. Масштабтың бір жағында ұлттық қазынаны құрайтын, әлемдік даңққа лайықты, даңқты дәстүрлері бар ұжымдар бар. Ғасырдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін концерттік іс-шараларға қатысушылардың саны күрт көбейіп қана қоймай, олардың ұйымдастырушылық формалары әр түрлі болды. Көптеген муниципалдық және коммерциялық құрылымдар пайда болды. Барлық деңгейлердегі билік өздерінің бюджеттеріне сүйене отырып, өздерінің қарауындағы концерттік ұйымдар мен топтардың жеке желілерін құрудың артықшылықтарын түсінді.

Соңғы уақыттарда концерттер театрландырылған қойылымға айналуы үдерісі көбейе түсті. Яғни, барлық номерлер концерттің жалпы идеясына, жалпы тақырыпқа, сюжеттік бағытқа бағынады. Бұл жағдайда көрермен концерттік нөмірді жеке ретінде қабылдамайды.

Концерт нөмірін жасаудың нақты кезеңдері жоқ. Бұл процесс шығармашылық, кейде интуитивті, бұл нақты айтуға мүмкіндік бермейді, тек режиссердің фантазиясының реттілігі.

Қорытындылай келе, мен жастардың бос уақытын ұйымдастырудың ең танымал формаларының бірі болып табылатын концерттік қызмет екенін қысқаша атап өткім келеді. Алайда қолданыстағы технологиялардың алуан түрлілігімен, концертті ұйымдастыруда ұйымдастырушының назарын аудиторияға жеткіліксіз бағыттау байқалады. Бүгінгі жағдайда концерттер санының қарапайым механикалық көбеюі аудиторияны көбейтудің шешуші шарты емес екенін ескермеуге болмайды. Көрермендерді тарту туралы қамқорлық аудиториямен жұмыс кезінде психологиялық және әлеуметтік факторларды ескере отырып, коммерциялық қызығушылықтан басқа, терең шығармашылық қызығушылықты қажет етеді.

#### Әдебиет:

1. *Гуревич А. Я.* Ортағасырлық халық мәдениетінің мәселелері / А. Я. Гуревич — Мәскеу: Өнер, 1981.
2. *Еврейнов Н. Н.* Осындай театр / Н. Н. Еврейнов. — Мәскеу: Вагриус, 2003.
3. *Конович А. А.* КСРО-дағы театрландырылған мерекелер мен салтанаттар / А. А. Конович. — Мәскеу: Ғылым, 1990.
4. *Луначарский А. В.* Бұқаралық мерекелер, сахна, цирк туралы / А. В. Луначарский. — Мәскеу: Өнер, 1981.
5. *Сафронова Л. А.* XVII–XVIII ғасырлардағы славян театрының поэтикасы / Л. А. Сафронов. — Мәскеу: Ғылым, 1981.
6. *Уортман Р. С.* Қуат сценарийлері / R.S. Wortman. — Мәскеу: OGI, 2002.
7. *Финк Е.* Адам тіршілігінің негізгі құбылыстары / Э. Финк // Батыс философиясындағы адам мәселесі. — Мәскеу, 1988. — Б. 357–402.

## РОЛЬ КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ СРЕДЫ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ

**Каримова Эльдана Эмильевна**

магистрант

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, город Шымкент

E-mail: [dianafrost1998@mail.ru](mailto:dianafrost1998@mail.ru)

**Сапарова Юлдуз Азимхановна**

кандидат педагогических наук, доцент

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, город Шымкент

E-mail: [Ulduz.Saparova@auezov.edu.kz](mailto:Ulduz.Saparova@auezov.edu.kz)

**Түйіндеме.** Мақалада мәдени-демалыс ортасының рөлі қарастырылады. Қазақстанда жастар мәдениетін қалыптастыру, жастардың бос уақытын ұйымдастыруды жақсарту мүмкіндіктері талқыланады.

**Тірек сөздер:** мәдени-демалыс ортасы, мәдениет, жастар, руханият, адамгершілік, тәрбие.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль культурно-досуговой среды в формировании культуры молодежи в Казахстане. Анализируются возможности улучшения организации досуга молодежи.

**Ключевые слова:** культурно-досуговая среда, культура, молодежь, духовность, нравственность, воспитание.

**Absrtact.** The article examines the role of the cultural and leisure environment in the formation of the culture of youth in Kazakhstan. The possibilities of improving the organization of youth leisure are analyzed.

**Keywords:** cultural and leisure environment, culture, youth, spirituality, morality, education.

Культурно-досуговая среда — это социальное явление, которое напрямую влияет на образ жизни, мировоззрение и духовно-нравственную культуру молодежи. Культурная среда (Cultural environment, Cultural context) определяется как «значимое пространство жизнедеятельности, в котором протекает процесс формирования личности, ее развитие и саморазвитие во взаимодействии с другими людьми, природными, предметными факторами, культурными ценностями» (Пешкова, 2020).

Культурно-досуговая среда создана для организации досуга молодежи. Досуг в современных работах выступает как сфера саморазвития личности, проявления ее сущности, способностей; как возможность самореализации и самоактуализации каждого человека, как сфера воспитания личностных и гражданских качеств, сфера расширения культурного кругозора и обмена духовными ценностями. Анализируя различные подходы к характеристикам досуга, выделим основные: свободу от жестких социальных требований, возможность выбора, гедонистичность досугового поведения (личность находится в поисках радости, наслаждения), компенсационность (активность направлена на возмещение того, что люди недополучают в других сферах своей жизнедеятельности) (Ярошевич, 2014).

Говоря о культурной среде региона, мы можем выделить черты, которые определяют ее характер. К ним следует отнести, прежде всего, этнический состав населения региона и принятые в составляющих его этносах нормы адекватного социального поведения, зафиксированные в текстах данной культуры, традиционные ценности, степень открытости инокультурным сообществам и способы разрешения конфликтов (Кемерова, 2019).

Роль культурно-досуговой среды в формировании духовно-нравственной культуры молодежи является малоизученной сферой исследования в СНГ и за рубежом. А в Казахстане влияние культурно-досуговой среды становится не изученной проблемой, на которую исследователи ранее не обращали пристального внимания.

Молодые люди испытывают острую потребность в местах, где можно расслабиться и пообщаться с друзьями, провести свободное время за интересными занятиями. Усиление действий современного общества включает установление приоритетов, принятие решений и использование стратегий, которые расширяют возможности определенного сообщества посредством самопомощи и социальной поддержки. Для создания благоприятных условий культурно-досуговой среды в учреждениях культуры и искусства проводятся разноплановые мероприятия, организуются творческие студии. Программа «Рухани Жаңғыру» положительно влияет на духовно-нравственную культуру молодежи, способствует духовному росту и нравственному воспитанию, улучшению культурного уровня молодого поколения.

В молодежных центрах созданы все условия для организации досуга молодежи, творческого самовыражения и реализации новых культурных программ. Руководители молодежных объединений используют различные методы для поощрения и поддержки участия участников и осуществления демократии как в рамках своей деятельности, так и в местном сообществе. Эти мероприятия также предоставляют множество возможностей для лидерства и развития навыков у молодых людей, которые способствуют личному и социальному развитию. На молодежь возлагается ответственность в различных видах деятельности и на руководящих ролях, которые укрепляют уверенность в светлом будущем и заставляют чувствовать, что они вносят значимый вклад в культуру Казахстана.

Взаимодействие общества и личности через предметную деятельность — исходная проблема методологического характера. «Влияние общества на личность и личности на общество есть процесс диалектический. Как общественные отношения формируют человека, так и человек своей деятельностью изменяет общественные отношения. Но определяющее значение остается за социальной средой» (Каган, 1974). А культурно-досуговая среда является важной составляющей социальной среды, в которой молодежь учится нормам поведения и общения в свободное время.

Нормативное социальное поведение, выступающее в своих ритуализированных формах, обеспечивает сосуществование и взаимодействие индивидов и сообществ и межкультурный диалог. «Культурная среда в существенной мере представляет собой именно ритуальное пространство социальных взаимодействий, и это является одним из наиболее значимых ее свойств. Нормативное поведение служит основной формой социального существования культурной среды и осуществления присущих ей социально-организационных функций» (Флиер, 2013).

Суммируя инновации в организации досуга и включенность молодежи в проведение культурных мероприятий, происходит улучшение культурно-досуговой среды. Реализация программы Рухани Жаңғыру приводит в формированию духовно-нравственной культуры, высокой духовности и нравственности молодежи. Таким образом, создание благоприятной культурной среды является одной из важнейших задач культурной политики в Казахстане. Но проблемы, возникающие во время организации досуга молодежи, нельзя списывать со счетов и игнорировать. Поэтому нужно проводить длительные исследования роли культурно-досуговой среды, которая влияет на мировосприятие, культуру молодежи. Фактическая ситуация в сфере досуга совпадает с тем, как молодежь проводит свободное время. В основном встречи с друзьями, походы в кино, изучение языков, компьютерные игры, просмотр фильмов дома. Меньше всего — чтение, творчество, музицирование.

В качестве альтернативных форм досуга, которые молодые люди хотели бы видеть в городе: кинотеатры, рестораны, парки аттракционов, творческие студии; культурные учреждения, в которых проводятся мастер-классы, курсы, выставки; клубы по интересам.

Основной проблемой исследования становится то, что молодежь не имеет возможности выстроить стратегию досуга в соответствии с текущими потребностями.

### Литература:

1. *Пешкова В. П.* Педагогические ресурсы социально-культурной среды образовательного учреждения // Сайт С. Петерб. гуманитар. университета профсоюзов. URL: <http://www.gup.ru/events/smi/detail.php?ID=166371> (дата обращения: 30.11.2020). — С. 35–36.
2. *Ярошевич Т. М.* Досуг: теоретические аспекты, структура, содержание. // Гуманитарные, социальноэкономические и общественные науки. 2014. № 1. — С. 299–304.
3. *Кемерова Т. А.* Теория социально-культурной деятельности. Учебное пособие.: Изд-во Урал. университета. — Екатеринбург, 2019. — 19 с.
4. *Каган М. С.* Человеческая деятельность (Опыт системного анализа). — Москва, 1974. — С. 67–70.
5. *Флиер А. Я.* Культурная среда и ее социальные черты // Информационно-гуманитарный портал «Знание. Понимание. Умение». 2013. — С. 50–52.

## ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ САХНАЛЫҚ КОСТЮМНІҢ ОРНЫ

**Күмісбаева Назерке Мұхтарқызы**

4-ші курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

E-mail: [nazerkemukhtar5@gmail.com](mailto:nazerkemukhtar5@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі:

**Қоспағарова Әсем Қабидолдақызы**

гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

E-mail: [asem.kospagarova@gmail.com](mailto:asem.kospagarova@gmail.com)

**Түйіндеме.** Костюм — кез-келген сахна, карнавал немесе театр қойылымы, жалпы белгілі бір іс-шараны ұйымдастырудағы маңызды элемент болып табылады. Кәсіби ұжымдар жаңа спектакльдер мен концерттерге арнап, арнайы костюмдерге тапсырыс береді. Олардың қатарында эстрада жұлдыздары, бишілер, өнер майталмандары бар. Дұрыс таңдалған киім қажетті бейнені жасауға көмектеседі, сол арқылы көрермендердің назарын аударады, кейде іс-әрекеттің негізгі бөлігі болып саналады.

**Тірек сөздер:** костюм, театр, сахна, спектакль, өнер.

**Аннотация.** Костюм на любой сцене, будь то карнавал или театральное представление, в целом — это важный элемент в организации того или иного мероприятия. Профессиональные коллективы заказывают специальные костюмы для новых спектаклей и концертов. Среди них звезды эстрады, танцоры, мастера искусства. Правильно подобранная одежда помогает создать правильный образ, тем самым привлекая внимание зрителей, иногда считается основной частью деятельности.

**Ключевые слова:** костюм, театр, сцена, спектакль, искусство.

**Abstract.** A costume in any stage, carnival or theatrical performance, in General, is an important element in the organization of an event. Professional groups order special costumes for new performances and concerts. Among them are pop stars, dancers, and art masters. Correctly selected clothing helps to create the right image, thereby attracting the attention of the audience, and is sometimes considered the main part of the activity.

**Keywords:** costume, theatre, stage, performance, art.

Латын тілінен аударған да, «costume» — адамның әлеуметтік, ұлттық, аймақтық байланысын көрсететін киімнің жалпы немесе ерекше стилін білдіретін ұғым. Ал «сахналық костюм» ұғымына көбінесе сахнада белгілі бір бейнені жасау үшін адамның сыртқы түрін (киім, аяқ киім, шаш үлгісі, зергерлік бұйымдар, аксессуарлар, макияж) жасанды түрде өзгертетін барлық сай келетін киімдер мен аксессуарлар жатады. Сахналық костюмдер жеке қойылымдарға да, топтық қойылымдарға да қатысты.

Олардың атқаратын рөлі:

— театрдағы спектакльде;

— кинода;

— би ұжымдарының қойылымдарында, балет пен циркте;

— спорттық жарыстарда (мәнерлеп сырғанау және көркем гимнастика).

Өнертану ғылымдарының кандидаты Елизаровтың пікірінше, «костюмнің сахналық хореография контекстіндегі мәдени құбылыс ретіндегі функцияларын зерттеу мәселесі әлі зерттелген жоқ». Ол әлемдік жаһандануға қарамастан, көркемдік іс-әрекетте орындаушының жеке басын шығармашылық дараландыруды қалай сақтау керектігін, костюмнің функционалдық маңыздылығының кейбір аспектілерін өзектендіру арқылы суретші-

орындаушылар мен көрермендердің бейнелі ойлауын оятудағы кешенді тәсілдің мүмкіндіктерін анықтауды түсінуге жақындатады.

Бұл киімдер де басқа терминдер сияқты бірнеше тармаққа бөлінген. Солардың бірі бүгінде сахналық костюмдер. Олардың функциялары қандай болу керек? Сахналық костюмнің, атап айтқанда, бишінің костюмінің негізгі функциялары — белгілі бір контекстегі орындаушыны бейімдеу, көрермендерді жасалған сурет туралы хабардар ету (жыныстық, ұлттық, діни, жас, кәсіби), орындаушының бейнесін қалыптастыру.

Ал, сахналық костюмдерге қойылатын талаптар мыналар:

— Костюмдер бүкіл қойылым кезінде бишінің денесінің интимдік бөліктерін жабуы керек. Интимдік бөліктер: бөкселер, бюст және жамбас аймақтары. Дененің интимдік бөліктері денеден басқа кез-келген түсті, мөлдір емес материалмен жабылуы керек. Егер осы аймақтар үшін мөлдір материал қолданылса, онда міндетті түрде мөлдір емес материалдың ішкі астары болуы керек.

— Макияж бен костюм жасына, жынысына және қолданылатын формасына сәйкес келуі керек.

— Эстетикалық талаптар — визуалды үйлесімділік, көркемдік мәнерлілік, қойылым сатысымен стилистикалық бірлік.

— Эргономикалық талаптар — костюм мүмкіндігінше ыңғайлы болуы, қолғалысқа кедергі келтірмеуі керек. Костюмнің салмағы мүмкіндігінше аз болғаны жөн.

Ал пайдалану талаптары — сыртқы түрінің сақталуы, ұзақ мерзімділігі және жөндеуге жарамдылығы. Егер костюм көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, онда кейіпкердің мінезін ашуға, көрерменге барынша әсер етуге көмектесетін белгілі бір энергия пайда болады.

Іс-шараны ұйымдастырудағы сахнаның заңдары туралы да ұмытпаған жөн. Сахна костюмі бес-алты метр алыс қашықтықтан көрінуге арналған. Сондықтан оған кейбір сәндік қасиеттер тән болуы керек. Шынайы кестелерді қолданбауға тырысу керек, себебі, сахналық костюмдегі «кесте» аппликациямен, түрлі тоқыма баумен жасалады. Бұл қаншалықты нәзік әрі әдемі көрінсе де, көрермендерге басқаша жағымсыз дақтар немесе соған ұқсайтын бейне беруі мүмкін. Оған себеп — көрерменнің сахнадан алыс отыруы, сол тоқылған киімнің бізге сәнді болып көрінсе де, алыстан дәл солай көрінбеуі. Ою-өрнек үлкен, айқын, қашықтықтан жақсы «оқылуы» керек екенін үнемі ескерген жөн.

Сахнада жиі қайталанатын қателіктер қандай? Тарихи немесе халықтық костюм негізінде театр костюмін жасау кезіндегі стилистикалық қателіктерге тоқталайық:

— костюмнің пішіні мен силуэтін еркін қоладану;

— тән емес материалдар пайдалану;

— дұрыс таңдалмаған түс гаммасы;

— ою-өрнекті дұрыс қолданбау;

— әртүрлі аймақтарға, уақыт кезеңдеріне және әлеуметтік топтарға тән костюм элементтерін біріктіру.

Сахналық костюмдер жарнамалық акциялар кезінде де кеңінен қолданылатынын білеміз. Мұнда олар компанияның логотипімен сәйкес толықтырылуы мүмкін және міндетті түрде өзгеріссіз орындалады. Костюмді киім ретінде қарасақ та, оның маңызы зор. Ол кескінді толықтыруға арналған, кейіпкердің сыртқы түрін және оның дене бітімін көзбен өзгертіп, кейіпкерді көрсете алады. Сондықтан сахна киімдері — дәстүрлі түрде қойылған кез-келген іс-шараның ажырамас бөлігі. Пайдалану түріне төрт топқа бөлуге болады. Кәсіпқойлар мен әуесқойлар арасында танымал костюм түрлеріне тоқталсақ.

*Маскарад және карнавал костюмдері.* Карнавал дәстүрлі түрде жаппай шерулермен және театрландырылған қойылымдармен бірге жүреді. Карнавалдарда ең танымал — Пьеро, Арлекин және басқа да танымал кейіпкерлердің дәстүрлі киімдері.

*Мерекелер.* Бұқаралық мерекелік іс-шараларда ойдан шығарылған және ертегі кейіпкерлерін кездестіруге болады. Бізде ең көп таралған костюмдер — Аяз Ата мен Ақшақар, Баба Яга және орыс ертегілерінің басқа да кейіпкерлері.

*Рөлдік немесе ойын.* Рөлдік ойындар — көптеген қатысушыларды қызықтыратын салыстырмалы түрде жаңа және өте қызықты құбылыс. Ойын танымал қиял романдарының бірінің сюжетіне негізделген. Оның қатысушылары әдеби кейіпкерлердің рөлдерін «сынап көреді». Қатысушылар әрқашан орындалатын рөлге сәйкес костюмдер пайдаланады.

*Анимациялар мен жарнамаларға арналған костюм.* Сахналық костюмдерді пайдаланушылардың үлкен тобы — аниматордар мен промоутерлер. Аниматор нақты бейнені жасау үшін тиісті костюмді қолдана отырып, кез-келген кейіпкерге айнала алады (тапсырысқа байланысты).

*Костюм сатып алу және жалға алу.* Костюмдерді сатып алу тек кәсіби театр, би, цирк ұжымдары мен қалыптасқан репертуары бар көркем өнерпаздар үшін маңызды. Кез-келген мерекеде жұмыс істейтін және әртүрлі рөлдерде өнер көрсететін Аниматор, егер ол тек бір бағытпен шектелмесе, қажет болған жағдайда костюмді жалға алғанды жөн көреді. Аниматорға немесе роликке сахналық костюмді жалға алса, ол сатып алуға қарағанда әлдеқайда тиімді болады. Осылайша уақытша көрініске шығын келтірмеймін дейтіндер, оны жалға алуды таңдайды.

Ойымызды қорытар болсақ, сахналық костюм мәселесі жаһандану процестері мен өнердегі тенденциялардың өзіндік ерекшеліктерін теңестіруге әкелетін біздің заманымыздағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, бұл әсіресе сахналық костюмдерді стандарттау процесінде көрінеді. Сахнада әдемі киіну нағыз стилисттің таңдауымен шешілетін дүние. Үнемі әдемі киімдер бола бермейді, кейде сапасыз тігілген, сәтсіз костюмдер де болады. Осының бәрі іс-шара ұйымдастыруда өзекті мәселе болып табылады. Жақсы сахна костюмін жасау – тек талғам мен тігін машинасымен жұмыс істеу қабілетін ғана емес, сонымен қатар, дағдылардың, тәжірибенің нақты өндіріс технологияларына байланысты болуын білу болып тұрады. Ал бұл фактрлар заман дамуына сай, тікелей байланысты және уақыт өткен сайын өзгеріп отырары сөзсіз.

#### Әдебиет:

1. *Акимов Н. П.* Театральное наследие / Под ред. С. Л. Цимбала. Сост. и комм. В. М. Миронова: В 2 кн. — Ленинград: Искусство, 1978. Кн. 1. Об искусстве театра. Театральный художник. — 295 с.
2. *Березкин В. И.* Искусство сценографии мирового театра — Москва: Едиториал УРСС. Т. 2 : Вторая половина XX века. В зеркале Пражских Квадриеннале 1967–1999. – Изд. 3-е. — 2012. — 808 с.
3. *Горчаков Н. М.* Работа режиссера над спектаклем. — Москва, 1956. — 464 с.
4. *Захаржевская Р. В.* Костюм для сцены — Москва: Советская Россия, 1973. — 112 с.
5. *Михайлова А. М.* Образ спектакля — Москва, 1978.



## ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ӨТКІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ

**Мүтәлиев Хамид Сәрсенұлы**

өнертану магистрі, оқытушы

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қаласы

E-mail: [92\\_xamo\\_92@mail.ru](mailto:92_xamo_92@mail.ru)

**Түйіндеме.** Мақалада жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында атқарылатын жұмыстардың заманауи бағыттары қарастырылды. Қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналған болашақ ұрпақтың әлеуметтік желіге тәуелділігі, бос уақытын ысырап етуі, білімсіздікке алып келетін кедергілерді жою мәселелері қарастырылған. Патриотты және білімді жастар тәрбиелеу, мәдениетімізбен әдет-ғұрпымызды келешек ұрпаққа насихаттау жолдары заман талабына сай қолданысқа енуі көрсетілген.

**Тірек сөздер:** мәдениет, бос уақытты тиімді өткізу, жастар, мәдениет ошақтары, үйірмелер, әлеуметтік желі, әдет-ғұрып.

**Аннотация.** В статье рассмотрены современные направления работы, проводимые с целью эффективного проведения досуга молодежи. Одной из актуальных проблем в обществе является зависимость будущих поколений от социальной сети, трата свободного времени, устранение барьеров, приводящих к необразованности. Показано, что путь воспитания патриотической и образованной молодежи, пропаганды нашей культуры и обычаев для будущих поколений проходит в соответствии с требованиями времени.

**Ключевые слова:** культура, досуг, молодежь, учреждения культуры, кружки, социальные сети, традиция.

**Abstract.** The article deals with modern areas of work carried out for the purpose of effective leisure activities for young people. One of the most pressing problems in society is the dependence of future generations on the social network, the waste of free time, and the elimination of barriers that lead to lack of education. It is shown that the way of education of Patriotic and educated youth, promotion of our culture and customs for future generations passes in accordance with the requirements of the time.

**Keywords:** culture, leisure, youth, cultural institutions, clubs, social networks, tradition.

Егеменді ел болғалы еңсемізді түзеп, экономикамызды дамытып, әдет-ғұрпымызды насихаттауға біршама көңіл бөлдік. Тар жол тайғақ кешу деген сындарлы жолдардан да бірлігіміз бекем болып өткен елміз. Өз тілімізді, дінімізді өзгеде осал тұстарымызды шыңдап, дамыған отыз елдің қатарына кіруге де мүмкіндік туды. Осы деңгейді жоғарылату, еліміздің ертеңін бекем ұстайтын жастар легі екені ақиқат. Болашақ ұрпақтың қай салада болмасын өзін де, мемлекетін де алға сүйреуі басты міндеті болып табылады. Осы орайда жастар қауымы білімге, ғылымға, мәдениетке, экономикаға қосар үлесін саралау керек секілді. Олар қаншалықты өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды, неге қызығады, қай саланы дамытуға бейім? Міне осы сұрақтар жастардың бос уақытын қалай өткізетініне бірден-бір негіз. Қоғамдағы басым проблемалардың бірі — жастардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесі. Дамыған технология заманында жастардың көпшілігі бос уақыттың жоқтығын тілге тиек ететіні шындық. Алайда әлеуметтік желіге тәуелді болып қалғандары, оқуға немқұрайлы қарауы, жалқаулықпен құмар ойындарына бейім болуы өмірлік жағдайларда кездесіп жатыр.

Жастар арасында бос уақытты ұйымдастыру жұмысы қазіргі таңда күрделі процесс. Себебі жастардың басым бөлігі кітап оқымайды, қызығушылығы төмен, қоғамдық ортадан

өзін аулақ ұстайтыны тағы бар (Табылдиев, 1992). Бұл проблемаларды жою мақсатында түрлі жобалар қолға алынды. Ұялы телефонға үнілген жастар үшін арнайы электронды кітаптар, онлайн сабақтар, аудио жазбалар жасалынғанымен жастардың көпшілігінде ынта жоқтығы байқалады. Аталмыш проблемаға саралап келгенде бірнеше факторлар әсер еткенін байқауға болады. Олар: әлеуметтік желіге тәуелділік, оңай жолмен (бәс тігетін құмар ойындары) ақша табу, бұзақылыққа бейім болу т. б. Бұл нақты келтірген бірнеше факторлар ғана, одан бөлек отбасылық жағдайлар, білімсіздіктен алаяқтарға алданып жаман жолға түсіп кеткендері де баршылық.

Осы жағдай көптеген мемлекеттерде өзекті мәселелердің біріне айналып тіпті кейбір елдердің экономикасына да әсер етуде. Мысал ретінде: Ресей Федерациясында ішімдікке салынған жастар 26% құрайды екен. Америка Құрама Штатында есірткіге тәуелді жастар саны жылсайын артып келе жатқаны да белгілі. Заң жүзінде үкімет қатал талаптар қойғанымен тосқауыл қою мүмкін емес болып тұр. Мексикада жұмыссыз жастарды арнайы бандылар өз топтарына алып, қолдарына қару беріп қылмысқа итермелеуде. Ал Ауғанстан мен Сирияны айтуға да келмес. Елі кедейшілікте, жастары діни наным-сенімдерге иланып өз қандастарына оқ жаудыруда (2). Елімізде жастардың қылмыс жасау дерегі ағымдағы жылы азайғанымен жұмыссыз жастар саны көбеюде. Оған себеп әлемдік пандемия көптеген шағын және орта бизнестерге шектеулер қойып, онда жұмыс жасаушы жастардың да табысына едәуір әсер еткені бар. Жұмыссыздық қай заманда болсын ел экономикасы мен халқына өзіндік қиындықтар туғызған. Ал жұмыссыз жастар жоғарыда келтірген мысалдар бойынша көптеген жаман жолдарға түсіп кетуі жалған емес. Сондықтан мемлекет тарапынан жастардың бос уақытын тиімді өткізу жолында түрлі салада заманауи жобаларды қолға алуы қажет деп білемін. Бұл тұста шетелдік пайдаланылған ерекше тәжірибелерді атап өтпесек болмас. Мәселен: Қытай Халық Республикасында әрбір жоғары оқу орнын бітіруші жастар дипломдық жұмысқа жаңа бір жобаны ойлап тауып оны қорғауы тиіс. Бұл студенттің осы уақытқа дейін қандай білім алғанын, болашақта қай салада жұмыс жасауын айқын көрсетеді. Ал Кореяда әрбір дені сау жігіт әскерге баруы міндетті, тіпті ол президенттің ұлы болса да. Бұл жастардың патриоттық сезімін оятып ғана қоймай, өз елін қорғауда, ата-анасына, отанына құрмет білдіруге таптырмайтын үрдіс. Ал кейбір мемлекеттерде өз тілін 100% білу міндеттеледі және қандай білім алып жатқаны күнделікті бақылауда болады (Мырзахан, 2011).

Елімізге де осындай не осыған ұқсас заңдылықтарды енгізу қажет деп ойлаймын. Аталған мысалдар мемлекетімізде тіптен керісінше екені ащы шындық. Бізде студент дипломды сатып алуға мүмкіндігі бар, әскерге бармау жолдарын қарастырады, ата-ана мен әдет-ғұрыпқа деген құрмет бәсеңсігенін аңғаруға болады. Көп жастарға топырақ шашпасақ та бұл мәселелер ортамыздағы — рухани тапшылық. Осы мәселе аясында бірнеше өз ұсыныстарымды баяндасам:

— Әрбір облыс, қала, ауыл-аймақтағы «Жастар орталығы» мен мәдениет ошақтарында жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мәдени және ғылыми үйірмелер ашу, осы іске білімді де білікті мамандарды тарту. Яғни әдет-ғұрпымызды үйрететін, қандайда бір кәсіпке баулитын үйірмелер қажет деп санаймын. Әйтпесе домбыра мен би үйірмесінен артық дүниелер таба алуыңыз екіталай.

— Республика бойынша жастарға арналған телеарна ашу. Арнадан білімді шындайтын бағдарламалар, бос уақытты тиімді өткізетін пайдалы ақпараттар және белгілі тұлғалармен сұхбаттар жүргізілсе.

— Жастарды кәсіпке баулитын жобалар санын арттыру; Қай салада болмасын өзін көрсете білуіне мүмкіндік жасап, арнайы гранттар бөлу.

— Әлеуметтік желіде пайдалы ақпарат беру тұстарын қарастыру. Яғни білімге, мәдениетке, медицинаға жастарды баулитын парақшалар, сайттар ашып арнайы байқаулар ұйымдастыру арқылы қызығушылықтарын арттыру; Біз жастарды әлеуметтік желіден арылта алмаймыз, демек әлеуметтік желінің пайдалы тұстарын қолдану қажет.

— Барлық саладағы жастар үшін байқаулар, фестивальдер, сайыстар ұйымдастыру; Тіпті біз ойламаған жұмыстар мен жұмысшылар бар. Қай саланың болмасын өзінің шеберлерін елге таныту, олардың шығармашылықтарын арттыру жолында ерекше жарыстар ұйымдастыру қажет деп санаймын. Себебі бәсекелестік бар тұста сапа бар.

— Білімді және тәрбиелі жастар санын көбейту мақсатында мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында тәрбиетану мен дінтану сабақтарын ашу. Пайғамбарымыз с. ғ. с. «Отанды сүю — иманнан» деп бекер айтпаса керек. Отбасыңды, еліңді, жеріңді сүю имандылықтан бастау алады. Ал әрбір жасқа оны мектеп қабырғасынан бастап үйрету маңызды деп білейік. Сонда ғана жаман істерден аулақ жүретін жастар өседі.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстардың кейбірі қолға алынса да жастардың бос уақытын тиімді өткізуге септігін тигізері анық. Болашақтың іргетасын қалайтын жастарға бағыт-бағдар беріп, тура жол көрсетсек Абайдай дана ұлдар, Бауыржандай батыр тұлғалы жастар өспек.

Қазіргі таңда ел байрағын көкке көтеріп жүрген жастар да баршылық. Спортта Геннадий Головкин, Данияр Елеусінов, Шавкат Рахмонов, Жалғас Жұмағұлов, Назым Қызыбай. Өнер саласында әлемге танылған Димаш Құдайберген, Иманбек, Қарақат Башанова, Айсұлтан Сейтов, Данэлия Тулешова, Ержан Максим сынды жастар легін мақтан тұтып айтсақ болады. Таланты тасыған осы жастар бос уақыттарында өз шеберліктерін шындап биік тұғырлардан көріне алды.

Қорыта келгенде айтарым, тәуелсіздігіміздің нығайып, болашағымыздың жарқын болуы өскелең ұрпақтың білімділігі мен іскерлігіне байланысты. Жастар қауымы өз болашақтарына алаңдаса бос уақытты тиімді пайдалану жолдарын қарастыруы, өзіне мақсат қоя білуі тиіс. Сонда ғана алар қамалы биік, еліне пайдасы тиер азамат болмақ.

#### Әдебиет:

1. *Табылдиев Ә.* Халық тағылымы. / Қазақтың педагогикасы және тәрбиесі. Алматы қазақ университеті, 1992. — 126–127 б.

2. Ұлттық тәрбие — ұлттың болашағы. / [www.massagan.kz](http://www.massagan.kz) — 1 б.

3. *Мырзахан А.* Ел болудың жолы — ұлттық тәрбие / Ана тілі / 20 қазан 2011 ж. — 16 б.

## ТАҚЫРЫПТАҒЫ КЕШ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІНІҢ МӘНІ

**Тұраш Жаннұр Алғатқызы**

4-ші курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

E-mail: [aizada150199@gmail.com](mailto:aizada150199@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі:

**Аманқұлова Лайла Абдраймовна**

Білім беру саласының үздігі, гуманитарлық ғылым магистрі, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

E-mail: [amankulova.layla74@gmail.com](mailto:amankulova.layla74@gmail.com)

**Түйіндеме.** Сөйлеу — адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұн «ақыл-ойдың көркі — тіл, тілдің көркі — сөз» деп тауып айтқан. Қазіргі кезде де өнер адамдары арасында, оның ішінде, театр және кино актерлары, режиссерлар, сахна, теле-радио жүргізушілері, көркемсөз оқу шеберлері, әнші-вокалистер, сонымен қатар, мешіт имамдары мен уағызшылар, лекторлар мен мұғалімдер, адвокаттар мен соттар, қоғам қайраткерлері жалпы, сөз өнеріне қатысы бар мамандар арасында заман талабына сай мән берерлік машақатқа (проблемаға) айналып отырған мәселе – сөйлеу мәдениеті. Қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынов сөз мәдениетін — сөз дұрыстығы және сөз бедері деп екі топқа бөлді. Сөз дұрыстығына сөйлем ішіндегі сөздерді дұрыс байланыстыра отырып орнымен сөйлеуді жатқызса, сөз бедеріне сөздің анықтығын, тазалығын, дәлдігін айтты. Яғни, дұрыс, таза, анық, дәл сөйлеу арқылы сөз көркемдігі әуезділігімен, әдемілігімен, келісті болуымен анықталады деп көрсетеді.

**Түйін сөздер:** тіл, сөйлеу, шеберлік, сөйлеу мәдениеті, сахна, ұйымдастыру.

**Аннотация.** Речь — главный признак человеческого сознания. Язык уже давно играет важную роль в развитии и совершенствовании психики человека и общества. Слова должны быть продуманными и выразительными. В противном случае он не сможет достичь своей цели. Наш народ прославляет тех, кто говорит многозначительно, говоря, что «его слова подобны стреле мира». И Дж. Баласагун сказал, что «красота ума — это язык, красота языка — это слово». Уже сегодня артисты, в том числе актеры театра и кино, режиссеры, телеведущие и радиоведущие, мастера художественного чтения, певцы-вокалисты, а также имамы и проповедники мечетей, лекторы и учителя, юристы и судьи, общественные деятели обращают внимание на ораторские навыки. Вообще, культура речи — проблема, которая становится все более актуальной среди профессионалов, занимающихся искусством речи. Основоположник казахского языкознания А. Байтұрсынов разделил словесную культуру на две группы: точность слов и рельефность. Под правильностью слова понимается правильность слов в предложении, правильность слова, правильность, чистота и точность слова. То есть через правильную, чистую, ясную, точную речь искусство речи определяется мелодией, красотой, гармонией.

**Ключевые слова:** язык, разговаривать, мастерство, культура речи, сцена, организация.

**Abstract.** Speech is the main feature of human consciousness. Language has long played an important role in the development and improvement of the human psyche and society. Words should be thoughtful and expressive. Otherwise, he will not be able to achieve his goal. Our people glorify

*those who speak meaningfully, saying that «his words are like the arrow of the world». And J. Balasagun said that «the beauty of the mind is a language, the beauty of a language is a word». Already today, artists, including theater and film actors, directors, TV presenters and radio presenters, masters of art reading, singers-vocalists, as well as imams and preachers of mosques, lecturers and teachers, lawyers and judges, public figures pay attention to the culture of speech as a problem that is becoming more and more urgent among professionals involved in the art of speech. The founder of Kazakh linguistics A. Baitursynov divided the verbal culture into two groups: the accuracy of words and the relief. Correctness of a word means correctness of words in a sentence, correctness of a word, correctness, purity and accuracy of a word. That is, through correct, clean, clear, precise speech, the art of speech is determined by melody, beauty, harmony.*

**Keywords:** language, talk, skill, a culture of speech, scene, organization.

Сахналық сөйлеу мәдениеті деп — сахна тілі заңдылықтарын ұстана отырып ойлы, бейнелі сөздің айтылу техникаларын терең меңгеріп және шығарманың жанрлық айырмашылығы мен стильдік ерекшеліктеріне қарай сөз саптау мәнерін келтіріп айту тәртібі деуге болады. Мысалы, драматургияда автордың идеясы болады. Шығарманы қоюшы режиссер автормен қатар өзінің де идеясын іске асыруды көздейді. Осыған орай, спектакльде ойнаған актер драматургтің идеясын, режиссердің мақсатын ескере отырып, қажетінше оны өзінің шеберлігімен дамытуға, шарықтау шегіне жеткізіп орындауға тырысып бағады. Осылайша, қағаз бетіне жазылған әрбір сөздің көрермен құлағына жеткенге дейін сан қырлы астары ашылып, қырланып, сараланып барып негізгі көздеген мақсатына жетуі сахналық тілдің заңдылықтары мен техникасына байланысты. Осы үдерістің жүзеге асуы және де сөздің негізгі атқаратын қызметінің орындалу деңгейі актердің құзырында әрі міндеті деп білеміз. Сол себепті де тіл ғылымындағы сөйлеу мәдениетінен театр саласындағы яғни, сахналық сөйлеу мәдениетінің ара-жігі ашылып, жүгі ауырлап айқындалатын тұсы да осы.

Сөйлеу мәдениетінің тамыры тереңде, әрі оның жоғары формасы шешендік өнер екені мәлім. Сол себепті шешендік өнердің тарихына қысқаша тоқталып кетуді жөн санаймыз. Шешендік өнер сонау (б. д. д. V–IV ғғ.) көне Греция және (б. д. д. I ғ.) Рим елдерінен бастау алады. Оның көрнекті өкілдері — Протогор, Цицерон, Платон, Аристотель, Сократ, Георгий, Исократ, Демосфен, Лисий, Антифонт, Андокид, Исий, Гиперид, Ликург. Ал, XI ғасырда адамзат мәдениеті мен әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан шығыс ғұламаларының бірі Кайкаустың (Кайкавус) 1082–1083 жылдары жазылған аса бағалы «Кабуснама» еңбегінде: «Айтылуға тиісті бір сөзді тыңдаушының көңілі қиырда да, раушанда да болатындай мағынамен айтуға болады... Егер сөз өнеріне жетік болсаң да, сөз құрылысын бұзбай, қазқалпында, дұрысын айтқанда, бірқалыпты ырғақпен сөйле. Қызметкер адамдармен қызметкерлерше, қарапайым адамдармен қарапайым сөзбен сөйлегін. Қай кезде болмасын шешендік өнерінің шегіне шықпа. Аузыңнан шыққан сөзің тыңдаушыға, тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын», — деп, мәдениетті сөйлеуді ғана айтып қоймай, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы мәнерлі сөздің ретін және де сөйлесушілердің арасындағы диалогті қалайша тиісті деңгейде өрбітуге болатыны туралы астарлы ой айтылғандығын байқауға болады (Кабуснама, 2005: 30 б.).

Қазақ шешендік өнері тарихи аңыздардан белгілі Майқы биден басталады. Бұл жөнінде халқымыз: «Түгел сөздің — түбі бір, түп атасы — Майқы би» дейді. Басқа да көптеген тарихи, ғылыми зерттеу кітаптардың авторлары да осыны растайды. Осылайша, шешендік өнер Майқы биден Аяз би, Асан қайғы, Жиренше, Төле би, Әйтеке би, Қазбек би, Сырым, Досбол, Бөлтірік, Бала билерге ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып біздерге жетті. Қазақтың шешендік өнері — ұлттық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде қазақ фольклорының өзіндік бітім-болмысын айқындайтын, халық дүниетанымын көрсететін ерекше жанр. Ал, әлеуметтік феномен тұрғысынан алғанда, шешендік дәстүр — белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалайда бір адами қағидаға байланысты туып, қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын үлгілік ойлар, мұраттар, тұжырымдар үрдісі. Ол қарапайым бата — тілектен бастап, мағыналы, тәрбиелі,

өнегелі, өсиет сөздерді қамтиды. Өнердің бұл түрі атадан балаға жетіп, дала тарихы басынан кешірген түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған терең ойдың қорытындысы.

Қазақ — ерте бастан-ақ сөз қадірін білген халық. Яғни, сөз өнеріне ерекше мән берген. Билеріміз ел ішіндегі, ру-тайпалар арасындағы дау-дамайды, жанжалдарды бір ауыз сөзбен бітістіріп отырған. Уақыт елегінен өтіп, халықтың санасына сіңіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен данышпан сөз зергерлері, халықтың мұң — мұқтажын ойлай білген. Қысылғанда жол табар ақылшысы болған Асан қайғы, Қазтуған, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар сияқты көптеген ақын-жыраулар ақпа-төкпе, суырып салма өлеңменен батырлардың ерлігін, байлардың сарандығын, жақсы мен жаманның айырмасын таңнан таңға жырлайтын болған. Олар, әр сөзді нақышына келтіріп орындаумен қатар терең ойды жеткізу, астарлап айту жағын жақсы меңгерсе керек. Сондай-ақ, халық әндерінің, халық композиторлары әндерінің сөздері қандай? Мысалы, кешегі өткен Қ. Қуанышбаев, Е. Өмірзақов, Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, С. Қожамқұловтар жазып қалдырған еңбектерінде, шешендік өнердің өздері ойнаған рольдеріне тигізген әсері жайында жақсы пікір қалдырғанын білеміз. Сондықтан да, сахна тілі ұстаздары сабақ кезінде шешендік сөздерді жоғарыда айтып кеткендей ой жеткізу, анық сөйлеу, астарлап сөйлеуге машықтану мақсатында немесе керісінше, демді, дауысты тәрбиелеу үшін материал (мәтін) ретінде де пайдаланамыз. Сахналық тілдің мәселесі уақыт өте келе күрделене түсуде. Ол қазіргі қоғамға сай дамуды қажет етеді. Тіл техникасын меңгеру өз алдына, оны актерлік шеберлікпен ұштастыра білу көп еңбек пен ізденісті талап етеді. Себебі, театр маманы М. Байсеркенов: «сахнадағы тіл мәдениеті әлі күнге өрге баспай келе жатыр. Жалаң декламация, жалған пафос, құрғақ баяндау көз аштырмайтын болды. Сахнадан сөйлеген сылдыр сөзден көрермен мезі болып бітті. Асығып — аптығып, сөзінің аяғын жұтып жұлмалап, жұлқып сөйлеген жаралы сөздерді естігенде, жаның жабырқайды. Жалаулаған жасық сөздің жаныңа батқаны сондай — жадап-жүдеп, күйзелмеске шараң жоқ», — дейді (Байсеркенов, 1993: 253 б.).

Осы айтылғандай, дауыс шығарып сөйлеуді декламация немесе пафос деп түсінетін, шапшаң сөйлеуді асығып - аптығумен шатастыратын, жүрек жылытар нәзік сөзді жасық сөз деп ұғынатындарды сахнаның сәнін бұзушылар деп айтқан болар едік. Өйткені, сахнада астарсыз айтылған сөздің еш бір мән- мағынасы болмайды. Керісінше, көрерменнің ызасын келтіруі мүмкін. Актердің сахна алаңында сүйенері сөз бе, әлде жансыз жабдықтар ма? Кесіп айту қиын. Өйткені, бұлар бірін-бірі толықтырып, қойылымның ажарын ашады. Өкінішке орай кей жағдайда олай болмайды. Сөйлеу мәдениетінің аясы кең, қызметі сан алуан. Сондықтан да болашақ актерге оны оқып, меңгеру үшін қойылатын талаптар да күшейе түсті. Мәдениет алаңы – сахна болса, сөйлеу мәдениетінің ошағы – сахна тілі. Себебі, сахнада тоқсан ауыз сөзді тобықтай қып түйіндеп айту, кімге болсын оңайға түсе қоймасы анық. Ал, оған үйрететін — сахна тілі. М. Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» атты кітабының «Сөйлеу мәдениеті және шешендік» деген тарауында «Шешендік — ой-пікірді тыңдаушыларға айқын, анық, әсерлі етіп айту (жазу) шеберлігі.

Сөйлесудің, сөйлеудің әдеттегі қарапайым қызметі пікір алысу, өзгелерге сөйлеушінің ой- пікірін білдіру болса, шешендік трибунасына шыққандар нәрлі, тартымды сөздер арқылы тыңдаушылардың сана-сезіміне әсер етуді көздейді», — деген болатын (Балақаев, 1989: 82 б.). Бұл тұрғыда белгілі актер, өнертану кандидаты Тұңғышбай Әл-Тарази шешендік өнердің рөл жасаудағы ерекшелігі мен маңыздылығы туралы айта келе, «Әлбетте, шешендік өнер қолданылған эпизодтар мен жекеленген сахналардың композициялық шешімдерін іздеуде, режиссерлардың алдымен театр өнерінің заңдылықтарына тәуелділігін, кәсіби түрдегі ұстанымдарын түсінуге болады. Дау-дамай шешетін сот отырыстарындағы шешендік пен театрдағы шешендік өнерді бір кеңістікте қарайластыру доғалдық екені рас. Соттағы шешендік — күнделікті өмірде болып жатқан дау тартысы, әділет іздеген айыптаушы мен қорғаушының айтысы да, ал театрдағысы — өнер» — деп, біз айтып отырған мәселелерді өнер деп, бір сөзбен түйіндегенін түсіну қиын емес (Әл-Тарази, 2008: 50 б.). Жалпы айтқанда шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті, сахна тілі, сөйлеу техникасы бір ұғымды

білдіргенімен парықтары әр басқа. Дей тұрғанмен, осынау ағайындас- бауырлас салалардың бастарын біріктіретін, бір арнаға тоғыстыратын — сахналық сөйлеу мәдениеті.

Театрдың негізгі мүшесі — актер. Ал, актердің сахнадағы басты қаруы — сөз, сөз әрекеті. Сахналық туындының идеялық мазмұн-мағынасы сөйлеген сөз арқылы жетеді деп, тіл танушы ғалымдар да бекер айтпаған. Сол себепті, театр өнерінің қажетті сұраныстарға сай дамып отыруына сөз өнерінің ықпалы айрықша болып қала бермек.

#### Әдебиет:

1. *Сыздық Р.* Сөз сазы. — Алматы: «Санат», 1995. — 117 б.
2. *Қабуснама.* Өзбек тілінен аударған Т. Айнабеков. — Алматы, 2005. — 160 б.
3. *Байсеркенов М.* Сахна және актер. — Алматы: «Ана тілі», 1993. — 336 б.
4. *Балақаев М.* Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. — Алматы: «Мектеп», 1989. — 96 б.
5. *Тұңғышбай Әл-Тарази.* Сөз. / Ғылыми теориялық зерттеу / — Алматы: «Нұрлы әлем», 2008. II томдық, I том. — 272 б.
6. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. — Алматы: «Ана тілі», 1992. — 448 б.
7. *Құрманғалиева С., Жармұқамедов М.* Қазақтың шешендік өнері / бағдарлама / — Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1994. — 38 б.



## ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ-ДЕМАЛЫС ҚЫЗМЕТІН КАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

**Жалғасбаева Қанагат Баймұратқызы**

*педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы*

*E-mail: [kanagat.1980@mail.ru](mailto:kanagat.1980@mail.ru)*

**Түйіндеме.** Бұл мақалада мәдени демалыс мекемелеріндегі тәрбие жұмысын жүргізу арқылы балалар мен жасөспірімдерге рухани тәлім-тәрбие беру, қоғамдық мәдени өмірінің ерекшеліктері қамтылған.

**Түйін сөздер:** мәдениет, тәрбие, қарым-қатынас мәдениеті, салт-дәстүр, ұйымдастыру

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности духовного воспитания детей и подростков через модернизацию воспитательной работы в учреждениях культуры. В статье рассмотрены особенности духовного воспитания детей и подростков через модернизацию воспитательной работы в учреждениях культуры.

**Ключевые слова:** культура, воспитание, культура общения, обычаи, традиции, организация.

**Abstract:** The article examines the features of the spiritual education of children and adolescents through the modernization of educational work in cultural institutions. The article considers the features of the spiritual education of children and adolescents through the modernization of educational work in cultural institutions.

**Keywords:** culture, education, culture of communication, customs, traditions, organization.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жүйесінің даму мәселесі балалар мен жасөспірімдердің мәдени демалыс қызметі тәжірибесін халқымыздың тәлім-тәрбие мұрасынан бөліп қарауға Оболмайтыны айқындалды. Тұлға қалыптастыруда бүгінгі күннің әсері көп. Мәдени демалыс мекемелері балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты тұлға ретінде дамуына себеп болып, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда әлеуметтік мәдени мекеме болып табылады. Сондықтан, тәуелсіз еліміздің келешек ұрпағының интеллектуалдық ой-өрісін дамытуда саналы да, сапалы тәрбие беру — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қандай озық мәдениет болмасын, адамға оның төл мәдениетін алмастыра алмайды. Қазақ мәдениеті — бірегей, қайталанбас құбылыс. Оның уызына қанбаған, оның нәрін бойына сіңіре алмаған қазақтың баласы-рухани қалыптаспаған тұлға. Олай болса, жеке тұлғаның сана-сезімі мен мінез құлқын қалыптастыруда орасан зор рөл атқаратын ұлттық мұраларды сақтап қалудың бірден-бір кепілі мектеп және мәдени демалыс мекемелер қабырғасында оларды балалар мен жасөспірімдерге жүйелі түрде меңгерту (Әбиев, т. б., 2004).

Мәдени демалыс мекемелеріндегі тәрбие жүйесіндегі жұмыстар салт-дәстүрлерді, төл өнерді жаңғырту арқылы болашақ ұрпағымыз, яғни балалар мен жасөспірімдерге имандылық-эстетикалық тәрбие берілуі керек. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», — деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов бекер айтпаса керек.

Міне, аталған мәдени ағарту мекемелері, ұл-қыздарымыздың бойына «ұлттық қасиет» өзінің тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген көзқарасы ерекше болып, осы қасиеттерді балалар мен жасөспірімдердің бойын сіңіре білсе еліміздің абыройының асқақтағаны. Мәдени демалыс мекемелері қызметінің тағы бір өзекті мәселесі балалар мен жасөспірімдердің демалысын ұйымдастыру. Өкінішке орай әлеуметтік-экономикалық мәселе күрделі, себебі, жергілікті өкімет орындары балалар мен жасөспірімдердің демалысын ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлмейді. Мәдени демалыс



қызметі мәдениетті тұлғаның дамыту әдістері мен жаңа түрлерін және балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық, физикалық белсенділігімен интеллектуалдық қабілеттерін жандандыруға, үлкен қабілеттерді дамытуға көп әсерін тигізеді. Сондықтан, балалар мен жасөспірімдердің қабілеттерін дамыту ұлттық дамушылықтың өзекті мәселесі болып табылады. Соңғы кезде біздің елімізде тәрбие деген көзқарас өзгерді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында былайша нақтыланды: «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру». Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар балалар мен жасөспірімдердің дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан олардың ой белсенділігін дамытып, білімі мен біліктіліктерін өмірдің жаңа жағдайына падалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды.

Бұл міндеттердің жүзеге асуы тұлғаның шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты. Шығармашылық танымдылық іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Балалар мен жасөспірімдердің даралығын, қабілеті мен ынта-ықыласын, барлық табиғи нышандарын толық ашуға қолайлы жағдайы бар орта болмақ. Педагогтық тәжірибені ұдайы қуаттап отырған бұл қағидалар біздің қоғамымыздың бастауыш ұясы болатын әлеуметтік ұжымның өзіне ғана тән ерекшеліктеріне негізделеді. Әлеуметтік қоғамда ұжым мен жеке тұлғаның түпкілікті мүдделері үйлеседі. Өйткені, қоғам қарқынды дамуында өндіріс пен қоғамдық өмірдің ақыл-ой мен дене еңбегінің барлық салаларында барынша алуан түрлі қызметке қабілетті, жан-жақты дамыған жеке адамды қажет етеді. Педагог А. Байтұрсынов: «бала тәрбиесін, оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерді өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болуы керек»,— дейді (Әбенбаев, 2006).

Ахмет Байтұрсыновтың бұл пікірі дәл бүгінгі, ертеңгі күннің талап-мақсатымен үндес, өмір бойы өшпейтін, ескермейтін өсиет. Бұлай дейтініміз, болашақ ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу ісіндегі басты тұлға — ұйымдастырушы-педагогтар, көркем жетекшілер және ата-аналар. Қазіргі таңда оларды жеке тұлға ретінде қабылдап, көкірек көзін оятып, ата-бабадан қалған халқымыздың асыл мұрасын баланың жас кезінен бойына ұялатып, адамгершілік, ізеттілік, эстетикалық сезім әрекеттерін қалыптастыру қажет.

Ол үшін алдымен ұйымдастырушы-педагог өзі жан-жақты білімді, шығармашылықпен еңбектенетін, ізденімпаз озық тәрбиені бойына түйіндеген, көреген, сезімтал, балаға жүрек жылуын төге білетін, оның ішкі дүниесін, жан сезімін көре білетін осы заманғы қоғамдық талап деңгейінде болуға тиіс. Егеменді ел болып тілімізді, дінімізді игердік. Тәуелсіздік тәрбие еркіндігін берді.

Тәуелсіздік мұраты өскелең ұрпақты жаңа сапада, қазіргі қоғамдық өмірге бейім, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуді аталап етіп отыр. Бұл талаптардың жүзеге асуы бір мектептің қолынан келуі тағы да мүмкін емес. Ендеше, мәдени демалыс мекемелері қызметі керек. Екінші жағынан жаңа міндеттердің бәрі тек қана тәрбие жұмыстарының жаңа формалары мен әдістері арқылы ғана шешілуі мүмкін болмай тұр.

Ендеше өскелең ұрпақтың жаңа қоғамдық санада, өзі өмір сүретін орта өзгерісі жағдайларына сай тәрбиеленуде, оны жетілдіру мәселелерінде тарихи тәжірибелерді қайтадан пайдаланып, жабылған мәдени мекемелердің көптеген тарихи типтерін қалпына келтіріп, тәрбие міндеттерінің әсерлі шешімдеріне айналдыруға болады. Сондай-ақ, болашақта мәдени демалыс мекемелерінің іріленуі, тәрбиеленушілердің жақсы жабдықталған клубтарға шоғарлануы мекемелердің толымдылығына, үйірмелер санының артуына көмектеседі. Соның нәтижесінде мәдени мекемелерді қаржыландыру мен материалдық қамтамасыз ету ісі жақсарып, әкімшілік пен қызметкерлердің штаты өседі. Ең

негізгісі толыққанды ұжым құруға, әр жұмыс бойынша әдістемелік жүйені өрістетуге мүмкіндік туады. Түптеп келгенде бүкіл тәрбие процесінің деңгейін көтеруге объективті жағдайлар жасалады. Мекеме жұмысын жақсартудың, оның қазіргі талаптардан кенжелеп қалуын болдырмаудың неғұрлым перспективтік жолдарының бірі-аймақтық ірі мәдени демалыс мекемелерін құру.

Біз сол ұлы мақсатты іске асыру үшін тәрбиенің негіздерін айқындап, тәрбие жұмыстарының ерекшеліктерін бала мен жасөспірім бойына сіңіруге тырысайық.

#### **Әдебиет:**

1. *Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б., Құдияров А. М.* Педагогика. — Алматы: Дарын, 2004 — 96 б.
2. *Әбенбаев С. Ш.* Тәрбие теориясының әдістемесі. Оқу құралы. — Алматы: Дарын, 2006. — 203 б.
3. *Аванесова Г. А.* Культурно-досуговая деятельность. — Москва: Аспект Пресс, 2006. — 124 с.

**ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ  
МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Қоспағарова Әсем Қабидолдақызы**

*гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы  
E-mail: [asem.kospagarova@gmail.com](mailto:asem.kospagarova@gmail.com)*

**Түйіндеме.** Қазіргі таңда заманауи жағдайларға байланысты өмірдегі қайшылықтар, әлеуметтік теңсіздіктер, таптық бөліністер, түрлі шиеністер, тынығу жұмысының дамуына, жалпы қоғамдық рухани дамуына өз әсерін тигізбей қоймайды. Мақалада қазіргі ЖОО білім беру бағдарламалары оның ішінде мәдени-тынығу жұмысы мамандығының өзектелігі қарастырылады.

**Тірек сөздер:** менеджер, фрилансер, инновация, технология.

**Аннотация.** В настоящее время, в силу современных условий, жизненные противоречия, социальные неравенства, классовые расколы, различные конфликты не могут не оказывать влияния на развитие досуговой работы а так же на духовное развитие общества в целом. В статье рассматривается образовательный программа ВУЗов, а том числе актуальность специальности культурно-досуговая работа.

**Ключевые слова:** менеджер, фрилансер, инновация, технология.

**Abstract.** Currently, due to modern conditions, life contradictions, social inequalities, class divisions, various conflicts can not but affect the development of leisure work as well as the spiritual development of society as a whole. The article discusses the educational program of higher education Institutions, including the relevance of the specialty cultural and leisure work.

**Keywords:** manager, freelancer, innovation, technology.

Елімізде жүргізіліп жатқан білім беру реформаларының негізгі мақсаты — білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Осы мақсатқа қол жеткізуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды рөл атқарады. Өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білімді ұрпақ өсіру шарт.

Жас кадрларды даярлауда да жоғарғы білім беру мекемелеріндегі басты мақсат білім беру бағдарламаларының бүгінгі замана талабына сай әрі әлемдік нарық сұранысын қанағаттандыра алатын, білікті де білімді мамандарды тәрбиелеу. Әлемде пайда болған індет білім беру мен оқыту жүйесіне өз әсерін тигізбей қоймады. Сұраныстар мен талаптар жылдам өзгеріп, қоғамда бірнеше мамандықтар жойылып қалды. Сондай-ақ жаңа мамандықтар пайда болып адамдар өз мамандықтарын өзгертіп жасампаз болуда.

Жақында Forbes, Popular Science басылымдары болашақта пайда болуы мүмкін 162 мамандық тізімін жасады. Онда біздің ойымызға кіріп те шықпаған робоэтика бойынша адвокат, қоршаған ортаны қалпына келтіру менеджері, криптовалюта банкирі, ІТ-генетик, интеллектуалды жекеменшікті бағалау, нейропсихолог, медициналық роботтехник, виртуалды өмір архитекторы секілді мамандықтар бар. Соның ішінде 2020 жылы эмбрионды емдеу, яғни штегі ұрықтың ауруын анықтап, бала тумай жатып емдеу маманы, 2025 жылы галактикалық архитектор мамандықтары жоғары оқу орындарында ресми түрде ашыла бастайды деп жоспарланғаны айтылған. Әрине, әзірге бұл мамандықтардың Қазақстанда қашан пайда болуы мүмкін екенін дөп басып айту қиын. Бір анығы, болашақта біз ескі мамандықтардың жоғалғанына да, жаңа жұмыс орындардың ашылғанына да куә боламыз.

Осы орайда «Егемен Қазақстан» газетінің ресми сауалына жауап берген Білім және ғылым министрлігінің өкілдері 2009 жылдан бастап Қазақстанда 89 мамандық жаңадан ашылғанын айтты. Оның ішінде бакалавриатта — 15, магистратурада — 13, резидентурада — 50, докторантурада 11 мамандық пайда болған (Қуанышбекқызы, 2017).

Осындай өзгерістерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуде замана легіне ілесе алатындай, бәсекеге қабілетті маман даярлау негізгі өзекті мәселеге айналды. Қызмет көрсету нарығында тұтынушы үшін жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыруға, оған оңтайлы баға мен тиімді жарнамалық жаңа мүмкіндіктер беру жеткіліксіз. Әлемдегі және Ресейдегі қазіргі процестердің ішінде, атап айтқанда, Мәдениет адам капиталын дамытудағы маңызды факторға айналууда. Жеке тұлғаның тұлға ретінде қалыптасуындағы негізгі факторлардың бірі болып табылатын мәдени факторды өзін-өзі дамыту процесінде ескеру қажеттілігі де мойындалады (Коэн, 2009). Бүгінгі таңда адам капиталына құйылып жатқан инвестициясының артып келе жатқанын байқаймыз. Адам капиталы білім, адамның қоғамдық ресурсы мен оның мәдени потенциалы арқылы анықталады. Уақытқа бағынбайтын заманда тек адам капиталын жетілдіре білгендер ғана жетістікке қол жеткізе алады. Ал, басты адам капиталы жастардан тұрады.

Мәдени-тынығу жұмысы — бұл мәдени-демалыс мекемелерінің жұмысы саласындағы қызметтің бағыты, көп жағдайда бос уақытта айналысатын хобби түрінде болады. Жалпы, мәдени-тынығу жұмысының мазмұны мәдени және рухани құндылықтарды құруды, таратуды және көбейтуді қамтиды. Бұл процесс жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, өзін-өзі қабылдауға, бағалауға, жұмысбастылықтан тыс болуға ықпал етеді, ал білім беру ұйымдары жас ұрпақты тәрбиелеуде баға жетпес көмек көрсетеді (Коэн, 2009). Мәдени-тынығу мекемелерінің жұмысын адамның ішкі жасырын күштерін іске асырудың және оның айналасындағы әлеуметтік-мәдени ортаны қалыпқа келтірудің негізгі мүмкіндігі деп атауға болады. Бұл салада негізінен трансформация, таным және бағалау элементтері бар (Астафьева, 2012). Маслоу пирамидасында көрінетін барлық деңгейдегі адамның қажеттіліктерін қалыптастыру мен одан әрі жүзеге асырудың тиімді факторы ретінде мәдениет саласын дұрыс қарастыруға болады.

«Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламаларына қосылып отырған жаңа пәндер жұмыс берушілер мен сарапшылардың ұсыныстары мен пікірлерін және заман талаптарын ескере отырып жасалуда. Олар «ІТ аудио және бейне материалдарды өңдеу», «Тынығу драматургиясының негіздері», «Тынығу іс-шараларының сценарийлерін жасау», «Тынығу қызметі саласындағы менеджмент және маркетинг негіздері», «Әлеуметтік-мәдениет саласындағы промоутерлік іс-әрекетінің негіздері», «Мәдени-тынығу саласындағы арт-менеджмент технологиялары», «Мәдени-тынығу жұмысындағы брендинг» т. б. «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламаларындағы жаңа пәндердің енгенінен-ақ бүгінгі талап тілектер өзгеріп, жаңа бағыт, жаңа өзгерістер байқалады. Қазіргі кезде әр салада менеджерлік басқару мен маркетинг дағдылары қажет-ақ. Ұйымдастырушы маман бойынан сценаристтік, режиссерлік, актерлік, әншілік қабілеттерден өзге өзін-өзі басқару, ұйымдастыру, менеджерлік білікпен қатар ғаламторда пайда болып жатқан фрилансерлік, блогерлік, таргетологтардың қарым-қабілетін де қоса алу керек.

Елімізде ұйымдастырушы мамандарға сұраныс жақсы әрі осы біліктілікті алғысы келетін талапкерлер жыл сайын артуда. Оны мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайтын оқу орындарының қатарының көбейгенінен де байқаймыз:

- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;
- *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*;
- Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті;
- Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
- М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті;
- М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;
- Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы

Қазіргі таңда ақпараттық-ағартушылық қызмет инновациялық ақпараттық технологияларға сүйенетінін ескерсек, шығармашылық тұрғыдан ең ауқымды көркем-публицистикалық және мәдени-ойын-сауық қызметін қамтамасыз етеді (Жаркова, 2010). Мәдени орта құруда ірі қалалардан алыс ауылдар мен шалғай мекендерде мәдени-демалыс мекемелеріне деген қажеттілік ерекше сезіледі. Сондай-ақ, бұған сапа деңгейінің артуы, мәдениет саласындағы қызметтердің түрлері мен тиімділігінің артуы, барлық тұрғындардың мәдени өмірге қатысу мүмкіндігі үшін қажетті жағдайларды ұйымдастыру, сондай-ақ балалар мен жастарды осы жұмысқа тарту кіреді (Быстрова, 2013). Мәдени-тынығу мекемелері үшін маркетингтік қызметтердің айрықша ерекшеліктерін келесі деп санауға болады:

— осы саладағы маркетингтік араласудың негізгі элементтерінен басқа жетекші рөлді жеке тұлға және жалпы қоғам атқарады;

— өз қызметтерін ұсыну әдістері, қолда бар материалдық және қаржылық мүмкіндіктер.

Өнер, мәдениет және шығармашылық барлық жағдайда маркетингке қосылмаған. Біраз уақыттан бері өнер де, коммерциялық сала да бір-біріне мүлдем қарама-қарсы бағытта болды. Бұл жағдай келесі себептерге байланысты пайда болды:

— коммерциялық қызмет халықпен тек пайда табумен байланысты болды;

— өнер мен сауда мүлдем қарама-қарсы болды және адам түсінігіндегі ұғымдармен салыстыру қиын болды. Мәдени-тынығу мекемелері ең кең таралған бұқаралық ақпарат құралдарын (теледидар, радио, баспа) пайдаланып, халықтың қалың тобына жедел ақпарат беруде бәсекеге қабілетті бола алмайтыны анық.

Керісінше, аудиториямен тікелей қарым-қатынас жасау, онымен тікелей байланыс орнату, оның реакциясын бағалау, мәдени-демалыс мекемелерінің мамандары бұқаралық ақпарат құралдарын белгілі бір аудиторияның мүдделерін ескере отырып, оқиғаларға қатысты білікті түсініктемелермен толықтырады. Аудиторияны білу — ақпараттық-ағартушылық қызмет табысының сөзсіз маңызды шарты. Ақпараттың тиімділігінің тағы бір шарты — оның сенімділігі, дәлдігі. Осыған байланысты, ақпараттық-ағартушылық бағдарламаларды ұйымдастыру және жүргізу кезінде мәдениет мекемелерінің мамандары ақпарат алудың сенімді көздеріне негізделеді. Фактілерді таңдау әр хабарламаның негізі болып табылады. Мәдени-демалыс саласында тауарлар мен қызметтерді жылжыту кешенінің барлық төрт құралы қолданылады: жарнама, сатуды жылжыту, қоғаммен байланыс, тікелей маркетинг, олар, әдетте, мәдениет саласындағы негізгі экономикалық міндеттерді шешеді-ұйымның негізгі қызметін қолдау және дамыту үшін қаражат тарту (6).

Қызмет көрсету саласында оның ішінде мәдени-демалыс мекемелерінде (орталықтар, театрлар, клубтар) маркетинг кешенінің элементтерін пайдаланады: аудиторияның 50%-ын қамтитын теледидар, радио (4%), баспа БАҚ (15%), сыртқы жарнама (13%), медиа жарнамамен (6%) және контекстік жарнамамен (10 %) ұсынылған ғаламтор желісі (16 %). Теледидардың көмегімен мәдени және демалыс саласындағы іс-шаралар туралы ақпаратты көпшілікке ұсынғанымызбен ғаламтордың халық өміріндегі маңызы туралы айтпау мүмкін емес. Бүгінгі таңда ең үлкен порталдар мен ғаламтор қызметтері елдегі ең әсерлі аудиторияға ие. (Instagram, Youtube, Facebook сияқты әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер, онлайн кездесулер, концерттер)

Мәдени және бос уақытты өткізу жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін үлкен маңызға ие. Мәдени-демалыс түріндегі мекемелер адамның бос уақытты ұйымдастыру саласындағы әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінің өзегі ретінде қызмет етеді, соның арқасында адам өзін-өзі жүзеге асыру, өзін өмірдің әртүрлі салаларында тұлға ретінде бекіту мүмкіндігіне ие болады: шығармашылық, өнер, ғылым және т. б. коммерциялық құрылымдар да, мемлекеттік мекемелер де осы саладағы қызметтерді ұсынады. Көптеген мәдени-демалыс мекемелері (мұражайлар, мәдениет үйлері, театрлар) жататын мемлекеттік секторда ілгерілетудің маркетингтік құралдары жеткіліксіз дәрежеде пайдаланылатынын атап өткен жөн. Коммерциялық салада мәдени-демалыс мекемелері маркетингті тиімді пайдаланбайды.

Сондықтан мәдени-демалыс мекемелерінің қызметтерін жылжытуды басқару стратегиясын қалыптастыру өте өзекті болып табылады (Друкер, 2014). Мақаланы қорытындылай келе мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша білім алып, біліктілікке ие болған ұйымдастырушы мамандар елімізде сұранысқа ие. Тек, замана талаптары мен тілектерін ескере алатын, бәсекеге қабілетті, жан-жақты маман даярлау өзінің өзектілігін жойған емес.

#### Әдебиет:

1. Қуанышбекқызы Г. Болашақта қандай мамандықтар пайда болады? // Егемен Қазақстан, 22 маусым, 2017. Сілтеме: <https://egemen.kz/article/154229-bolashaqta-qanday-mamandyqtar-payda-bolady> (Қаралған күні: 09.12.20)
2. Коэн А. Р. Искусство управлять людьми / А. Р. Коэн, Д. Брэдфорд. — Москва: АСТ, 2009. — 352 с.
3. Астафьева О. Н. Культурная политика: теоретическое понятие и управленческая деятельность (Лекции 1-3) // Культурологический журнал, 2012, №2. Режим доступа: [http://www.cr-journal.ru/rus/journals/20.html&j\\_id=3](http://www.cr-journal.ru/rus/journals/20.html&j_id=3) (Дата обращения: 09.12.2020).
4. Жаркова Л. С. Организация деятельности учреждений культуры: учебник для студентов вузов иссузов культуры и искусств / Л. С. Жаркова. — Москва: МГУКИ, 2010. — 396 с.
5. Быстрова О. А. Продвижение культурного продукта в системе маркетинга социально-культурной сферы//Аналитика культурологии. – 2013. – № 3 (27). – С. 164-168
6. Современные методы маркетинга в сфере культуры: динамика, перспективы [Электронный ресурс]. Режим доступа: [www.marketing.spb.ru](http://www.marketing.spb.ru) (дата обращения: 09.12.2020)
7. Друкер П. Эффективное управление. Экономические задачи и оптимальные решения / Пер. с англ. изд. доп. и перераб. — Москва: ФАИР-ПРЕСС, 2014. — 396 с.

## ҚАЗАҚ КЕСКІНДЕМЕСІНІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ САНА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР МЕН ТАРИХ

**Қарабалаева Балнур Рахымбайқызы**

докторант

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қаласы

E-mail: [Balnur\\_karabalaeva@mail.ru](mailto:Balnur_karabalaeva@mail.ru)

**Түйіндеме.** Мақалада қазақ кескіндеме өнеріндегі мифологияландырылу жүйесінің тарихи жанрда және фольклорлық сипатта жікке бөлініп қарастырылатындығы айқындалған. Тарихи мифологияландырылу жүйесі барысында біз суретшілердің басым бөлігінің шынайы кескіндемелік тілдегі бейнелік астарлылыққа, ал фольклорлық мифологизациялау барысында суретшілер аңыз әңгіменің жанрлық сипатына сәйкес әсерілеу негіздерін қолданатындығы анықталды. Бұл кескіндемелік тілде пішіндердің символдық негізге айналуына, пішін мен түстің тарихи мәнінің тереңдігіне, дәстүрлі образдардың қалыптасуына, кескіндемедегі метафора мен мотивтік негізді қалыптастыруға сондай-ақ архетиптендіруіне жол салады.

**Тірек сөздер:** мифологиялық сана, фольклор, тарих, кескіндеме, мифологияландырылу, абстрактілі кескіндеме.

**Аннотация.** В статье раскрывается система мифологизации в казахском живописе, которая делится на исторические жанры и фольклор. В системе исторической мифологизации мы обнаружили, что подавляющее большинство художников используют основы воздействия в соответствии с визуальной метафорой на истинном живописном языке, а в процессе народной мифологии художники используют основы воздействия в соответствии с жанровой природой устного рассказа. Это позволяет образному языку стать символической основой форм, глубины исторического значения формы и цвета, формирования традиционных образов, образования метафор и мотивов в живописи, а также архетипирования.

**Ключевые слова:** мифологическое сознание, фольклор, история, живопись, мифологизация, абстрактная живопись.

**Annotation.** The article reveals that the system of mythology in the Kazakh painting is divided into historical genres and folklore. In the system of historical mythologization, we found that the overwhelming majority of artists use the basics of influence in accordance with the visual metaphor in the true pictorial language, and in the process of folk mythology, artists use the basics of influence in accordance with the genre nature of the oral story. This allows the figurative language to become the symbolic basis of forms, the depth of the historical meaning of form and color, the formation of traditional images, the formation of metaphors and motives in painting, as well as archetyping.

**Keywords:** mythological consciousness, folklore, history, painting, mythology, abstract painting.

Қазақ кескіндеме өнеріндегі мифологиялық сана негіздерін қарастыра отырып біз қазақ суретшілері шығармашылығындағы мифологиялық түсініктің кескіндеме өнерінің тәсілдік дамуына айрықша жол бастағандығына куә боламыз. Біріншіден ол образды жинақтап пішіндік құрылымды құруға бағыттаса, екіншіден түс пен таңба арқылы оның мәнін түсіндіруге және түсінуге бағыттайды. Сонымен қатар, аңыз әңгімелік бағдар сюрреалистік тәсілді алға шығарып, авангардтық негіздерді кеңінен насихаттайды. Сол арқылы қазақ кескіндемесі аз уақыттың ішінде бірнеше ағымдық салалардың барлығын топшылап бізге жеткізіп отыр. Мифологиялық сана алдымен қазақ суретшісінің бойына дари, еленіп ол қазақ қоғамына сондай-ақ барша көрерменге жеткізіледі. Туындыларындағы

әрбір бөлшектің өзіндік семантикасы, нышандық ерекшелігі, наным сенімдік маңызы, қазақ мифологиясының танымдық ерекшеліктері барлығыда сайып келгенде суретші мен көрерменнің интелектің өсіреді.

Қазақ кескіндеме өнеріндегі мифологияландырылу жүйесі тарихи жанрда сонымен қатар қазақ фольклорында кеңінен тарқатылған. Фольклор ұғымы «халық даналығы», «халық білімі» деп қарастырылады. Фольклор мен әдебиет бір емес, дейді ғалымдар. Екеуінің де зерттеу саласы бір сөз өнері болғаныменде фольклорда автор халық, ал әдебиет авторсыз болмайды деген пікір арқылы екіге бөлінеді. Осы тұрғыдағы зерттеушілердің пікірлерін алға ұсына отырып біз кескіндеме өнеріндегі әдебиет пен фольклор саласын жіктей аламыз. Дегенменде қазақ кескіндемесіндегі мифологиялық сарындар фольклорлық сипатқа жанасады. Халықтың ауыздан ауызға таратылып келген наным сенімдері, ертегі, қисса, дастандары бүгінгі таңда мифологиялық образдарға айналып көрермен назарына ұсынылуда.

Фольклор және тарих екеуі бірлесе келе қазақтың мифологиясын жоғары деңгейге көтереді. Осы ретте біз қазақ мифологиясы қазақ эпостарынан (ертегі, аңыз) бастау алып, түркілік кезеңдегі (Тәңірі, Ұмай, бөрі) сенім нанымдарға бой ұрып одан кейін ғана тарихи кезеңге яғни хандардың бейнесі, ұлыларды ұлықтауға жол бастады. Ал кескіндеме өнерінде бұл реттің алмасқанын көруге болады. Жалпылау топтасқан үлгіде қарастыра болсақ:

— Түркілік кезеңді жырлау (1980жж.);

— Тарихи кезеңді жырлау (1990 жж.);

— Қазақ эпостарын, ауыз әдебиетін жырлау, кескіндеу көптеп орын алды (2000 жж.).

Дегенменде топшылаудың соңғы тармағының яғни қазақ эпостарын жырлауды фольклор деп алсақ, бұл саланың қазақ кескіндемесіндегі сипатталу ретінің кеңдігіне көз жеткіземіз.

«“Фольклор” сөзімен қатар “этнография” сөзін көп қолданады, ал оны зерттеу саласын “этнология” дейді» (Қасқабасов, 2009: 6 б.). Алайда пікірмен С. Қасқабасов келіспейтіндігін атап өткен. Қарастырып отырғанымыздай бұл пікір қазақ кескіндеме өнерінің зерттеу саласына да қисыны келмес. Себебі қазақ кескіндеме өнерінде этнографиялық талдау халық мәдениетінің салт дәстүрін, тұрмыс салтын көрсетуге бағытталады. Ал мифологиялық фольклор деп қарастырып отырған саламызға наным сенім мен бата, аңыздар желісіндегі туындылар жатқызылуы керек. Нақ осы ойымызды С. Қасқабасов пікірімен дәйектеп өтер болсақ: «Қазақ ғалымдары фольклорға халық әдебиетін жатқызу дәстүрін енгізді де, екі атауды аралас қолданып келді. Бірақ “халық әдебиеті” деген ұғым әлем қабылдаған “фольклор” ұғымын бере алмайды. Мысалы, көркемдігі нашар, ауызша шығармалар сөз өнері, яғни әдебиет бола алады ма? Сол сияқты алуан түрлі ырымдар, салттар мен нанымдар, бата, алғыс, қарғыс, жауын шақыру, күн жайлату, жарапазандар өз мағынасында әдебиет бола қоймас. Осы ретте біз әлем елдері іспетті “фольклор” терминін ендіргеніміз жөн», — деген өзекті ойын ортаға тастаған. Осы ойларды топшылай отырып біз фольклордың синкретті өнер екендігіне көз жеткіземіз. Сонымен қатар, кескіндеме өнеріндегі фольклормен әдеби иллюстрациялардың ара жігін ажырата аламыз. Жалпы қазақ бейнелеу өнерінде әдебиет графикамен байланысты, иллюстрациялау немесе декорациялау жүйесінде жүзеге асады. Ал кескіндеме өнерінде фольклорлық мифология наным сенімдер тұрғысында кеңінен таралады. Мәдениетте фольклордың үш сипаты бар:

— фольклор ежелгі дүниетаным және көне мәдениет; (Анимизм, тотемизм, шаманизм, магия, табу);

— фольклор тұрмыстың бір бөлшегі; (тұрмыста бүгінгі күнге дейін біте қайнасып келе жатқан ырымдар, наным сенімдер. Бесікке салу, тұсау кесу, беташар жасау, қалың мал беру, бата);

— фольклор сөз өнері. (Бұл процесте ол ежелден келе жатқан нанымдар мен ұғымдарды, мифтер мен басқада ескі жанрларды пайдаланып оларға басқа сипат дарытты, эстетикалық міндет артты.



Жоғарыда қарастырған деректерге сүйене отырып біз фольклордың көне жанрларының бірі бұл миф екендігін аңғардық. Мифтік сана қазақ халқының тарихында ежелден пайда болған. Осы ретте біз жалпылай қазақ кескіндемесіндегі мифологиялық сана негіздерін екі ғана бөлікке бөліп қарастыру керек екендігін алға тартамыз. Олар:

— Фольклорлық мифология;

— Тарихи жанрлық мифология.

Аталған жіктік атауларға анықтама беріп өтелік. Фольклорлық мифологияның қазақ кескіндемесіндегі көрінісі барлық кезеңдегі қазақ бейгелеу өнерінде кездеседі. Жоғарыда анықтама беріп өткеніміздей, фольклорлық мифологиялық кескіндемелік туындыларға аңыздар, наным сенімдер, бата, анимизм, шаманизм, тотемизм түрлері жатқызылады. Таңбалы тастағы Күнбасты Құдай ана образы, Шамдалдар, Көк бөрі, тәңіршілдік, бата алу, қарғыс алу, перілер, эруақтарға сыйыну, шамандық билер т.б. аталған тақырыптардың барлығыда қазақ кескіндеме өнерінде әсіресе тәуелсіздің жылдарында өзекті тақырыптардың бірі болғандығы айғақты. Мәселен шамандық тақырыптарды көтерген 1990 жылдардағы Трансавангардтық топтар (А. Менлібаева, С. Атабеков, С. Маслов т.б). бүгінгі таңда Ю. Шығаев, В. Оразбекова, Ә. Жәннет, С. Смағұлов сында суретші кескіндемешілер туындыларынан да кездестіре аламыз.

Сонымен қатар, қазақ мифологиялық сана тақырыбының ең жоғарғы дейгейге белең алған кезеңі деп қарастырылатын 1980–90 жылдар суретшілері қатарынан А. Сыдыхановты, А. Есдаулетовты, Б. Бапишевті, Хайруллинді де атап өтуімізге болады. Бұл кескіндемешілердің туындыларында магиялық, тотемизм мен анимизм басым келген.

Ал тарихи мифологиялық жіктің негізгі ерекшеліктерін біз тарихи жанрды мифологизациялау жүйесіне бағыттап отырып қарастырамыз. Тарихи жанр мифология негізінде пайда болды деп атап кеткен болатынбыз. Өйткені наным-сенім мен мифология тарихтың ажырамас бөлігі болатын, сондай-ақ күнделікті тіршілік барысын да бұларсыз елестету мүмкін емес еді. Ол халық пен биліктің, жоғарғы құдайлар әлемі мен адамдар әлемінің арасындағы делдал саналды. Сондықтан олар үлкен идеологиялық күш пен биліктің символы. Жоғарыда қарастырылған әрбір шамдал табағының композициялық құрылымы мен жекелеген элементтері өз заманының әлеуметтік құрылымы, дүниетанымдық жүйесі мен негізгі наным-сенімі жайлы ақпаратты тасымалдаушы код болып табылады (Лосев, 1976: 86 б.). ХХ ғасырдың басынан бастап Қазақстанның бір топ жас суретшілері абстрактылық өнердің «форма» және «миф» жасау тілін терең меңгеріп (Ә. Сыдыханов, Ғ. Маданов, Б. Бәпішев), өз кенептерінде бабалар тарихына олардың тарихи өткеніне баса назар сала отырып, өздерін өздері тануға талпынған қадамдар жасайды. Суретшілердің абстрактылық кенептерінен қола дәуіріндегі петроглифтік бейнелер (А. Ахат), ұлттық қазына рухани мұраға айналған атын адам бейнелері мен сақ жауһарлары, діни сопылар мен дәруіштер (Е. Жұманов пен Б. Тұрғынбай), шамандар мен жауынгерлер (М. Нарымбетов) бейнесі көптеп кезікті. Сондай-ақ, тарихи мифологизацияланған сюжеттер аса басым болып келеді.

Тарихи мифологизацияланған деп отырған себебіміз, қазақ ауыз әдебиеті мен қазақи наным сеніммен тарихи оқиғалардың байланыс негіздері тығыз байланысты. Санаға сіңген ұлттық құндылық суретші туындыларында айрықша орын алатыны сөзсіз. Тарих мифтен туындайды. Миф сайып келгенде болған оқиға. Оны халық баяндайды, яғни ауыз әдебиеті. Қазақ мифологиясы басқа елдердің мифологиясы іспетті аса бай, тамыры тереңде. Адамның пайда болуынан бастап, әлемнің жаратылысы, әлемді үш бөлікке бөліп қарастыру, жануарларды пір тұту тағыда басқа мифологиялық шындықтар қазақ тарихында мольнан кездеседі. Сол арқылы біз тарихымызды құрып бүгінгі елдігімізді айғақтап отырмыз. Себебі миф ол таңба. Таңба ол жазу, тарихи мәлімет. Бүгінгі жеткізілген ақпарат. Тарихты ақтару, тарихты таныту бүгінгі таңдағы қазақ кескіндемешілерінің басты ұстанымдарының бірі болып табылады. Шығармашылығын тарихи жанрда мифологияландыру мен халқының наным сеніміндегі сырларды ашуға бағыттаған суретшілер қатары көбейе түседі.

1980 жылдары жұмыс жасаған қазақ суретшілері А. Сыдыханов, А. Ақанав, Әлиев, Е. Төлепбаев, Б. Табиев, К. Ахметжанов, Дүйсебаев, Б. Бапишев, т.б ұлттық бірегейлік

негіздерін бірі осы уақыт тіршілігінен іздесе, бірі өткен тарихты атқаруға мифологияландыруға жүгінді. Мифологияландырылу тақырыбы сол кезеңдерде айрықша көтерілуінің бірден бір себебі халықты тану мен таныстырудың бірден бір төте жолы болып табылды. Төте жол деп атап отырғанымыздың себебі, суретші болып жатқан реалды өмірді суреттеуші болса тарихи деректемеші істепті болып есептелетін еді. Алайда ол оны өзіндік сана негізінен елеп өткізіп оны болашаққа және сол кезеңнің көрерменіне ұсынады. Тарихты біз суретшіні сана сезімінің тереңдігі арқылы енеміз, танимыз, таныстырамыз. Бұл ретте суретшінің интелегентінің өсуі алға шығатыны анық. 1980 жылдардағы суретшілер ұсынған ұлттық бірегейлік келбетінен біз тек ұлттық келбеттің тарихи формасын ғана емес (А. Сыдыханов), сол өмірдегі болып жатқан шынайы формасында көреміз (Алиев, Ақанаев). Сонымен қатар рухани даму кеңістігіндегі екі дүниелік космостық формасы қалыптасады (Тұлкиев, Е. Төлепбай). Осы тақырыптар барысында қазақ кескіндемесі келесі кезең кескіндемесіне айрықша жолдық бағыттар сілтейді.

Сол себептіде 1980 жылдардағы Қазақ кескіндеме өнерін мифологиялық сананың ояну кезеңі деп атасақ болады. Осы ретте өнертанушы Р.Ергалиева «Мәдениеттің жаңа шекараларында миф жасауға үндеу әрдайым көркемдік ашулар мен жаңалықтар айрықша жол бастайды. Автохтониялық көздерге сүйене отырып, қазақ кескіндемесі XX-XXI ғасырлардағы адамзаттың мәдени өзін-өзі тануының негізгі бағыттарының бірі ретінде әр түрлі шығармашылық іс-әрекеттегі мифологиялық сананы актуализациялау уақытын айқындады» деп атап өтеді (Шарипова, 2009: 121 б.).

Бүгінгі таңда қазақ кескіндеме өнерінде тарихи жанрдың мифологизациялау жүйесін жүзеге асырып жүрген суретшілер қатарынан біз Қ. Асқаровты, А. Бегалинді, Т. Дайырбековті сондай-ақ фольклорлы мифологиялық сарынды сипаттап жүрген С. Смагулов, Ә. Жәннет т. б. суретшілерді атай аламыз.

Қ. Асқаров — суретші-зерттеуші. Ол өткенді бүгінмен байланыстыратын той, бесік, құдық, киелі қазан, көрпе, дүниеге келу секілді қазақтың дәстүрлі мәдениетінің негізінде жатқан архетиптік түсініктерді зерттейді. Ол көшпенді мәдениетінің ең көне замандарында пайда болған дәстүрлерге бүгінгі заман көзімен қарап, оларды өмірді жаңаша қабылдауға талпынуда халықты біріктіре алатын жаңа ұғымдармен толықтырады. Ұлттық шеңбердегі суретші бола тұрып Ерте Қайта өрлеу дәуіріндегі шеберлердің тәжірибелерін кең пайдаланған Қуат Асқаров кенептеріне бір уақытта сюжетті нақтыландыру және оған метафоралық сипат беру тән. Шеберлікпен құрылған композиция, сурет салу машығының жатықтығы, теңдікке, үндестікке негізделген түстік қатынас Асқаров туындыларының ішкі сенімділігін, белсенділігін арттыра түседі.

Суретші «Кең дала» (2008) атты туындысында өз елінің, оның тұрақты мекеніне айналған байтақ жерін жылқы мінезді халықтың мекені ретінде көрсетеді. Дала төсінде еркелей емін еркін жайылған жылқылармен сәйкесті түрде көктегі бұлттарда тұлпар пішінді бейнеленген. Қасиетті жануардың киелі мінезі мен туған жердің кең төсін суретші халықының тумысы бөлек жаратылысына балайды. «Дала Мадоннасы» туындысы да осы мәнерде шешім тауып, жаратылыс, өмірге деген махаббат, мейірім мен сыйластық тақырыптарының шеңберін қамтиды. Үлкенге ізет, кішіге қолғанат болған елдің өмірлік позициясы да сыйластық пен қонақ жайлылық екенін кескіндемеші домбыраның күмбірлеген үнімен, қобызының күңіренген жырымен тағы да бір жырлап кеткен сыңайлы

«Тұлпар одасы» (2009) кенебі қиялдың сонау түпкірінен туындаған тәтті елестің жемісі. Әлемдік мифологиядағы «Троя тұлпары» және «Икар» туралы аңыздармен бірізді жалғас тапқан көркем туынды. Көкке ұшып адамның асыл арманына қол жеткізгісі келген «Икар» Асан Қайғы іспеттес. Ол өзінің қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған ғажап мекені «Жерұйығын» тауып, ондағы тылсым өмірден сыр шерткендей. Шын мәнісінде бұл да суретшінің трансформациялауы бойынша өз халқының болмысы. Өйткені, жайма-шуақ мамыражай күннің бірінде ауыл адамдары ғаламат ғажап тұлпар жасап, оған қанат бітіріп, ерттеп мінбекші. Бұл халық — қанатты халық. Сайын даланы емін еркін көсіле мекендеген олардың мәдениеті бір-бірімен тығыз байланысты болып, оңтүстігі мен батысы, солтүстігі

мен шығысы өзара туыс болып кеткен жер. Қиялдан туған алып тұлпар олардың барлығын жертің ортасына біріктіріп, өзі әлем тауы, тірек ретінде қабылданады. Көне гректердегі секілді бұл Троя қаласын арбауына түсірген жауыздықтың белгісі емес, керісінше жеңістің, қаһармандықтың символдық көрінісі.

Қуат Асқаровтың «Бесік» (2009) атты туындысы мифологиялық символдарға негізделген. Бір туынды барысынан біз қазақ тарихын, бастауын, дінгегін көре аламыз. Тарихи жанрдың мифологизациялануының айқын көрінісі бола білген Қ. Асқаровтың «Бесік» шығармасында мифологиялық тіл бірінші орынға қойылады. Туындының ортаңғы нүктесі тақырыпқа сай тал бесіктен басталып тамырын кеңге жайған халықтың тармақтық көрінісімен көрсетіледі. Бесікті ақ желбаулар арқылы өмір ағашы бәйтерекке жалғаған. Ол өмір ағашы арқылы өзіндік киелі, биік қасиетін айқындай түскен. «Жапырағын жайған бәйтерек» қазақ халқының санасында ұрпағын таратқан деген ұғымды береді. Яғни біз қазақтың мифологиялық санасындағы ұғымның қағаз бетіндегі нұсқасын көріп отырмыз. Сондай-ақ, «тал бесіктен» деген тіркестің кескіндеме түріндегі нұсқасыда тарихи, әдеби тіркестің мифологизацияланған түрі деп тануға әбден болады. Бесіктің ортаңғы бөлігіне ақ қанатты киіз үй бейнелеген. Мұны бесіктің адамзат баласының үйі, қазақ баласының үйі екендігін нақтылаушы бейне деп қабылдаймыз. Мұндағы барша адамзат баласының деп атап отырғанымызды дәлелдеуші бейне бұл бесік пен бәйтерек арасын байланыстырушы ортағасырлық күмбезді кесенесі болып табылады. Бұл күмбезді кесене арқылы біз сатылы тарихи кезеңдерді көрсете аламыз. Тарихта әр кезеңнің өзіндік сипаттаушы бір бейнесі қалған. Ол бүгінгі суретшілердің тарихи мифологиялық образ жасауында тұрақты образына айналғаны рас.

Аталған туынды арқылы біз, суретшінің мифологиялық бейнелерді шынайы кескіндеме түрінде айқын көрсете отырып, тарихты жеткізуіне куә боламыз. Бір қарағанда реалды бейнелер, өзіндік мән мағынасы арқылы бүгін қазақ тарихын бойына жиып, топ томдық тарих беттерін бір кенеп бетіне сыйдырып тұр.

Бәйтеректің тарихи маңызы мен мифологиялық мәні әлемдік Өмір ағашының баламасына сай келеді. Қазақ ұғымында әлемдік мифология өзі санамызға сай, дәстүрлі фольклорымызды дәріптеуге, тарихымызды ашуға бағыттталып жадымызға сіндірілген. Нақ осы бейнені шынайы кескіндемелік тіл арқылы жеткізуге тырысқан А.Бегалин. Тарихи тақырыптарды көтере отырып туындыларын мифологияландыруға бағыттайтын суретші туындылары айрықша жеткізіледі. Суретшінің «Бәйтерек» (2012) атты туындысында жоғарыда аталған ұғымдарды жеке даралап көрсетуге талпынған. Бәйтерек қазақ мифологиясында өмір ағашын сипаттайды. Оның тармыры жер асты әлемін, ортаңғы бөлігі осы өмірді, жоғарғы бөлігі аспан әлемін сипаттаушы. Сондай-ақ, өмір ағашы мифологиялық түсінікте өмір жалғастырушы және шексіз өмірді бейнелеуші деген мағынада қолданылады. Нақ осы мифологиялық түсінікті А. Бегалин өзіндік туындысында бұлжытпай көрсетуге тырысады. Мұнда алып бәйтерек түбінде отырған батыр, жанында тұрған ақ боз ат, айлы түн, бәйтеректің жоғарғы жағындағы алтын күмбезді ай. Барлық образ өзіндік мифологиялық тілімен туындының тарихи дерек екендігіне жол бастайды. Батырдың ержүректілігін және оның батырлығының жалғасын тауып келе жатқандығына туындыдағы бейнелердің мифологиялық тереңдігі арқылы көз жеткіземіз. Сонымен қатар, «ер қанаты ат», сөзінің төркінінде осы туындының басты тақырыбын ашуға демеу ретінде қолданады.

А. Бегалин «ер қанаты ат» деген тіркесті сонымен қатар «Көшпенділер» (2003) туындысында да қолданған. Қазақ мифологиясының көркемдік тілде шарықтау кезеңіндегі сақтардың бейнесі (шошақ бөріктілер), қанатты аттар, аспан әлемінде шарықтату арқылы батырлығы мен дәрежесін үстем ете білді.

Тарихи жанрда орындалған мифологиялық мәнді туындылар қатарында сондай-ақ Т. Дайырбековтың «Батырдың тууы» (2012) атты туындысыда бар. Қуат Асқаровтың мәнеріне жақын тілде кескіндеген Т. Дайырбеков туындысында қазақ фольклорында сипатталған батырдың туылуын мазмұндайды. «Құйындатқан, желдеткен, аласапыран орнап, дүниеге батыр келді» деп сипаттайтын жырлар мен аңыздардың кескіндемелік нұсқасынан

біз тарихи мифологиялық сипатты сонымен қатар фольклорлық мифологиялық сарынды да айқын көре аламыз.

Адам баласын түпсанадан біріктіріп тұрған мифтік архетиптік символдар адамдардың психо-соматикалық, рухани-танымдық іс-әрекеттерін басқарады. Бірақ, қазақ суретшілері мифтік танымның жалпыадамзаттық табиғатын мойындай отыра, мифтің арғықазақтық, дейтүркілік негізін сақтап қалуға, ондағы ұлттық танымдық құндылықтарды барынша жарқыратуға көңіл бөледі. Себебі, әлемдік мифологиялық жүйелердің қаймағы бұзылмай сақталып қалған жалғыз көз — қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті. Біздің тіліміздегі кез келген сөз - символ. Себебі, оның ар жағында мифтік мазмұн жатыр. Дегенменде, ұлттық тарихи құндылықтарды бұрмалап жатқан суретшілерде жоқ емес. Халықты танытумен таныстырумен сонымен қатар танумен айналысып жатқан суретшілер қатарына бүгінде фольклорды мифологияландырылу жүйесі де қолданылуда. Дегенменде жоғарыда атап өткеніміздей, мифология бұл «аңыз», мифология бұл «тарих», «фольклор». Егіз ұғымдар болғаныменде орындалу барысында кескіндемелік тілдік қасиеттер айрықша орын алатындығы байқалды. Тарихи мифологияландырылу жүйесі барысында біз суретшілердің басым бөлігінің шынайы кескіндемелік тілдегі бейнелік астарлылыққа телітінін байқадық. Ал фольклорлық мифологияландырылу барысында суретшілер аңыз әңгіменің жанрлық сипатына сәйкес әсерілеу негіздерін қолданады. Бұл кескіндемелік тілде пішіндердің символдық негізге айналуына, пішін мен түстің тарихи мәнінің тереңдігіне, дәстүрлі образдардың қалыптасуына, кескіндемедегі метафора мен мотивтік негізді қалыптастыруға сондай-ақ архетиптендіруіне жол салды.

Тарих бұл біздің ертеңгі мұрамыз. Мифологияландырылу бұл көрерменнің танымдық ширегін кеңейту, образдардың мәнін ашу барысында интелегенттік саналық болмысын көтеруде жоғары деңгейге ие. Сол себептіде кескіндеме өнеріндегі тарихи мифологияландыру мен фольклорлық мифологияландырылу аса қажетті қолданыстардың бірі болып табылады.

#### Әдебиет:

1. *Қасқабасов С.* Ойөріс. — Алматы: Жібек жолы, 2009. — 6 б.
2. *Токарев С. А.* Мифы народов мира. — Москва. Издательство «Современная энциклопедия», 1988. — С. 242, 243, 245, 537.
3. *Каган М. С.* Морфология искусства. — Москва: Искусство, 1972. — 440 с.
4. *Сарыкулова Г. А.* Мастера изобразительного искусства Казахстана. — Алматы: Наука, 1972. — 253 с.
5. *Дятлева Г. В., Ляхова К. А.* Мастера исторической живописи. — Москва: Вечер, 2001.
6. *Ергалиева Р.* К вопросу трансформации национальной идентичности в живописи Казахстана // Керуен, 2010, №3(20). — С. 121.
7. *Шаринова Д. С.* Трансформация традиционных жанров в живописи. Общность стратегии в развитии живописи и сценографии // Сб. ст. Изобразительное искусство Казахстана периода независимости. — Алматы: Арда, 2009. — 344 с.
8. *Джаксыгарина М. Ж.* Актуальные проблемы изучения живописи Казахстана. // Преимственность традиций культуры и искусства в мировом пространстве. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға баяндама. — Алматы, 2008.
9. *Лосев А. Ф.* Проблема символа и реалистическое искусство. — Москва: Искусство, 1976.

## ҚАЗАҚ ТЕЛЕСЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

*Шорабек Әділхан Дүйсенбекұлы*

докторант

*Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қаласы*

*E-mail: [khan\\_adil@mail.ru](mailto:khan_adil@mail.ru)*

**Түйіндеме.** Қазақстандық кинотануда сериал аз зерттелген жанр болып табылады. Осы мақаланың авторы отандық кинотанушылардың ғылыми жұмыстарын тірек ретінде қарастырып, сериал жанрының түрлі генезис қайнар көздерін, кино өнерінің эволюциялық даму сатыларын, экрандағы көркем бейнелерді талдауға назар аударады.

**Тірек сөздер:** өнер, кино, сериал, кинотанушы, рецензия, зерттеу.

**Аннотация.** В казахстанском киноведении сериал — малоисследованная область. Автор данной статьи обращается к научным работам отечественных киноведов, чтобы осветить истоки, периодизацию, анализ экранных образов в проекции на проблемы жанра сериала.

**Ключевые слова:** искусство, кино, сериал, киновед, рецензия, исследование.

**Abstract.** In Kazakhstani film studies, the series is a little-explored genre. The author of this article refers to the scientific works of Russian film experts to highlight the origins, periodization, analysis of screen images in projection on the problems of the genre of the series.

**Keywords:** art, cinema, serial, film critic, reviewer, research.

Егемендік алған соң жаһандану үдерістеріне бейімделу отандық киноиндустрияның техникалық дамуымен қоса, сериалдар контентінің ілгерілеуі айқын байқалды. Десек те, дамыған елдердің қатарына қосылу және өзімізді зайырлы, заманауи ел ретінде қабылдау, әрі дүниежүзілік процестерден қалмауға тырысқанымен, өз көрермендерімізге еңбек ету жолында оның дара екенін ұмытуға әсте болмайтындығын естен шығармау қажет. Еліміздің көрермені қазақи болмысын жоғалтпаған, дәстүрлі дүниелерді дәріптеген, ұлттық ерекшелігі бары анық. Алайда, жаһандық даму үдерісіне берері мол қазақ қоғамының талғамы мен білімін арттыруда, білімді көрермен тәрбиелеуде БАҚ құралдарымен бірге ғылыми зерттеулердің де үлесі ерен.

Қазақстандық көрерменнің телесериалдар өнеріне сұранысының деңгейін, оның экрандық туындыларға деген қызығушылығын сол туындының көрермен ойынан шығып, белгілі бір деңгейдегі көркем сапа талғамына сай болуын анықтайды. Аудиторияның кеңдігі экрандағы сериал туындылардың саны мен сапасына тигізетін әсері, контент шеңберінде жоғары деңгейлі көркем өнім жасап, бұл өнердің қыр-сырын игерген кәсіпқой мамандарға тікелей байланысты.

Отандық сериалдардың көркем көрінісін, әсіресе жастардың кең қауымын қамти алатын, әрі еліміздің сериалдық өнімдерін бәсекеге қабілетті, мемлекетіміздің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын ғылыми тұрғыдан талдап зерттеу мен зерттеу нәтижелерін жариялау қажеттілігі орасан зор.

«Фильмдер өмір сүріп жатқан қоғамның айнасы болып табылады», — деген З. Кракауэрдің сөзін ескерсек, өмірді кино өнеріне сәйкестендіріп, фильмдерді оның айнасы ретінде қоғамның өзінен іздеу қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда қазақ кинотанудың ғылыми түрлі бағыттарында гносеологиялық, эмпирикалық, когнитивтік әдістері және тарихи-теориялық, ғылыми-жүйелік, мәдениеттанушылық және философиялық, салыстырмалы, кинотанушылық және сипаттамалық талдауларының қолданылуымен кинематографияның алуан түрлі бағыттары зерттелуде. Олардың дені тікелей сериалдар мәселесімен байланысты болмаса да, кинотанушылардың осы тарауда ұсынылып отырған зерттеу нысандары бойынша жазылған еңбектеріне шолу жасау, сериалдың мәдени өнім

ретінде кино өнерінің басқа бағыттарымен байланысын, әрі дербес, айрықша белгілерін айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан осы тараудың негізгі мақсаты — кинотанушылардың өзекті еңбектеріне тоқталып, олардың зерттеу мәселелерін сериалдарға тән көркем ерекшеліктермен байланыстыра баяндау болмақ.

Қазақстанда кинотану ғылымы жас ғылым салаларының бірі екені аян. Қазіргі таңда еліміздің кино өнері жайлы зерттеулер саусақпен санарлық. Сондықтан әр кинотанушының еңбегінің көп сериалы фильмдерді зерттеу мәселесімен байланыстыра алу маңызды. Қазіргі жағдайда Қазақстанның кинотану ғылымында қалыптасқан жалпы зерттеу әдіснамалары мен зерттеу тәсілдерін шолу арқылы еліміздің сериалдарының айрықша көркем құбылыс ретінде тануда септігін тигізеді. Бұл мәселені қарастыру барысында кең аядағы қазақ кино тарихының эволюциясын ғана емес, сонымен бірге біртұтас дамуда сериалдардың өзіндік орнын сараптауға да мүмкіндік туады. Қазіргі кинотанушылардың еңбектерін зерттеу әдістемесі мен нысанасына қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

**I-ші зерттеу бағыты:** *сериал, жалпы кинематография өнерінің түп тамыры мен алуан түрлі генезис қайнар көздерін зерттеу мәселелері.* Қазақ киносын зерттеулердің арасында сериал өнімінің тарихи қалыптасуы мен сапасына байланысты жалпы әлемдік аяда қарастырған зерттеушілердің еңбектерін елемей мүмкін емес. Солардың арасында Ресей ғалымы К. Разлогов сериал жанрының пайда болу алғы шарттарын қарастырған (Разлогов, 2018). Сериалдың бұқаралық өнер ретінде даму сатыларына баға бере отырып, ғалым XIX ғасырдың аяғынан бастап әлемнің барлық дерлік аумағында кино бұқаралық мәдениетті таратудың жетекші құралына айналғандығын сатылы сараптайды. Сериалдың алдын алған балаған, цирк, арзан шытырман оқиғалы романдар, бульварлық әдебиеттер және фарс театры сияқты бұқаралық өнердің мәні зор еді. Жәрмеңкелік кино қойылымдарының репертуарының негізін құрайтын алғашқы ойын-сауық фильмдері танымал халықтық өнердің көрінісі болды. Бұқаралық өнер жанрлары кейінірек «асыл өнер» саласына тез еніп, классикалық театр, тарихи әдебиетпен сабақтасты. XX ғасырда мәдениеттің авангардтық түрлері пайда бола бастады, олар кейіннен символизм, футуризм, экспрессионизм, сюрреализм бағыттарында дамытылды. Олардың өнер жүйесі XIX ғасырдан бастап түбегейлі өзгеруге ұмтылды. Әр түрлі формалардағы бұқаралық мәдениеттің дамуы нәтижесінде тұтынушыға қол жетімді жаңа түрлер ұсынылды: трагедия мелодрамаға, проблемалық роман — детективке, моральдық комедия — фарсқа айналды, сонымен бірге, әдебиет, театр, цирк экран өнері арқылы танымал болды.

Үнсіз кино жанрларының жүйесіне келетін болсақ, ол көбінесе театр мен әдебиеттің белгілі дәстүрлеріне және кино өнерінің даму ерекшеліктеріне негізделген: бір жағынан, әңгіме, екінші жағынан — көрнекіліктің болуы монтаждың өзектілігін арттырды. Бұқаралық өнерлердің ішінде баяндау жүйесінің одан әрі дамуы сериялардың қалыптасуына әкеледі. Құрылымы ретінде сериалдар, К. Разлоговтың пікірінше, мерзімді баспасөз негізінде пайда болғандығын жорамалдайды: жалғасы бар «шексіз романдар» газет пен журналдардың тұрақты оқырмандарының шеңберіне жүгінді. Арзан залдар тұрғылықты мекеннің жанында орналасқандықтан, кинотеатрлардың көрермендері де тұрақты болды. Сондықтан бір сюжеттің жалғасын үздіксіз беруге болатын еді. Киносериалдар 1910 жылдары Ресейде және оның әр түрлі аймақтарында таралды. Алғашқы кинофильмдерде әр бөлім немесе серия, әдетте, алдыңғы оқиғаларды түсіну үшін қажет қысқаша ақпаратты қамтитын титрлардан басталатын. Осы арқылы көрермен көрмеген алдыңғы сериялардың мазмұнын біліп отырады. Серияның ақталуы да шартты болды: себебі оның соңы бар болса да, сонымен бірге әр серия жалғасын қалап тұрды.

К. Разлогов XX ғасырдың басында өз шекарасын белгілеген тарихи фильмнің даму сатыларын және жанрлық ерекшеліктерін талдау барысында фильмнің жалғасы тарихи сериалда екені сезіледі. Тарихи фильмде екі фактор ерекше рөл атқарды, деп көрсеткен ғалым: «көрерменнің өткен оқиғалардан алдын-ала таныс болуы (бұл, әдетте, режиссерлік концепциямен әрекеттеседі) және нақты тарихи құжатқа сүйену. Бұл тұрғыда режиссердің фильмдегі тарихи көзқарасы шежірені қайта құруға мүмкіндік береді. Тарихи фильм

хроникалық өткенге құжаттық дәлел бола алатын, шындыққа жанасатын деректілікке ұмтылысымен сипатталды. Барлық деректі фильмдердің осылай жасалатындығы, әсіресе соңғы жылдары теледидарда танымал болған туындылар көз жеткізеді. Әйтсе де, заманауи практикада киноны театр өнерімен сусындатуға деген ұмтылыстан гөрі, коммерциялық экранның репрезентативті стилі көбірек көрініс тауып жаты», — деп жазады зерттеуші (Разлогов, 2018).

Зерттеуші К. Разлогов, сонымен бірге, мелодрамалы фильмдер көркем тілдік ерекшеліктері, әдіс-тәсілдерін сипаттайды, осы жағынан мелодрамалы фильм мен сериалдың айрықша қасиетін салыстыруға, осы жанрлардың өзара ықпалдастығын көруге болады. Мелодрама фильмдері мен сериалдар арасындағы байланысты әр түрлі құралдардан байқаймыз. Психологиялық драмалардың жалпы құрылымында кинопрокат жүйесінің тікелей салдарынан ішкі және сыртқы мелодрамалардың дәйектілігіне қатысты әңгімелеу, әр түрлі баяндау құрылымдарынан құралған фильмдер бейтарап мазмұнмен ерекшеленген. Біздің пайымымызша осы қасиет сериалдарда да көрінінеді. Олар негізгі мазмұнмен байланыс таппаған эпизодтардың сирек жағдайда енуімен байланысты. Көбінесе, осы мақсатта контекстен тыс қайталанатын кадрларды қолдануды атауға болады. Кейде мұндай пролог қарапайым символиканың белгісіндей: өйткені сюжетпен тікелей және айқын байланыстың болмауы әрдайым метафоралық, ассоциативті ойлануды ынталандырады. Осы орайда фильм сюжетінің жалпы әдістерінен, ең алдымен, артқа шегініс жасау әдісін айтуға болады. Әңгімені экранизациялау әдістерінен ең алдымен ретроспекцияны атау ләзім. Ол әртүрлі тәсілдермен енгізіледі. Оның ең қарапайым формасы - бұл титрдағы ескерту. Алайда, кейде көрермен уақыттың оралуын контекст бойынша болжауға мәжбүр. Бірқатар жағдайларда бұрын көрген нәрсені тікелей қайталау есте сақтаудың детерминанты болады; бұл техника әсіресе сериалдарда кеңінен танымал, мұнда ол әртүрлі сериялар арасындағы байланыс қызметін атқарады. Мелодрамалық экранизацияларда эмоционалды әсерге назар аудару мақсатында ең кең тараған тәсіл - жарық пен көлеңкенің (светотень) вариациясы. Бастапқы кезеңдегі кинематографияда, монтаждың аса көп дамымауына байланысты, ритмикалық және монтаждық әсерлер әлдеқайда аз кездеседі, дейді ғалым К. Разлогов.

Сонымен бірге қазақ кинотану ғылымының негізін салушылардың бірі Бауыржан Нөгербектің киноның фольклормен байланысын зерттеуші ретінде сараптаған В.Фоминнің еңбегі назар аударады. Себебі Б.Нөгербектің кітабында алғаш талқыланған бұл мәселе күні бүгінге дейін өз өзектілігін жоғалтпады.

Зерттеуші В. И. Фомин қазақ кинотану өнерінің негізін салушылардың бірі Б. Нөгербектің ғылыми мұрасына баға бере отырып, ғалымның кәсіптік және фольклорлық зерттеулеріне және нео-фольклор тақырыбын салыстырмалы түрде зерттеу мәселесіне тоқталады. Б. Нөгербек фольклордың тағы да басқа көптеген жанрларына тән бейнелеу тәсілдерімен қоса анимациялық кино мен фольклор шығармаларында бейнеленетін уақыт пен кеңістіктің арасында ұқсастық мәселесіне тұңғыш назар аударған (Нөгербек, 2008: 79). Өз зерттеулерінде Б.Нөгербек кәсіби шығармашылықта фольклордың кейбір жасырын қасиеттері бар деген тұжырымға келеді, өйткені кәсіби кинематография фольклор жүйесінің кейбір жеке элементтерін қайталамай, фольклордың жалпы типологиялық принциптері мен функционалды шешімдеріне негізделген. Олар біріншіден, фольклор әлемі кинорежиссерларды шын мәніндегі ұрпақ тізбегінің рухани тәжірибесін жинақтаған тереңдігімен қызықтырды. Екіншіден, фольклор ұлттық дүниетаным белгілерін, ұлттық бірегейліктің бастапқы коды бар ерекшеліктерді жинақтап шоғырландырды. Үшіншіден, фольклор әлеуеті жағынан демократияшыл өнер ретінде ерекшеленді, себебі фольклор шығармашылығының шеберханасында мінсіз көркемдік коммуникация мен таптырмас бұқара халыққа бағытталған ықпалдылық қалыптасты.

Жоғарыда атап өтілгендей фольклорға тән әмбебапты көпшілікке ортақ қасиеттері сипатталса, бұл сапа телесериалдардың да ақпараттық және интегративті функцияларымен тікелей байланысты. Мәселен, фольклорда бейнеленген идеялар мен көріністер, әдетте, қайғылы, қатыгез нәрсені ешбір қабылдамайды. Өмірде қараңғы, қорқынышты, үмітсіз

нәрселерден үнемі аулақ бола отырып, халық шығармашылығы өмірдің қуанышты, оптимистік жақтарын бейнелеуге толық көңіл бөледі. Басым жағдайда қуанышты көңіл күй таңдалады. Өмірдің жағымсыз құбылыстары, оның қиындықтары мен соқпақтарына қарамастан кәсіби туындылар фольклорлық шығармашылық дүниетаным әлеміне енгенде, батыл түрде жағымды жаққа өзгереді. Әсіресе фольклордың мелодрамалы сериалдарға әсері деп кәсіби өнерде жиі қолданылатын бақытты аяқталуды (хэппи эндті) айтуға болады (Нөгербек, 2008: 34).

**II-ші зерттеу бағыты:** *Қазақ кино өнерінің эволюциялық даму сатыларына арналған.* Кейіпкерлердің амплуа топтастырылуын жасауда әр ғалым нақты кезең кинематографиясының типологиялық өзгерулер эволюциясына жүгінеді әрі зерттеулер нысанасын қарастыруда өз мәселесі тұрғысынан келеді. Даму кезеңдері ортақ бола тұра әр ғалым кино өнеріндегі кезеңдестіру мәселесін өз зерттеу нысанымен сабақтастырғады.

Қазақ кинофильмдерінің тарихи даму кезеңдері мәселесіне ғылыми тұрғыдан келген өнертану докторы Б. Нөгербек өз диссертациялық еңбегінде тұңғыш рет қазақ көркемсуретті киносының даму сатыларына мазмұндық көркем сапа тұрғысынан келіп, эволюциялық дамуын үш кезеңге бөле қарастырған. Олар:

- кеңестік тоталитарлық фильм
- тоталитарлық емес фильм
- антитоталитарлық фильмдерге» бөледі (Нөгербек, 2008: 45).

Осы сатылардағы фильмдердің алуан жанрлық түрлерінен сериалдарға жақын тұрған тарихи фильм түрі біздің ерекше назарымызды аударды. Себебі бүгінгі таңда сол кезде шығарылған тарихи кинофильмдерді заманауи кинематографияның тарихи сериалдары жалғастыруда.

Ал киноның даму кезеңдеріне ұлттық бірегейлік мәселесі тұрғысынан келген Г. Әбікеева Қазақстан кино өнерін үш негізгі кезеңге бөледі. Олар: 1960 жылдардың ортасынан 1970 жылдардың басына дейінгі алғашқы даму кезеңі; 1988 жылдан 1991 жылға дейінгі сатыны ғалым «қайта құру» дәуірі деп атап, 1991–2000 жылдардағы тәуелсіздіктің тұңғыш онжылдығы мәдени бірегейлік пен ұлттық өзін-өзі танудың қалыптасуындағы маңызды кезеңнен, тәуелсіздіктің екінші онжылдығындағы саналы мемлекет құру кезеңі, деп анықтама берді. Бұл кезеңдестіруді көре отырып, даму сатыларындағы сериалдардың орнын айқындауға болады. 2000 жылы пайда болған еліміздегі тұңғыш телесериал осы тұтас үдерістің жалғасы болды. Демек, телесериалдың алдын алған кино өнерінің дамуы сериалдың көркем тілдік жүйесін анықтады. Сондықтан кино өнеріндегі жалпы үдеріске қатысты Г. Әбікееваның ғылыми тұжырымдары Қазақстан сериалын зерттеп қарастыруда да аса маңызды. 1964–1972 жылдар аралығында он жылдан сәл аз уақытқа созылған «жылымық» (Г. Әбікееваның енгізген ұғымы) кезеңі кинематографияда ұлттық бірегейліктің қалыптасуының «алғашқы толқынын» құрады. Осы кезеңге дейін кинода негізінен кеңестік стереотиптер мен идеологемалар көрініс тапса, «жылымық» кезеңінде көне мифтер, эпостар мен аңыздар бойынша түсірілімдерде әлемнің ұлттық бейнесін қайта құру арқылы кинода ұлттық бірегейлік идеясы қалыптасып, қазақтың мінез-құлық қасиеттерінің жаңғыртылуы, қазақ батыры бейнесін жасау үдерісінде көрінді. Зерттелген кезеңде бақытты отбасыларды көрсететін фильмдер жоқтың қасы. Негізінен, кеңестік «үлкен бақытты отбасы» идеологемасына қарамастан осы кезеңдегі фильмдерде халықтың ұлттық ерекшелігін жеткізуге тырысу орын алған. Толық емес немесе мүшелері бөлінген отбасылардың қайғылы тағдыры көрсетіледі. Автор бақытсыз, бірлігі жоқ немесе қайғылы түрде ыдырап кеткен отбасының бейнесі бодан жағдайда тұрған этностың күйін айқындайтын көркем метафора есебінде қолданылған дығы басып айтқан (Әбікеева, 2010: 12).

Екінші «қайта құру» дәуірі кезеңінің кинематографиясы бұрынғы кеңестік жүйені жою және жаңа тәуелсіз мемлекет құру қажеттілігі салдарынан саяси мәселелер маңыздылығын жойғандығымен және бастысы — әлеуметтік міндеттермен, тарихи формацияны өзгерту



үдерістерін бейнелеумен айналысқан ұлттық бірегейліктің мәдени мәселелерін көтерумен ерекшеленді.

Еліміздегі кино өнерінің III даму сатысында «Қазақ киносының жаңа толқын» режиссерлері экранға жаңа типтегі қаһармандарды шығарып, көркем бейненің эстетикасын өзгерту жолдарын белгілеп, халықтың тарихи мұраларына бет бұра бастағандығымен ерекшеленді. Осы «қайта құрудың» төрт жылында (1988–1991 жж.) этникалық өзін-өзі сәйкестендіру үдерісі үшін түбегейлі маңызды фильмдер түсірілді. Олар тарихи дәуірдегі өзгерістерді белгіледі. Осы кезеңде басты құндылықтар жүйесі өзгерді. Кейіпкерлер толығымен қоғамдық өмірден алшақ, ал туынды уақиғасы ғибраттық мазмұнмен байланыссыз болуы керек еді. Фильмдерде жаңа кеңестік шындықтан гөрі сол уақыт шындығының сыни бейнесі пайда болғандықтан, кинематографияның эстетикасы мен бет пердесі өзгерді. Бұл кезеңдегі фильмдер ұлттық құндылықтардан гөрі «жағымсыз», ұнамсыз бейнелерге бағышталды. Демек, бұл кезең кеңестік стереотиптерді бұзу үшін қажет болды. «Жылымық» пен «қайта құру» кезеңдері ұлттық кинематографияны дамытудың, халықтың ұлттық бірегейлігі мен этностың өзіндік сана-сезімін оятудың маңызды факторына айналды, деп мәлімдейді Г. Әбікеева (Әбікеева, 2010). Ғалым киноиндустрияның дамуындағы фильмдерді Орталық Азия мен Қазақстандағы кино үдерістердің ерекшеліктерін ұлттық өзіндік сана-сезімді қалыптастыру, мәдени бірегейлік пен ұлттық мемлекет құру көрінісі тұрғысынан талдауға талпынды.

Еліміздегі кинотану ғылымының **III-ші зерттеу бағыты**: бірінші бағытпен астасатын — *экрандағы көркем бейнелерді талдау үдерісі* — зерттеушілермен әдетте кезеңдерге бөле қарастырылады. Экрандағы әйел бейнелерінің өзгерістерін зерттеген А. Машурова кино өнерінің кезеңдерінен әсіресе тарихи фильмдерге ерекше назар аударған. Аталмыш әйел бейнелері жайлы ғалым тұжырымдары тарихи сериалдарда өз жалғасын тапқандығын да айта кеткен жөн (Машурова, 2018). Осы тұрғыда кино дамуының алғашқы кезеңін қарастыра отырып, ғалым бұл кезде пайда болған тарихи фильмнің көркем сапасына мынадай баға береді: «Тарихи фильм өткен шақтағы оқиғаларды экранда нақты тарихи кейіпкерлерді бейнелеумен шектеліп қана қоймайды, сонымен бірге ол өткен уақыттың белгілі бір кезеңінде ойдан шығарылған оқиғалар мен кейіпкерлерді көбейтуді көздеді. КСРО-да тарихи фильм тарихи-революциялық фильм ретінде өзінің ерекше жанрлық категориясын тапты», — деп мәлімдеген (Машурова, 2018: 112).

Тарихи фильмдердегі әйел бейнесі зерттеуші пікірінше уақыт ағымына қарай өзгеріске ұшырайтын категория болып табылады. Сондықтан 1990 жылдары «қазақтың жаңа толқынының» өркендеу кезеңінде фильмдер негізінен қазіргі заманғы өзекті тақырыптарда түсірілді, ал тарихи фильмдер басымдыққа ие болмады. Осыған байланысты «еліміздегі кинематография өнер ретінде жас егемен мемлекеттің рухани ізденістерін бейнелейтін қоғам айнасының бір түріне айналды. Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан киносында «тарихи жанрдағы фильмдерде шын мәнінде жарқын, ауқымды, мәнерлі әйел образдарының жетіспеушілігі сезілді. Әйелдер бейнелері негізінен эпизодтық рөлдермен ұсынылған, сонымен қатар, басым көпшілігі скопофобияға бейімді ерлер бейнелерінің ар жағында жасырын бейнеленгендігін» атап өтеді (Машурова, 2018: 113). Аталған тұжырымдар еліміздің телесериалдарында қалай жалғасын тапқандығын тексеруді қажет етеді. Әрине, сериалдардағы әйел бейнелері аса маңызды образ болғандықтан, оның драматургиясы сол кезеңмен байланысты кино тенденцияларға сәйкес келеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі екі онжылдық ішінде Қазақстан киносы мемлекет тарапынан қаржыландырылды. Соңғы бес жылда жеке бизнес киноиндустрияға белсенді түрде ене бастады. Қарастырылып отырған кезеңнің таңғажайып жетістігі — әлемдік экранда пайда болған және Қазақстан туралы анық жарияланған «Көшпенділер» фильмі. Қазақстандық кинолардың халықаралық кинофестивальдердегі тұрақты жеңістері туралы айтпағанда біздің «Келін» және «Моңғол» фильмдері екі рет Оскардың қысқаша тізіміне енді.

Елімізде түсірілген фильмдердің жартысына жуығы басқа елдермен қатарласа құрылғандығы қазақ киносы дамуының жоғары деңгейін дәлелдей түседі. Мәселен, өнертану

докторы, профессор Г. Әбікееваның (Әбікеева, 2010) диссертациялық еңбегі жаңа ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы Орталық Азия елдері арасында Қазақстанның кино саласындағы жетекші орнын айқындауға мүмкіндік берді. Осы уақытқа дейін қазақстандық кинода экономикалық және саяси тұрғыдан қалыптасқан мемлекеттің имиджін құрайтын қалыптар жүйесінің бар екенін көрсетіп отыр. Г. Әбікеева Қазақстанның ұлттық кинематографиясының дамуындағы шешуші кезеңдер және осы үдерістерді көрсететін негізгі фильмдер анықталды. Осы үдерістің дамуындағы екінші кезеңнің аяғы сериал өнерінің пайда болуымен сәйкес келгенін айта кету керек.

Сериалдардың басты тақырып аясы отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, адамгершілік, әдеп, өмірлік қиындықтар төңірегінде өрбісе мелодрамалық, тарихи фильмдер телесериалдардың қайнар бастауы деп қабылдауға мүмкіндік бар. Осы орайда Орталық Азия кино өнеріндегі ұлттық бірегейлік тұрғысынан зерттелген Г. Әбікееваның және Г. Мурсалимованың диссертациялар тұжырымдары телесериалдың көркем табиғатын түсінуге жетелейді. Г. Әбікеевада «әке», «ана», «бала», «ата», «апа», «үй» категориялары ұлттық дүниетаным координаталары спетті ұлттың заманауи өнер арқылы көрсетілген тұтас әлем картинасын құрайды. Ал Г. Мурсалива зерттеуінде тарихи фильмдердегі әйел бейнесінің эволюциялық жолын шолып өтуі телесериалдарда бұл образдың қаншалықты өзгеріске ұшырайтынымен тантымды бола түседі.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында телесериалдар қарқынды дами бастауымен Орталық Азияның жалпы кинематографиясының пост-отарлау кезеңі тұспа-тұс келді. Осы тұрғыда кинематография қалыптасуына мазмұнды сапалық деңгей тұрғысынан келген Г. Әбікеева Орталық Азияның ұлттық кинематографиясындағы отбасындағы кейіпкерлердің мазмұндық ерекшелігі жағынан өзгеріс динамикасын екі даму сатысына бөледі:

Бірінші кезеңде — бұрынғы метрополияға, яғни Кеңес Одағына наразылық: осы кезеңнің кино туындыларында Кеңес дәуіріндегі қайғылы шындықты айтумен ерекшеленді. Кеңес өкіметінің орнау кезеңі, ұжымдастыру, Ұлы Отан соғысы, сталиндік репрессия жылдарына қатысты көптеген ресми кеңестік идеологияның күшімен жасырылып келген жәйттер осы кезеңнің үздік картиналарында көрініс тапты. Екіншіден, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолында жетпіс жылдық кеңестік кинематографиялық тарихнамадан кейін еліміздің кинематографистері өз елінің ең маңызды тарихы мен белді тұлғалары туралы, сондай-ақ ұлттық тарихтың бетбұрыс кезеңдері жайлы көркем тіл көмегімен мәлімдеуге мүмкіндік алды. Кеңес өкіметінің соңғы жылдарындағы оқиғалар мен көңіл-күй, тоталитарлық жүйемен келіспеушілік пен құлдырау үдерісі айқын бейнеленген кейбір фильмдерде орын алды.

«Қазақстан киносының екінші кезеңге өтуі — дәстүрлі мәдениеттің идеалды көзқарасына оралумен сипатталады», — деп мәлімдейді ғалым. «Жерұйық» іздеу түріндегі ұлттық бірегейлікке талпыныстар елден безу, «жол архетипі» арқылы қарастырылып отырған кезеңнің фильмдерінде жиі кездеседі. Осы кезеңде дәстүрлі (ұлттық) және аралас (яки космополитизм) құндылықтағы мәдениеттерге негізделген туындылардың арасында бәсеке туындайды. Кейбір режиссерлер постмодернистік картиналарды түсірсе, ал басқалары ұлттық дәстүрлі ортаны көрсетуге тырыса бастайды. Біртіндеп «жаңа» Отанның белгісіндей «үй» көркем бейнесі қалыптасады. Егер 1990 жылдардың басында фильмдерде «үй» сезімі кейіпкерлерге беймәлім болса, одан кейінгі фильмдерде белгілі бір ауданның атаулары пайда болып, барлық картиналардың уақиғасы қаладан дәстүрлі кеңістік ауылға ауысқандығын байқатады.

Қазақ телесериалдарда еселі орын алатын отбасы, әйел, ер адам, ата, апа бейнелерінің қалыптасқан амплуаларына талдау жасап баға беру және оны ұлттық кинематографиядағы жалпы үдеріспен салыстырмалы зерттеуде Г. Әбікееваның тұжырымдарындағы бейнелер эволюциясы маңызды рөл атқарады. Ғалым қайта құру кезеңінде уақытсыздық дәуірінің метафорасындай экран құндылықтары өзгергендігіне назап аударады. Бұл кезеңде соғыс пен еңбектің қаһарман аналарын қоғамдық өмірден бейхабар азап шеккен және қорғалмаған әйелдер бейнесі ауыстырды. Отбасы мүддесін өзінен жоғары қойған қорғансыз ана, 1990

жылдарда өзіне сенімді космополит, бәріне күмәнмен қарайтын қала тұрғынына айналып, соңғысы өз кезегінде онжылдықтың соңында дәстүрлі мәдениет өкілімен алмастырылды. Әлеуметтік тұрақсыздық пен жағымды болашақты сезінбеу салдарынан қайта құру кезеңінде толық отбасыларда тұратын бақытты, ұлт болашағының белгісі болатын бала бейнесін кездестірмейміз. Ал 1998 жылдан бастап фильмдерде әйел бейнесі тағы бір өзгерді. Ана «қайта құру» кезеңіндегі тағдыры ауыр жас келіншектің бейнесіне ұласады. Қазіргі картиналарда бұл амплуа әдетте кейуана бейнесі арқылы көрсетіледі, деп түйіндейді Г. Әбікеева (Абикеева, 1998: 156). 1998 жылдан бастап қазақ киносындағы әке бейнесіндегі өзгерістер эволюциясы әкенің жоқтығы, өгей әке, кейінірек «әлсіз әкемен» алмастырылса, тәуелсіздіктің екінші онжылдығында керісінше «жауапкершілігі мықты, нағыз әкенің» пайда болуы қуатты мемлекеттіліктің белгісі ретінде қабылданады.

Тәуелсіздіктің бірінші онжылдығында пайда болған «үй», «отбасы», «туған жер» ұғымдарының ішінде кинематографияда өз ерекшелігін анықтай алған «үй» ұғымының Отанмен «жаңа» мағыналас мазмұн қалыптастырғанын байқатады. 1990 жылдардың басында фильмдерде тұрақты, толыққанды үй сезімі беймәлім болса, кейін бұл бейне фильмдерде ұлттық белгі ретінде нақты аймақ атаулары арқылы пайда болады. Осы кездің кино туындыларында уақиға өтетін орын қаладан дәстүрлі кеңістікке — ауылға көшеді. «Үйдің» бейнесіндегі мағыналар қалыптасқан соң бұл кезең фильмдерінде ұлттық хронотоп (көркемдік уақыт өлшемі) айқындала бастайды. Енді режиссерлер ежелгі өмір салты, халықтың әдет-ғұрыпы мен дәстүріне сүйене отырып, өз фильмдерінде дәстүрлі мәдениетінің ерекше әлемін қалпына келтіре бастады. Міне осы аталған атмосфера әсіресе соңғы он жылда жарық көрген сериалдардан жиі кездестіруге болады. Тіпті сериалдардың жанрлық топтарынан детективтің жанрлық топтарындағы ер бейнесі жоғарыда айтылған тұжырымдарға сай келеді. Оның ержүректігі, парасаты, отбасына және жұмыс орнына адалдығы ер адамның мінсіз бейнесін сомдайтын телесериал кейіпкерлері бүгінгі таңда аса өзекті (Абикеева, 1998).

**IV-ші зерттеу бағыты:** *еліміздегі кино өнерінің стильдік бағыттарын мен кинонарық мәселелерін зерттеу.* Бұл зерттеу бағытындағы еңбектерде әдетте еліміздегі әр түрлі киноның стильдік бағыттарының даму қарқыны мен сапасы сарапталады және арт менеджмент мәселелерімен шектесетін тәуелсіз коммерциялық кинематография, коөнімдер мен креативті ұлт игілігіне жұмыс жасауын теледидар режиссурасы тараптарын зерттеуге арналған.

Мәселен, А. Машурова типологиялық әйел образдарының тарихи киносындағы даму және өзгеру сатыларына көңіл бөледі. Көркем фильмдердің тарихи жанрында әйел бейнесі әлем картинасының ажырамас және маңызды бөлігі болып табылатынын және КСРО-да қабылданған мемлекеттік феминизм саясатына сәйкес келетін әлеуметтік портрет ретінде қалыптастандығын айқындап берді (Машурова, 2018: 112).

Ал зерттеуші С. Б. Нөгербектің сөзі бойынша 2000-шы жылдардан бастап Қазақстандағы кинопроцестегі жалпы ахуал айтарлықтай өзгеруіне байланысты еліміздегі фильмдер стилистикасын көркем плюрализмге балауға болады, себебі қазіргі кинематографияда: «қазақ «жаңа толқынындағы» кинодраматургияның экрандық формасының трансформациясы жас антитоталитарлық, авторлық киноның жаңашыл рухын паш етіп, авторлық және коммерциялық фильмдердің өзара әсерін әйгілеп берді. Жалпы, қазіргі кинопроцесте кеңестік замандағы классикалық кинодан бастап, авторлық, арт-хаустық фильмдер мен қазіргі заманғы сәнді клиптік киноға дейін, түрлі кинематографиялық мектептердің бірге өсіп, өнуі экран драматургияның» келбетін айқындайды (Нөгербек С., 2018: 124).

Осындай бүгінгі қоғамның дәл диагнозын қоюға мүмкіндік беретін, жас режиссерлардың күрделі әлеуметтік мәселелерді, көптеген сауалдардың жауабын іздеуге, зерттеуге мәжбүрлейтін кинематографияның телесериалмен сабақтас бағытының бірі авторлық кино. Қазақстандағы бұл кино бағытының даму үрдісін бақылап талдаған Г. Көбек (Көбек, 2018: 138) осы кинобағыты жаңа буын режиссерлармен түсірілгеніне және

туындылардың мазмұндық ерекшелігіне көңіл аударған. Ғалым тұжырымынша авторлық фильмдерге тән ортақ қасиет: «басым бөлігіне қоғамдағы әділетсіздіктің нәтижелерін ашу» және «әділдікке деген тура жол іздеу тән». Е. Вейцман: «Интеллектуальды кино кең мағынада — нақты шындықты философиялық тұрғыда түсіндіру» деп анықтама берсе еді, осы авторлық кинода да режиссерлар бар болғаны «ақиқаттың өз жеке қабылдауларындағы пәлсапалық тұжырымдарын» ұсынып, нақты шындықтың келбетін тануға жол ашады, олардың шығармашылық ойлары арқылы қоғамның даму бағыты мен әлеуметтің күйін аңғаруға мүмкіндік ашылады. Өз кезегінде авторлық кино жасаушылардың дайын өніміндегі ойлары дербес дүниетаным деңгейін құрайды. Г. Көбек бұл фильмдер тобына көркем сапа тұрғысынан да баға берген: «... ізденіс, тереңдік, ұтымды көркемдік шешімдер. Күрделі тақырыптармен жұмыс жасай білген. Көтеріп отырған сауалдары таңғалыс тудырады. Жас та болса ойлары озық. Шығармашылықтағы кемелдіктің белгілі бір деңгейін алған Эмир Байғазин, Әділхан Ержанов, Жасұлан Пошановтар бүгінгі авторлық кинода өзіндік келбеттері айқындалды», — деді (Көбек, 2018: 139). Авторлардың «Асланның сабақтары» (2013), «Қожайын» (2014), «Шлагбаум» (2015) фильмдері жасаушылары дүниетанымдарының көрсеткіші, деп бағалайды.

Бүгінде қазақ киносының дамуы оның барлық хаостық қозғалыстарымен ерекше қызықты. Мемлекеттік және жеке, коммерциялық және авторлық құқық, кинофильмдер мен теледидар форматы, толық және қысқаметражды фильмдер, фестивальдер мен интернет кеңістігі, студенттер фильмдері — бұлардың бәрі біртекті емес отандық кино кеңістігін құрайтын бөлек белсенді сегменттер. Қазақстан кинотанудың бүгінде дербес бағытын құрайтын қанаты ол киноның стильдік арналарын зерттеу болып отыр.

Кинотанушы Бауыржан Нөгербек «Қазақ көркемсуретті киносындағы экрандық-фольклорлық дәстүрі» («Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино») атты еңбегінде «қазақ жаңа толқынының» бес ерекшелігін айқындады [14, с. 263]. Б.Нөгербектің классификациясына сәйкес тоталитарлық үлгіден тоталитарлық емес және антитоталитарлық үлгідегі — еркін авторлық үлгідегі «әлеуметтік» гуманистік киноға ауысу кезеңімен ерекшеленген:

— деректі кино стилінің басымдылығын қолдану (өмір шынайылығына неғұрлым жақын болу) «жаңа толқын» фильмдерін «қазақ неореализміне» жақындатты;

— деректі стильді ұстанған жас режиссерлердің декорациялардан бас тартуынан, арнайы кинопавильондардан реалистік, өмірге жақын интерьерлерге ауысуы;

— операторлық жұмыстан — субъективті камера әдісін, яғни, оқиғаны кейіпкердің көзімен көрсету тәсілін қолданбауы, қосымша жарық қондырғыларын өте аз мөлшерде қолдануы т.б. көруге болады;

— «жаңа толқынның» қазақ киносы театрлық дәстүрді жоққа шығаруы, кәсіби театр актерлерінен және аға буын режиссерлер фильмдерінде қалыптасқан театрлық дәстүрден, театр сахнасының, театрлық ойнау дәстүрінің өкілдерінен бас тартты. Жас режиссерлер саналы түрде арнайы білімі жоқ әуесқой я болмаса дебютант актерлерді таңдады, типаждарды шақырды. «Жаңа толқын» үшін актердің ойын шеберлігі мүлдем маңызды емес еді;

— бұл бағыттағы кинофильмдердің драматургиядағы жаңа тақырыптардың пайда болуы, мәселен ауылдың жаңа бейнесі, барша негативті тұстарының экранға шығарылуы және заманауи ащы шындықтың көрсетуді (ауылдағы жоқшылық) көздеді. Алайда «Жаңа толқын» режиссерлері тарихи тақырыптарға көп бара қоймайтын, тек, Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі» (1991) фильмі ережеден тыс жағыдайда. Бұл фильмнің тарихи деректілігі, костюмдер қолдануы, кәсіпқой актерлердің қатыстырылуы, павильондар мен жасанды декорацияларда түсірілуі бұл туындыны кеңестік кино дәстүріне жуықтатады. Аталған арт синема кинематографиясының бес ерекшелігі бұл құбылыстың телесериалдардан қаншалықты алшақ екендігін айқындайды. Десек те, Б.Нөгербек атап көрсеткен арт синеманың соңғы қасиеті сериалдар бағытымен ортақ. Көптеген телесериалдар секілді «қазақтың жаңа толқыны» режиссерлерінің туындыларының

(«Киллер», «Шілде», «Қайрат», «Кардиограмма») тақырыбы көкейкесті әлеуметтік проблемаларды көбірек көтеруге тырысқан, естеліктер, сезімдер, жан-дүниенің толғаныстарына құрылған фильмдер болса да, бұл телесериал шығармашылығымен тек сыртқы ықсастық құрайды. Қайткенмен де, көркем тілі күрделі, актер ойынына тәуелді емес, тек режиссердің авторлық ерекше көзқарасына негізделген арт синема туындылары сериалдан бірнеше көш алда және, сөз жоқ, екі құбылыс кино өнерінің екі полюсында тұр.

«Қазақ жаңа толқыны» фильмдерінде жаңа кейіпкер: «әлсіз, өмірлік көзқарастары бойынша пессимист, қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа бармайтын, кісікіік», «үлгі болуға мүлдем тұрмайды, керісінше көрермен тарапынан аяныш, жеркеніш, түсініспеушілік сезімдерін туғызады. Бұл үрдіс «қазақтың жаңа толқыны» режиссерлерінің дәстүрлі кеңестік қоғамға деген наразылығынан туындаған болатын» [Алма Айдар 89 бет], деп түйеді А.Айдар.

Қазіргі жастар киносында арт-синема фильмдерін түсіретін режиссерлердің заманауи тақырыптағы «қоғамдағы өткір әлеуметтік мәселелерді көтеруі», «экрандық өмір барынша шынайылыққа жақындатылуы, көрініс деректілік эстетикасында», демек елдегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік психологиялық көңіл күйін білдіруі оны сериалдардың мазмұны мен көркем тілдік жүйесімен ортақтастырады.

А. Мұратқызы ұлттық кинематографиядағы комедия жанрының субжанрлық топтарын айқындайды. 2000-шы жылдан кейін комедиялық сериалдар өнімінде жалғасын тапқан әзілмен байланысты фильмдердің тұңғыш ұлттық классикалық үлгісі «Ақ раушаннан» (1942, реж. Е.Арон) бастау алып, кейінірек комедия жанрында түсірілген: «Өжет қыз» (1955, реж. П.Боголюбов), «Мазасыз көктем» (1956, реж. А.Медведкин), «Біздің сүйікті дәрігер» (1957, реж. Ш.Айманов), «Жерге қайта оралу» (1959, реж. М.Бегалин), «Ән қанаты» (1961, реж. Ш.Айманов). «Ұлым менің» (1962, реж. Э.Файк), «Алдар Көсе» (1964, реж. Ш.Айманов), «Тақиялы періште» (1968, реж. Ш.Айманов), «Күзет бастығы» (1978, реж. А.Тәжібаев), «Адамды қарсы алындар!» (1984, реж. Л.Сон) картиналары тарихтан ойып өз орнын алды.

Қазақстанның авторлық кино бағытындағы жаңа буын өкілдері алдарына өте өткір әлеуметтік мәселелерді қоя білді. Батыл түрде жауабын іздеген. Көркемдік шешімдер жасаған. Танымдық тұрғыдан баға берген. Жаратылыстың заңдылықтарын түсінуге, түсіндіруге тырысқан. Негізінен коммерциялық мақсатты көздемеген, «күрделі әлеуметтік мәселелерді көтеретін сауалдардың жауабын іздеуге, зерттеуге мәжбүрлеген (138 б.). Жаңа буын режиссерлары да қоғамдағы әділетсіздіктің нәтижелерін аша отырып, әділдікке деген тура жол іздейді». Осы арқылы олар «бүгінгі қоғамның дәл диагнозын қоюға мүмкіндік береді». Бұл бағттың фильмдеріне тән ортақ ерекшелік – ізденіс, тереңдік, ұтымды көркемдік шешімдер, күрделі тақырыптармен жұмыс жасау ( режиссерлер Эмир Байғазин, Әділхан Ержанов, Жасұлан Пошановтар) Демек, бұл зерттеуші Е.Вейцманың пікірінше «Интеллектуальды кино» және оның басты мақсаты — «нақты шындықты философиялық тұрғыда түсіндіру», белгілі бір қоғамның даму бағытын, оның ішкі шындығын, әлеуметтің күйін» аңғартуы режиссерлердің дүниетанымдарының деңгейін айқындайды». Демек, сериал мен авторлық фильмдердің шындықты жетекізу құралдары мен әдіс тәсілдері әр түрлі. Авторлық кино режиссердің жеке философиялық көзқарасын көрсетсе, сериалдарда бұқара халыққа жақын тілмен жеткізеді.

Зерттеуші Т. Қабиева заманауи теледидардың жаңа моделіндегі әлеуметтік-мәдени құндылықтарды еліміздің телекөрермендерінде қалыптастыру жолдарын бағдарламаларындағы режиссердың практикалық қызметіне жүгіне отырып қарастырады (Қабиева, 2020). Теледидар бағдарламаларының құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде адам мен көркемдік ортаның үйлесімді қарым-қатынасын ұйымдастыру ерекшелігінде аудиовизуалды құралдардың, сонымен қатар, телевизиялық бағдарламалардың режиссурасын құруда олардың идеялық, эмоционалдық және ақпараттық мазмұнына ерекше көңіл аудару қажеттілігі назарға алынды. Жаһандық медиа кеңістіктегі бағдарламалық саясаты, қаржыландыру әдістері, ұйымдастырушылық құрылымы әр түрлі моделдердің

меншік формаларына (қоғамдық, мемлекеттік, жеке), тарату типіне (эфирлік, кабельдік, спутниктік) қарай тұлғаны әлеуметтендірілуінде есепке алынуы тиіс. Ғалым қазіргі теледидар бағдарламаларында креативті режиссураның жоқтығына назар аударады. Бұл салада орын алып жатқан клиптік ойлау, скетчтік сипат сияқты тәсілдер теледидар режиссурасының әуел баста театрлық және кинорежиссураға тәуелділігі және компьютерлендірудің орасан зор әсерінен туындағанын атап көрсетеді. Теледидардың бағдарламалық саясаты сөз болғанда автор жетекші медиахолдингтердің саясатын тағы бір сынға алады. Автордың пікірінше көбіне телебағдарламалар «ойын-сауыққа бағытталған, бұл бағыт белгілі өмір сүру стилін, сәйкесінше тұтынудың белгілі стилін қалыптастырады», — деп есептейді. Автор еліміздің телеарналар бағдарламаларының мазмұнын талдау нәтижесінде телеБАҚ құралдарында «дәстүрлі қазақ құндылықтарының тиісті орын иеленбегенін көрсетті» (Kabieva 2019: 271–286), тілге тиек етеді. Ал жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттайтын бағдарламалар ондай мазмұнды құндылыққа ие еместігі атап көрсетіледі. Демек, осы тарауда қазақстандық кинотану ғылымындағы сериал өнерімен сабақтасатын қазіргі кездегі зерттеудің өзекті мәселелерін қарастырылып, тану бағыттары сарапталды. Бұл талдау телесериал өнерінің арнайы зерттеу өзегіне айналмағандығын, сол себепті жан-жақты сараптауды қажет екендігін көрсетті.

### Әдебиет:

1. *Разлогов К. Э.* Кинопроцесс в Евразии: волны взаимодействия и противоречий // «Рухани жаңғыру контекстіндегі заманауи кино өнері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Алматы, 30 сәуір, 2018 ж.). — Алматы: Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2018. — 444 б.

2. *Фомин В. И.* Фольклор и кино: враги или союзники? // «Рухани жаңғыру контекстіндегі заманауи кино өнері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Алматы, 30 сәуір, 2018 ж.). — Алматы: Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2018. — 444 б.

3. *Ногербек Б.* «Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино». — Алматы: «Ruap», 2008.

4. *Абикеева Г. О.* Образ семьи в кинематографе Центральной Азии в контексте формирования культурной идентичности в регионе. 17.00.03 — Диссертация на соискание степени доктора искусствоведения. — Москва: ВГИК им. С. А. Герасимова, 2010. — 319 с.

5. *Машиурова А. А.* Женские образы в игровом кинематографе исторического жанра Казахстана и Центральной Азии. 6D041600 – Искусствоведение. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). — Алматы: КазНАИ им. Т. К. Жургенова, 2018. — 161 с.

6. *Абикеева Г. О.* Новое казахское кино. — Алматы: МКФ Евразия, 1998. — 156 с.

7. *Ногербек С. Б.* Қазақ кинодраматургиясының даму ерекшеліктері (1990–2010 жылдар) // «Рухани жаңғыру контекстіндегі заманауи кино өнері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Алматы, 30 сәуір, 2018 ж.). — Алматы: Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2018. — 444 б.

8. *Көбек Г. Б.* Авторлық кино: жаңа буын режиссерларының дүниетанымы // «Рухани жаңғыру контекстіндегі заманауи кино өнері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Алматы, 30 сәуір, 2018 ж.). — Алматы: Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2018. — 444 б.

9. *Кабиева Т. К.* Режиссура современного телевидения: новая модель формирования социально-культурных ценностей казахстанского телезрителя. 6D040600 – Режиссура. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD):— Алматы: КазНАИ им. Т. К. Жургенова, 2020. — 121 с.

10. *Kabieva T.* Television director's skill in the formation of socio-cultural values of a viewer // *Opcción*, Año 35, ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Regular No.90-2 (2019): 271–286 p.